

С.Ержанова, Ж.Алиева

**ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ
КӨНЕ ТҮРКІЛІК САРЫН**

Алматы, 2014

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

С.Ержанова, Ж.Алиева

**ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ
КӨНЕ ТҮРКІЛІК САРЫН**

Оқу құралы

«Қыздар университеті» баспасы
Алматы, 2014

УДК
ББК
С

*Баспаға Қыздар педагогикалық университетінің
Редакциялық баспа кеңесі мақұлдап ұсынған*

Пікір жазғандар:

А.С. Ісімақова – филология ғылымдарының докторы, профессор

Р.З. Зайкенова - филология ғылымдарының докторы, профессор м.а.

С.Б. Ержанова, Ж.А. Алиева.

С **Ежелгі дәуір әдебиетіндегі көне түркілік сарын: оқу құралы./**

С.Б. Ержанова, Ж.А. Алиева. – Алматы: «Қыздар университеті»
баспасы, 2014. - 157 бет.

ISBN

Оқу құралы халқымыздың әбден көмескі тартқан көне тарихын бүгінгі рухпен сабақтастыруды мақсат етеді. Ел мен жерді сақтар айбар мен намыстың жоқтаушысына айналған айбынды жырлардың бүгінгі поэзиядағы көрінісіне талдау жүргізіледі. Ежелгі дәуір кезеңіндегі жырларды қазіргі поэзияның айқындаушы бағыттарының бірі ретінде қарастырады. Түркілік сарын арқылы ата-бабамыздың қалдырған мұраларының ерекшеліктері мен олардың әдеби туынды ретіндегі көркемдік қуатын бағамдай аламыз.

УДК
ББК

ISBN

С.Б. Ержанова, Ж.А. Алиева., 2014
«Қыздар университеті» баспасы, 2014

Кіріспе

Әдебиет халық тарихының көркем бейнесі екені анық. Сондай-ақ, әдебиет тек қана шынайы өмірдің көркем суретін ғана емес, сөз зергерінің ақылы мен сезімінен туып, адам баласына тән қиял мен арман-мақсаттарды да өнер тілімен өрнектейтіні белгілі. Десек те, көркем әдебиет реалистік негізсіз тумайды. Яғни фольклордан бастап, әдебиет тарихының кез-келген дәуірінде дүниеге келген көркем шығарманың өзегі реализмге, автордың танымын, ой-қиялын, жан сезімін сиқырлы сұлу сөзбен өнер туындысына айналдыра білуіне тәуелді. Сондықтан да әдебиет тарихын қоғамдық өзгерістерден, яғни қоғамдық болмыс пен санадан, сондай-ақ, ақын, жазушы, жалпы туындыларын ауызша да, жазбаша да дүниеге әкеліп, артына сөз қалдырған өнер иесі өмірінен бөліп қарау да мүмкін емес.

Бүгінгі таңда қазақ әдебиетіндегі дәстүр сабақтастығы деген келелі мәселе әлі де зерттей түсуді қажет ететін тақырып. Өмір сүріп отырған қоғамдағы ағартушылық ой-пікірлердің, идеялардың тамырын тереңдету, адамның шығармашылық қызметінің қайталанбас дара құбылыс екендігін түйсіну ғалымдар алдында тарихқа, мәдени мұраға құрметпен қарау, әдеби мұраны жасауға ат салысқан ақын-жазушыларымыздың қызметіне, олардың сіңірген еңбегіне тиісті бағасын беріп, оның қазақ әдебиеті тарихындағы орнын белгілеу міндетін қойып отыр. Бұл орайда, ең алдымен, ұлт әдебиеті өзінің дәстүрлік негізінің терең тамырларынан нәр алып, өркен жаярын ескеру қажет. Әдеби дәстүр өзгеше тұрпатты тарихи, көркем мұра ретінде халықтың мәдени қазынасы, сондай-ақ бүгінгі ұрпақтың ілкі буынның жан дүниесін, рухани әлемін қазіргі заманмен байланыстырар өнегелі сабақтастық екені де анық. Жаңа мәдениет, әдеби дәстүр

мен жаңашылдық тоғысқанда, яғни, халықтың әдеби мұрасын, оның құнды, бағалы жақтарын толық игере білгенде ғана өрістей алатынын әрдайым есте ұстау парыз.

Ұлттық әдебиеттегі түркілік сарын белгілері бүгінгі сөз өнеріне ежелгі әдеби мұралар мен фольклордағы аңыз, миф, эпсана, символдар, ұлттық дүниетанымдағы құндылықтар мен алғыс, бата, тиым сөздер, салт-дәстүр көріністері түрінде жетті. Жалпы әдебиеттігі дәстүрдің бастау бұлақтары XIX ғасырдағы жазба әдебиеттің тууы мен «нәзира» дәстүрі және төл туындылар түрінде жарыққа шыға бастады. Сөйтіп, қазақ поэзиясы ұлттық тіл мәдениетінің, түркілік, кейін келе қазақтық дүниетанымның, тарихи-поэтикалық зерденің көрінісі деңгейінде сөз өнерінде бедерленді. Ал оның көркемдік, эстетикалық сипаты тыңдарман, оқырманның ақылына, сезіміне, көңіліне бірдей әсер беретін дарынды сөз зергерлерінің жан қоштауынан туғаны кәдік. Өйткені нағыз өнер туындысы, оның сыр-сипаты, болмыс бітімі, эстетикалық, экспрессивті-эмоционалдық, көркемдік критерилері сол туындылар авторларының нәр алған рухани бастаулары, әдеби дәстүр мен шығармашылық жаңашылдықтарының үйлесіміне тікелей байланысты.

Түркілік руханият – қазақ поэзиясы бастау бұлағы

Қазақ әдебиеттану, әдебиет тарихы ғылымындағы елеулі еңбектердің ерекшелігі – қазақ әдебиетінің қайнар бастауларына байланыстылығы болса керек. Кеңестік дәуірде әдебиет тарихына байланысты орын алған олқылықтардың орнын толтырып, көне дәуір әдебиетін зерттеп және оның тамыры үзілмеген дәстүр жалғастығын әдебиет тарихындағы дәуірлермен байланыстыра отырып монографиялық тұрғыдан зерттеу жүргізген ғалымдар ғылымда зор ерлік жасады. Кеңестік әдебиеттен көп ұзамаған және қазақ әдебиетінің тарихын Бұқар жырау шығармашылығынан бастауды ұсынған кезеңдерде Б.Кенжебаев бастаған ғалымдар мен оның шәкірттері терең тамырлы қазақ әдебиетінің тарихы мен дәстүрін зерттеуге қыруар тер төкті.

Кеңестік дәуірде ежелгі түркі әдебиетін төл әдебиетіміздің ескерткіштері екендігіне көп ғалымдар күмәнмен қарағаны рас. Ежелгі дәуір әдебиетін зерттеудің өзінің қиындықтары болды, ескіше, шағатайша оқи білу қажеттілігі туындаған болатын. Осынау қиын да күрделі салаға Н.Келімбетов сынды біраз ғалымдар өзінің саналы ғұмырын арнады. Сол қажырлы еңбектің арқасында ғана қазақ мәдениеті түркілік жауһарлардың қазақ халқының да төл мұрасы екендігі әдебиеттің шығармашылық заңдылықтары арқылы анықталып, әдебиет тарихының кейінгі кезеңдерімен типологиялық салыстырулар жүргізіліп, дәлелденді. Сөйтіп, түркілік әдеби ескерткіштер мен қазақ поэзиясының байланысы тарихи жалғастық заңдылығы шеңберінде зерттелді. Мәселен, профессор Н.Келімбетовтың: «Тарихи жалғастық – қоғам дамуының объективті заңдылығы екені мәлім. Мұндай жалғастықтың өзі қоғамда қалыптасқан белгілі бір дәстүрге негізделді. Дәстүр дегеніміз бір ұрпақтан келесі ұрпаққа ұдайы ауысып

отыратын тарихи тұрғыдан қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер. Дәстүр – халықтың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің рухани негізі болып табылады. Мұның өзі көркемдік дәстүр жалғастығына да тікелей қатысты болып келеді. Өйткені әрбір ұрпақ өзінен бұрын ғұмыр кешкен барлық ұрпақтар жасаған рухани мұраны игеріп, оны жаңа қоғамдық-тарихи жағдайға сәйкес жетілдіріп отыруы тиіс» [1, 3], - деген пікірі қазақ әдебиеті тарихын тарихи поэтика шеңберінде зерттеуге қадам жасау деген сөз еді.

Бұл орайда әдебиет өмір шындығының көркем бейнесі десек, әдебиет тарихы да халық тарихымен тығыз байланысты дамитыны басты қағида екенін ескеру керек. Сондықтан, еліміздің рухани өмірінің жарқын көрінісі, елеулі бір саласы ретінде көркем сөз өнері ел тарихымен бірге қалыптасып дамыды. Адам санасы, ой-өрісі мыңдаған жылдар бойы жетілетін тарихи құбылыс екендігін ескерсек, әдебиет адамзат тарихындағы көркем ой жетістіктерінің бірі екендігі даусыз ақиқат.

Қазақ халқының қалыптасуына негіз болған ертедегі темір дәуіріндегі (б.з. д. VI-VII ғ.ғ.) сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпалары, б.з. ертедегі орта ғасырлық мемлекеттер тұсындағы қарлұқ, оғыз, қимақ тайпалары, дамыған орта ғасырлық мемлекеттер кезіндегі наймандар, керейіттер, жалайырлар, қыпшақтар тарихы мыңдаған жылдарға созылғандығын назарға алсақ, қазақ әдебиетінің тарихы да бұрынғы кеңес кезіндегідей XV ғасырдан емес, одан арғы дәуірден - көне заманнан басталады. Сол себепті ұлттық әдебиет тарихының негізгі мәселелерінің бірі дәуірлеу болып табылады. Себебі Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін екі мың жылға жуық тарихы бар қазақ әдебиетінің бүкіл елімізге ортақ дәуірлеу мәселесі қолға алынбаған еді. Бұл проблемаларға байланысты тоталитарлық жүйенің өзге ұлттардың тарихының даму процесін кеңестік тарихпен ғана байланыстырған біржақты ұстанымдарына

қазіргі тәуелсіздік талаптары тұрғысынан батыл тойтарыс бере отырып, қазақ әдебиетінің көне заманнан бүгінгі күнге дейін дамуының өзіндік ерекшеліктерін есепке алу негізінде әдебиет дамуының кезеңдерін халықтың жалпы тарихи даму процесін дәуірлеуден бөлек алып қарауға болмайды. Қазақстан аумағындағы феодалдық мемлекет кезеңі VI ғасырдан басталып, XX ғасырға дейін созылған ұзақ мерзімді қамтыды. Қазақ әдебиеті тарихының өткен дәуірлері де осы қоғамдық құрылыстың негізгі даму кезеңдері - қалыптасуы мен нығаюы, дамып өркендеуі, дағдарысы мен тоқырауы, қайта дамып күшеюі, ең соңында, құлап ыдырауы сияқты тарихи жолдарына сәйкес келеді және де өз кезеңдері бойынша осы қоғамдық даму процесінің ерекшеліктеріне толыққанды сипаттама жасайды.

Қазақ әдебиетінің жүздеген ғасырлар бойғы дамуының әр тарихи дәуірлерін бажайлағанда әр кезеңді бір-бірінен даралап тұратын өзіне тән белгілері мен қасиеттерін, жанрлық, көркемдік ерекшеліктерін анықтап алу қажет. «Ежелгі дәуір және орта ғасырлардағы әдебиет» [2] ұжымдық монографиясында қазақ әдебиетінің көне заманнан XI ғасырға дейінгі аралықты қамтыған кезеңі көне дәуір, ал XII ғасырдан бастап, Қазақ хандығы құрылған XV ғасырға дейінгі кезең орта ғасыр кезеңі деп аталады. Көне дәуірдегі түркі жазба әдеби ескерткіштеріне сақ-ғұн дәуіріндегі әдебиет туындылары, түркі және қытай халықтарына ортақ мәдени мұралар, Иран мен Тұран әлеміне ортақ әдеби шығармалар, түркі-моңғол бірлігі заманындағы әдеби мұралар, көне түркі әдебиетіне жататын Орхон-Енисей руна жазба ескерткіштері, оғыз-қыпшақ дәуіріндегі әдебиет мұралары - «Қорқыт ата кітабы», құмандардың «Кодекс Куманикус» жазба туындысы, «Оғызнама» дастаны, Қарахандықтар тұсындағы әдебиеттің көрнекті өкілдері Жүсіп

Баласағұнның «Құтты білік» («Құт әкелетін білім») еңбегі, Махмұд Қашқаридің «Диуани луғат-ит-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») кітабындағы аңыздар мен әпсаналар, әдеби-поэтикалық үзінділер енеді. Бұл шығармалардың барлығын дерлік түркі халықтарының ортақ рухани байлығы деп бағалаған жөн. XI-XII ғасырлар түркі халықтарының жазба әдебиетінің туып, қалыптасуымен байланысты болса, әрі бұл аралық кезең қазақ халқының қалыптасуы алдындағы дайындық кезең болғандығын да ескеру керек.

Біздің заманымызға дейін сақталып жеткен көне түркі әдебиетінің жазба ескерткіштерін көрнекті түркітанушы ғалым Х.Көроғлы шартты түрде екі топқа бөліп көрсетеді: руна жазуымен бедерленген тарихи-эпикалық туындылар және көне соғды жазуына барып тірелетін ұйғыр жазуы пайдаланылған этикалық-дидактикалық шығармалар [3, 19]. Түркілер ислам дінін қабылдағаннан кейін X ғасырлардан бастап, көне түркі әдебиетіндегі ұйғыр жазуы біртіндеп ығыстырылып, араб жазуы кеңінен қолданысқа енді.

Руна жазуындағы тарихи-эпикалық түркі жазба ескерткіштерінің ең көне үлгілері түркі халықтары тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткерлері, ержүрек қолбасшы Күлтегін туралы Кіші және Үлкен жазулар, Шығыс түркі қағанатының атақты қағандарының бірі Білге қаған туралы және оның кеңесшісі әрі әскер басы Тоныкөкті мадақтауға арналған жазулар Солтүстік Монғолиядағы Орхон өзенінің бойынан табылғандықтан «Орхон жазба әдеби ескерткіштері», ал Енисей өзені бойынан табылған жазулар «Енисей жазба ескерткіштері» деп аталады. Көне түркі әдебиетінің бұл көне үлгілері құлпытастарға қашап жазылғандықтан руна жазулары деген атқа ие болған.

Күлтегін және Тоныкөк жазба ескерткіштерінде түркі қағанаты құрыла бастаған кезден VIII ғасырдың басына дейінгі тарихи оқиғалар әңгімеленеді. Шығыс түркі қағанатының құрылуы мен нығаюы, түркі халқының Қытай билеушілер құлдығынан құтылуы, қаһарман қолбасшы Күлтегін мен басқа қағандардың, қағанның дана кеңесшісі әрі әскербасы Тоныкөктің сыртқы жауға қарсы әскери жорықтары баяндалады. Халық қошеметіне бөленген батырлар мен қағандарды дәріптеу, олардың ерлік істерін қаһармандықтың үлкен өлшемі ретінде мадақтау - Орхон ескерткіштеріне тән басты белгілер. Жазулардағы мәтіндер ел билеушілері мен халықты ата-бабаның арман-мұратына адал болуға, мемлекет басқарған қағандармен ауыз бірлікте болуға, елдікке, адамгершілікке шақырады, түркі мемлекетінің беріктігі мен біртұтастығын өзекті идея етеді. Орхон жазба әдеби ескерткіштері көне заманда Орталық және Орта Азия мен Оңтүстік Сібірді қамтыған ұланғайыр аумақта түркі тілдес халықтардың барлығына ортақ кең тараған әдеби тілі мен дамыған жазба әдебиеті болғандығын толық дәлелдейді. Көрнекті түркітанушы-ғалым И.В.Стеблева сөзімен айтсақ: «Күлтегін мен Тоныкөк жазуларын жанрлық жағынан тарихи-батырлық поэмаларға жатқызуға болады ғой деп ойлаймыз. Жазуларға патетиканың, замандастар мен ұрпақтарына үндеудің мол болуы оларға ұтымды күш пен нанымдылық беріп тұрады» [4, 13]. Ғалымның Орхон жазуларын әдеби көркем туынды ретінде қарау жөніндегі бұл пікірін құптау керек. Себебі, Күлтегін және Тоныкөк жазба ескерткіштеріндегі теңеу, эпитет, гипербола сияқты көркемдік бейнелеу құралдары мен мақал-мәтелдер бұл жазулардың көркем шығарма екендігін айғақтай түседі. Екінші жағынан алғанда бұл жазуларда өмір шындығын тарихи оқиғалар негізінде баяндаумен қатар әсірелеп

суреттеп, тарихи-көркем шығармаға ыңғайлы етіп жазу анық байқалады.

VIII-IX ғасырларда Түркі қағанаты дәуірінде оғыз-қыпшақ тайпаларына ортақ тілде жазылған ерлік эпостары - «Қорқыт ата кітабы» мен «Оғызнаме» дастаны сол замандағы қазақ ұлыстарының өмір шындығын бейнелеумен ерекшеленеді.

Қарахан мемлекеті тұсындағы немесе ислам дәуірі (X-XII ғ.) деп аталатын тарихи кезеңді түркі халықтарының қоғамдық-мәдени даму тарихындағы қайта өркендеу дәуірі деуге болады. Әл-Фарабидің «Риторика», «Поэзия өнері туралы», Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы»), Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі», Қожа Ахмет Иасауидің «Диуани хикметі» («Ақыл кітабы»), Сүлеймен Бақырғанидің «Бақырғани кітабы» және т.б. осы дәуірдің зор жетістігі болып табылады. Бұл туындылар Орта ғасырдағы түркі жазба әдебиетінің өркендеп, ілгері дамуына өлшеусіз үлес қосты.

XIII-XV ғасырларда Дешті Қыпшақ даласында авторлық ауыз әдебиеті суырып салып өлең шығару, ауызша орындау және ауыздан-ауызға берілу түрінде дамып өркендеді. Оның басты ерекшеліктері ретінде авторының болуын, мәтінінің біршама тұрақтылығы мен мазмұнының нақтылығын, шығарманың адресаты - арналған адамның болуын, сондай-ақ шығарма стилінде автордың даралығының болуын, оның өзінің «менін» көрсетіп отыруын атау керек.

Бізге жеткен авторлық поэзияның ең ертедегі үлгісі XIII-XV ғасырларға жатады. Бұл - «Ұлық жыршы» атанған Кетбұға (XIII ғ.) жырларының үзінділері. Олардың өмірбаяндары мен шығармашылықтары туралы деректер өте жұтаң және негізінен аңыз күйінде жеткен. Мазмұны мен жанры жағынан әр түрлі мәтіндер сол дәуірдегі Алтын

Орда қоғамының рухани өмірінде ақындар мен жыраулар басым болғанын дәлелдейді.

Ең әуелде олар отбасындағы өлеңші болып дамыған, содан соң ру ішіндегі жыршы сарбаз ретінде танылып, отбасылық-тұрмыстық, қоғамдық маңыздағы тақырыптарда суырып салып өлең шығаратын бүкіл елге белгілі жыр жүйірігі дәрежесіне көтерілген. Олар ақын атағын бірнеше айтысқа қатысып барып, әйгілі ақындардың бірін жеңгеннен кейін ғана ақын атағына ие болған. Сонымен қатар ақындар әскери жорықтарға да, қоғамдық істерге де қатысумен бірге салт-дәстүрлердің тамаша білгірлері ретінде адам өмірінің маңызды кезеңдеріне байланысты әр түрлі ырымдар мен әдет-ғұрыптар атқарған, ел тарихындағы маңызды оқиғалар мен атақты адамдар және т.б. туралы жырлар шығарған. Мұндай туындылар арасында мадақ арнаулар да, әскери үндеулер де, жоқтаулар мен толғаулар да және т.б. суырып салма жыр үлгілері болған.

Осындай естірту жырының бірі - Шыңғыс хан заманында өмір сүрген Кетбұға ақынның жыры. Жыр мәтінінің үзінділерін XIII ғасырда араб тарихшысы Ибн әл-Асир жазып алған. Ол ұлық жыршы Кетбұға мен ұлы билеуші Шыңғыс хан арасындағы өлең диалогы түрінде берілген.

Бұл жолдардан үлкен көркемдік іздері аңғарылады. Қайғылы оқиға тура айтылмай, астарланып, айшықталып жеткізіледі. Қаза тапқан кейіпкер де бейнелі түрде суреттеліп, «терек», «кұлын», «аққу» деп аталады. Ал ұлынан айырылған адамның жай-күйі дәл беріліп, психологиялық параллелизм, метафоралар, эпитеттер мен теңеулер арқылы сипатталады. Мұнда автордың да, мезгілсіз қаза тапқан кейіпкердің де, қайғы жұтқан әкенің де көркем бейнелері бар. Лирикалық психологизм белгілері де айқын көрінеді. Осының бәрі келтірілген

мәтінді жеке шығармашылық туындысы ретінде қарастырады.

Бір ғажабы, бұл жыр көп өзгермеген және неғұрлым толық күйінде Жезқазған облысы қазақтарының арасында қазіргі кезге дейін айтылып келеді, олар өздерінің ата-тегін нақ Кетбұғаға апарып тірейді және оны жоғарыда айтылған жырдың авторы деп санайды. Кетбұға есімі өз кезінің беделді биі ретінде ХҮ-ХҮІ ғасырларда өмір сүрген атақты жырау Доспамбет шығармаларында да кездеседі («Кетбұғадай билерден кеңес сұрар күн қайда?!»).

Дешті Қыпшақ даласының әйгілі ақындарының бірі болған Қотан шежірелік аңыздарға сәйкес арғын тайпасының негізін қалаушы болып табылады, ал екінші бір деректер бойынша Қотан (Қодан, Кодон, Кодян) - половец-қыпшақ хандарының бірі (Мадиярлардың Венгрияға қоныс аударуын басқарған жетекшілерінің бірі де Котян деп аталған).

Қотан шығармаларының бірнеше жолы ғана сақталған, ол оның ұлы Ақжолдың (бір нұсқада Дайырқожа) қарақыпшақ Қобыланды батырдың қолынан қаза табуына байланысты шығарылған жоқтау өлеңінің үзіндісі табылды.

Жырда қайғы үстіндегі қарт әкенің ұлын «құлыным» деп жоқтаған зарлы үні, бір сәтте өне бойын жайлаған қасірет пен өкініш, аяныш пен өзін кінәлаған жай-күйі терең сезіммен берілген.

Ақжолдың (Дайырқожа) Әбілқайыр хан тұсында барлық даулы мәселелерді әділ шешкені үшін Ақжол атанып, атақты би болғаны мәлім. Ол 1456 жылы өлген. Егер оның әкесі сол кезде тоқсанға таянғанын ескерсек, Қотан ақын 1370 жылдарда туған деп жорамалдауға болады.

XIII-XIV ғасырларда Дешті Қыпшақтың әйгілі жыршыларының бірі - Сыпыра жырау Сұрғантайұлы өмір сүрді. Ауыз әдебиеті дәстүрі біздің заманымызға Сыпыра жыраудың қиын кезеңде өзінен ақыл-кеңес сұраған Алтын Орданың сол кездегі билеушілеріне арнаған бірнеше толғау-монологын жеткізді. Бұл толғау-монологтарда жырау билеушінің өзін, оның ата-бабалары мен төңірегіндегілерді сипаттап, қалыптасқан жағдайға баға берген, болашақты болжап, содан кейін ақыл-кеңесін айтқан. Оның қиын жағдайда өзінен көмек сұрап, хандармен жауласқан батырларды бітістіру мақсатында жырлаған толғаулары белгілі. Бұл толғаулар Сыпыра жыраудың негізінен мәңгілік жыршы және бітістіруші болғандығын дәлелдейді. Сыпыраның Едіге туралы эпоста бейнеленген Тоқтамыс ханға арнаған өлеңі оның толғауының классикалық үлгісі болып табылады. Арнау жырда Сыпыра жырау алдымен өзін таныстырған соң өзінің Тоқтамыстың сегіз атасын, соның ішінде Шыңғыс ханды да көріп-білгенін айтады, олардың әрқайсысына тиісінше мінездеме береді. Содан кейін Едігенің Тоқтамыстан қашуы кездейсоқ емес екендігін, оның Темірмен одақ құрып, қайта келіп соғыс ашуы мүмкін екендігін жырлайды. Сонымен бірге жырау Тоқтамыстың күйзеліске ұшыраған ұлысы мен тұтқынға түскен қыздары мен әйелдерінің тағдырын әдемі суреттейді. Бұған жол бермеу үшін Сыпыра жырау Тоқтамысқа Едігеге елші жіберіп, онымен татуласуға, ал сонан соң оны алдап өлтіруге кеңес береді.

Сыпыра жыраудың толғауы нақты ақындық сипаттамалар мен бейнелі сөздерге толы. Жырау Едіге жүріп өтуге тиісті жерлерді айшықты суреттеп, тарихи тұлғаларға бейнелі анықтамалар береді. Тоқтамыстың алдында айтылған бұл толғау Сыпыра жырау өміріндегі соңғы толғау болды және шамамен 1390 жылы айтылған.

Егер аңызға сүйенсек, сол кезде жырау 180 жаста болған, яғни Сыпыра жырау шамамен 1210 жылы туған деп санауға негіз бар. Бұл оның өзі айтқандай Шыңғыс ханды шынында да көріп-білген деген сөз.

Алтын Орда дәуірі тек қана қиратып-күйретумен ғана емес, сонымен қатар қалалардың өсуімен, сыртқы саяси және сауда қызметінің жандануымен, жазу-сызу мен әдебиеттің дамуымен сипатталады. Бұрынғы мәдени дәстүрлер қайта түлеп, Солтүстік Кавказды қоса алғанда, Дешті Қыпшақтың, Орта Азия мен Еділ бойындағы барлық этникалық топтарға ортақ жаңа мәдениет қалыптасты. Бұл кезеңде ресми монғол-қыпшақ қос тілділігі орын алғанымен қыпшақ тілі анағұрлым кең тарады. Араб және парсы тілдері де кең қолданылды. Алтын Орда мен мәмлүктік Мысырда көркем әдебиеттің басым бөлігі қыпшақ тілінде жасалды.

Ең елеулі әдеби шығармаларды негізінен сарай төңірегіндегі талантты ақындар жазған, олар әдетте мемлекеттік қызметте немесе билеушілер жанында болып, өз туындыларын көбінесе билеушілерге арнаған не оларға сыйға тартып отырған.

Алтын Орда дәуірінде (XIII-XV ғғ.) Қыпшақ даласындағы түркі халықтарының әдебиеті мүлдем жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Сол кезеңде жасалған туындылар арасында «Кодекс Куманикус» сияқты авторы беймәлім ескерткіштерді, сондай-ақ Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Құтбтың «Хұсрау-Шырын», Сәйф Сарайдың «Гүлистан би-т-түрки», Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха», Рабғузидің «Қиссас-ул әнбия» атты шығармаларын және т.б. ерекше атап көрсетуге болады.

«Кодекс Куманикус» (XIV ғ.) - Жоңғар қақпасынан Дунайға дейінгі ұлан-байтақ жерді қамтыған қыпшақтар үстемдігі кезінде туған еңбек. Оған көркем әдебиеттің үлгілері де енгізілген. Мазмұны мен құрылымы жағынан

бұл еңбек - Ордаға түрлі мақсаттармен келген және латынша білетін европалықтарға, сондай-ақ, латынша білгісі келген қыпшақтарға (парсыларға да) арналған арнайы сөздік және қыпшақ тілінің оқулығы іспетті. Сөздік екі бөлімнен тұрады. Түркітанушылардың пайымдауынша, оларды түрлі мақсаттар көздеген бірнеше автор жазған. Италияндықтар жазған болуы мүмкін деген бірінші бөлім жақсы ойластырылған үш тілді латын-парсы-қыпшақ (құман) сөздігі болып табылады. Бұл бөлім қолжазбаның 110 бетін қамтиды.

Одан әрі бірнеше бетте «audio» («есіту») сөзінің бірнеше түрі берілген. Мұның өзі сөздікті лексикография принциптерін жақсы білген және Дешті Қыпшаққа келіп, тіл жөнінен қиналған адамдарға көмек көрсету мақсатын ғана көздеген адам құрастырғанын байқатады. Ғалымдардың пікірінше, бірінші бөлімді құрастырушы латыншаны өте жақсы білген, ал құман-қыпшақ тілі жөнінде бұлай деп айтуға болмайды.

«Кодекс Куманикустың» екінші бөлімін негізінен алғанда фольклорлық материалдар құрайды. Олар: жергілікті ертегілер, аңыздар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар және христиан уағыздары мен Мария ананың, Христос пен оның апостолдарының өмірі туралы аңыздар. Бөлім қолжазбаның 161 бетін қамтиды, оны тегінде миссионерлік мақсатпен немістер құрастырған болса керек. Бұл бөлімде көптеген сөздер құман-неміс тілінде, ал өзге лексикалық ұғымдар құман-латын тілінде берілген. Мысал ретінде келтірілген мәтіндер, сондай-ақ сөздер сол кездің тілін ғана емес, сонымен қатар Дешті Қыпшақтың көркемдік мәдениетін де сипаттайды. Сөздер мен сөз тіркестерін айтпағанның өзінде, көптеген жұмбақтар, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер мен қанатты сөздер қазіргі қазақ тілі мен фольклорында сақталған.

XIV ғасырдың басында Насреддин Рабғузидің халық арасында «Қиссас ул-әнбия» деген атпен көбірек мәлім «Қисса-и Рабғузи» деген қолжазба кітабы пайда болды. Қолжазба ғасырлар бойы бірнеше рет көшіріліп, көптеген көшірме нұсқалары көптеген елдерге тарады. XV ғасырға жататын ең ерте нұсқасы Британ мұражайында сақтаулы. Ол 1990-1991 жылдары Ташкентте басып шығарылды. Автор Мауараннахрда, Рабати Оғыз деген жерде туған (оның Рабғузи деген бүркеншік аты да содан шыққан).

Кітап Мұхаммедке дейінгі пайғамбарлардың өмірі мен олардың бастан кешкен оқиғаларын және Мұхаммедтің өзі мен мұсылман халифтарының өмірін баяндауға арналған. Онда дүниенің жаралуы туралы, жер жүзін топан су басуы туралы және Жер бетінде жаңа тіршіліктің басталуы туралы мифологиялық әңгімелер, түрлі аңыздар, ертегілер мен мысал әңгімелер бар. Жекелеген хикаялар ерте орта ғасырлардағы тарихи оқиғаларға, мысалы, ат-Табари «Тарихына» барып тіреледі.

«Қисса-и Рабғузиге» енгізілген шығармаларды идеялық-тақырыптық мазмұны бойынша үш топқа бөлуге болады: а) дүниенің, аспанның, жердің пайда болуы туралы, адамның, жануарлардың, жын-шайтандардың және басқа да тіршілік иелерінің шығуы туралы әңгімелер; ә) пайғамбарлар мен халифтар, әулиелердің өмірі туралы хикаялар, шығыс нақылдары, халық аңыздары мен ертегілері; б) хижраның алғашқы он жылындағы негізгі оқиғалар тізбегі, жылдардың, айлар мен күндердің атаулары туралы, мұсылман күнтізбесіндегі айтулы күндер туралы мәліметтер. Осылардың бәрі ислам діні тұрғысынан баяндалады. Бірақ мұнда халықтың дүниетанымы мен кейіпкерлерді фольклорлық дәріптеу айқын байқалады. «Қиссас ул-әнбия» құран сюжеттерін, уағыздары мен сүрелерін баяндап беретін танымал

прозалық шығарма ғана емес, онда автордың үлкен дарын иесі екенін дәлелдейтін дидактикалық әңгімелер мен өлеңдер көп. Бұл ретте Жүсіп пен Зылиха туралы хикаяттағы махаббат сипатындағы өлең жолдары ерекше назар аударарлық. Ал құран хикаялары мен аңыздарының сюжеттері адамдарға түсінікті, тартымды да қарапайым тілмен баяндалған. Олардың діни ғана емес, танымдық мағынасы да зор, оларда өмір шындығы мен уақыт белгілері көрініс тапқан. Кітапта түркі халықтарының ғана емес, хикаяттарда айтылатын басқа халықтардың да әдет-ғұрыптары туралы мәліметтер бар.

Алтын Орда дәуіріне жататын елеулі шығармалардың бірі - «Хұсрау-Шырын» дастаны, оның авторы - шыққан тегі қыпшақ Құтб ақын. Ақын өмірі туралы толық мәліметтер жоқ. Оның 1330-1340 жылдарда Ақ Орданың астанасы - Сығанақ қаласында туып, өз дастанын сонда жазғаны, бұл туындысын билеуші Тыныбек пен оның әйелі Мәлике ханымға арнағаны мәлім. Автор дастанының түпнұсқасын билеушіге тарту еткен болуы мүмкін, өйткені ақын билеушіден өзін қызметке қабылдауды өтінгенде әмірші Құтбтың тілегін орындаған. Алайда Тыныбек елді ұзақ билеген жоқ, кейбір деректер бойынша - 1337 жылдардан 1340 жылға дейін, басқа деректерге қарағанда 1342 жылғы наурыздан 1343 жылдың басына дейін ғана билік еткен. Сарай төңкерісі нәтижесінде Тыныбекті өз інісі Жәнібек өлтірген, ал Құтбтың одан арғы тағдыры туралы деректер жоқ.

Негізінен Құтб өз дастанын 1341-1342 жылдарда жазып бітірген. Қолжазбаның бірнеше көшірмесі болса керек. Дастанның бір көшірмесін қыпшақ ақыны Берке Факих (Берке ибн Беракез ибн Едгу Қыпшақи) Мысырға алып кетіп, онда 1383 жылы өзінің туысы Құттықожаның өтінуімен дастанды қайта көшіріп жазған, бұл қолжазба қазір Париждің ұлттық кітапханасында 312-нөмірмен

сақтаулы. Оның Парижге қалай жеткізілгені жұмбақ күйінде қалып отыр. Алеппода (Александрияда) болған қолжазбаның Наполеон экспедициясының Солтүстік Африкаға жорықтары кезінде әкетілген болуы әбден мүмкін. Ғалымдар XX ғасырда нақ осы қолжазбаны ғылыми айналымға енгізді және ол қазір де зерттелуде.

Құтбтың «Хұсрау-Шырын» дастаны Низамидің осы аттас дастанының сарыны бойынша назира үлгісінде жазылған. Құтб Низами поэмасының бүкіл желісін сақтап, негізгі эпизодтары мен басты кейіпкерлерін өзгеріссіз қалдырған. Низами сияқты ол да өз дастанында шексіз таза махаббат пен мінсіз билеуші тақырыптарын өрбітеді. Екі тақырып та шексіз берілген махаббат - адам мен қоғамның жетілуіне бастайтын негізгі кілт, махаббат - адамды тазартып, оған ізгілік беріп қана қоймай, оны өзгертетін де сезім деген идеяға сүйенеді.

Әділ билеуші және мінсіз (ізгі) қоғам идеясы халықтың утопиялық хикаяларында және Ибн Сина, әл-Фараби мен басқа да ойшылдардың ғылыми трактаттарында ежелден сөз болып келген болатын. Ол Фирдоусиде, Құл Ғалиде, Низамиде көркем көрініс тапты. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны Құтб үшін тікелей дерек көзі болды, сондықтан да екі ақында мінсіз билеуші мен әділетті қоғам тұжырымдамасы үндесіп жатады. Құтб пен Баласағұндың ойларына, халықты дана әрі әділ адам басқаруға тиіс, ол ең алдымен халықтың игілігін ойлап, өз маңындағы адамдарға, ұлықтар мен шенеуніктерге қатаң бақылау жүргізуге және қиянат жасағаны үшін оларды аяусыз жазалауға міндетті. Егер әмірші мұндай болмаса, ол ел қарғысына ұшырайды.

Құтб «Хұсрау-Шырын» сюжетін көркемдік жағынан дамытуда Низамиді барлық жағынан қайталамайды. Құтб кейіпкерлердің диалогтарын қысқаша береді, сондай-ақ ирандық өмір шындығын түркілік тұрмыс сипатымен

ауыстырады: сасанид билеушілерінің емес, Алтын Орда хандарының өмірі мен тұрмысын көрсетеді, Дешті Қыпшақ табиғатын суреттейді. Құтб өз кейіпкерлерінің, әсіресе әйел кейіпкерлердің бейнелерін әйелдердің өмірдегі ролін түркілік түсінікке, Алтын Орда дәуіріндегі әйелдердің нақты қоғамдық жағдайына сәйкес бейнелейді.

Хорезми Равандидің «Мұхаббат-наме» атты лирикалық поэмасы XIV ғасырдағы көркем әдебиеттің тамаша үлгісі болып табылады. Оның авторы мен поэманың жазылу тарихы туралы мәліметтер туындының өзінде бар. Онда Хорезмидің көп саяхат жасағаны, Рум (Византия) мен Шамда (Сирия) болғаны және «Мұхаббат-намені» Ақ Ордада тұрған кезінде Сырдария жағасында 754 жылы (хижра бойынша), яғни 1353-1354 жылдарда бітіргені айтылады. Автордың өзі жазғандай, поэма қоңырат бегі Мұхамедқожаның өтініші бойынша жазылған. Ол 1342 жылы ағасы Тыныбекті өлтіріп, төңкеріс жасау барысында таққа келген Жәнібек ханның туысы. Жәнібек елді 1342-1357 жылдары билеген.

Біздің заманымызға дейін жеткен Хорезми қолжазбалары көшірмелер болып табылады. Зерттеушілер кейінгі кезге дейін «Мұхаббат-наменің» екі көшірмесі сақталған деп санап келді: бірі - араб, екіншісі ұйғыр қарпімен жазылған, екеуі де Британ мұражайында сақтаулы. Алайда түрік ғалымдарының жинақтаушы еңбегінде «Мұхаббат-наменің» Стамбул кітапханасында тағы да екі көшірмесі бар екені айтылады [6, 239].

«Мұхаббат-наме» - орта ғасырлардағы түркі әдебиетіндегі түрі мен мазмұны жағынан жаңа үлгідегі туынды. Ол ғашық жігіттің өз сүйіктісіне жолдаған хаттары түрінде жазылған. Поэма бірнеше бөліктен тұрады: күдіреті күшті жаратушыға жүгіну, поэмаға тапсырыс берген Мұхамедқожа бекті мадақтау, сүйіспеншілік өлең хаттары, рақым жасауды өтініп,

құдайға қайта жалбарыну, өзін-өзі сипаттау және өзі туралы әңгімелеу. Сүйіспеншілік хаттар мен жекелеген бөліктер арасында автордың тыңдаушылар мен шарап құюшыларға арналған сөздері беріледі. Поэманың мазмұны таза махаббатқа құрылған. Лирикалық кейіпкер 11 өлең хат жолдайды, оларда өз сүйіктісін көркем суреттеп, оған өзінің ғашықтық сезімін білдіреді, оның сырт келбетін бейнелеп, мінез-құлқын сипаттайды.

Хорезмидің «Мұхаббат-наме» поэмасы Дешті Қыпшақтың рухани мәдениетінде қарапайым адамның жоғары сезімін жырлайтын жаңа әдебиеттің негізі қаланғандығын айшықтады.

Жалпы алғанда, көне түркі және орта ғасырлар әдебиеті бүкіл түркі тілдес халықтардың ортақ әдебиеті қызметін атқарды. Қарахандықтар тұсындағы әдебиеттен бастап түркі нәсілді халықтар түркі поэзиясының ежелден қалыптасқан өлең үлгілерін, жыр нұсқаларын ортақ пайдаланды. XII ғасырдағы сопылық поэзияның негізін салған Қожа Ахмет Йасауидің «Диуани хикметіндегі» ақындық дәстүр өрнектері одан кейінгі Қазақ хандығы тұсындағы әдебиетте жалғасын тауып, XVI ғасырдағы Бабыр жырларымен сабақтасты. Сол сияқты XI ғасырда өмір сүрген көрнекті түркі ақыны, ойшылы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» жыр өлшемі Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» жинағындағы бәйіттерге түр жағынан ғана емес, мазмұн мен идея жағынан да үндесіп, жалғасып жатты. Сөйтіп, Орта ғасырлардағы әдебиет туындыларынан түркі поэзиясының ортақ дәстүр бойынша дамып, ұлт әдебиетіне ұласқанын көреміз. Міне осы айтылған жайлардың бәрі қазақ әдебиетінің түркілік руханияттың әдеби, тарихи жалғасы екендігінің айғағы.

Қазақтың ұлттық әдебиеті ежелгі түркілік әдеби дәстүр негізінде қалыптасып дамыды десек, төл әдебиетіміздің тарихындағы түркі көркемдік дәстүрлер

мен сан алуан бағыт, ағымдардың да шыққан тегін, түпкі тамырын көне түркі әдебиеттің тарихынан іздеген абзал.

Қазақ поэзиясының көп ғасырлар бойы қалыптасқан жолындағы көркемдік негізі - түркі өркениеті. Түркі халықтарының ежелгі заманғы жазба ескерткіштеріндегі тарихи сананың көрінісі - атамекенді, тілді, салт-дәстүрлерді ардақтау ойларының жырлануы қазақ мәдениетінің мыңдаған жылдар белестерінен өтіп, әлемдік өркениетке ықпал жасауының тарихи жолы бар. Қазақ әдебиетінің қалыптасу даму жолындағы ежелгі сак, ғұн және олардан тараған түркі тайпалары қалыптаса дами келе ортақ діл, тіл, дін этнографиялық фольклорлық мұралар қазынасын қалыптастырды. Әрине әрбір ұлттың, мәдениеттің туысқан қандас халықтарға әуелгі түп негіз болатыны - тарихи қалыптасқан заңдылық. Бұл орайда бізге қазақ поэзиясында түркілік дүниетанымның қалыптасуына негіз болған YI-YII ғ. Түрік қағанаты (мемлекеті) екендігі мәлім.

Түркітанушы ғалым Л.Н. Гумилевтің: «Түрік мемлекеттігінің құрылуы бүкіл адамзат тарихында белгілі дәрежеде бетбұрыс кезең болды, өйткені сол кезге дейін орта теңіз мәдениеті мен қиыр шығыс мәдениеті бір бірінің дүниеде бар екенін білсе де, басы қосылмаған еді. Түріктердің қоғамдық тірлігі мен әлеуметтік институты тарихының күрделі түрлері қайран қалдырады: ел ...әскери тәртіп елшілік үрдісі, сол сияқты көрші елдердің идеологиялық жүйелеріне қарсы қоятын, мұқият әзірленген дүниетанымның болғандығы таң қалдырады» [7,41] деген нақты деректерге негізделген пікірі осы тарихи мәдени даму құбылысын толықтай дәйектей түседі.

Қазіргі кезде «түрік» терминінің ең көп тараған лингвистік түсінігінің өзінің белгілі негізі бар: көне түріктер сонау хұндар дәуірінде кәметке жетіп толып III-Y ғ. қысылтаяң қиын заманда анабиоз жағдайында болған

дала мәдениеті, ізгі бастауларын жарқын дамытып, өмір тіршіліктің мәңгілігіне айналдырды. Яғам бұдан қазақ әдебиетінде түркілік дүниетанымның қалыптасуы ежелгі сақ, ғұндар дәуірлерінен бастау алатынын көреміз. Бүгінде қазақ ақындары мен түрік ақындарының поэзиясындағы ортақ сарындардың бірі - түркі халықтарының мыңжылдықтар бойы жалғасқан жауынгерлік-қаһармандық жорық туралы жырлау. Сақтардың қаһармандық дастандары («Алып ер Тоңға», «Шу»), ғұндардың батырлық жырлары («Оғыз қаған», «Атилла», «Көк бөрі», «Ергенекон» дастандары) бәрі де түркілік дүниетанымның этнографиялық-гуманистік поэтикалық негізін қалыптастырды. Белгілі түркітанушы Н.Келімбетов «Ежелгі әдеби жәдігерліктер» атты кітабында сақтар мен ғұндардың аталған мұраларына ғылыми саралаулар жасай келіп ежелгі түркілер дүниетанымының сипатына қатысты былай дейді: «Ежелгі түркілер (ариилер, сақтар, ғұндар, көк түріктер) исламға дейінгі дәуірлерде қос күшке - Көкке, Күнге Доны Тәңір деп те атаған) және Жер-Суға сыйынатын болғаны көне тарихтан жақсы мәлім. Сонымен бірге түркілер табынатын үшінші күш болған. Ол - үйдегі отбасын, бала- шағасын жаман рухтардан қорғайтын әйел тәңірісі - Ұмай ана» [8,17] делінген. Қазақ поэзиясындағы түркілік дүниетанымды танытатын ең көрнекті жырлар - Орхон-Енисей жазуларындағы ескерткіштер. Өйткені бұл жырларда түркі халықтарының өзіндік тарихы, мекендеген қоныстары, мінез-құлық психологиясы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері танылады. Ескерткіштердің поэзиялық шығармаларға тән идеялық-композициялық желісінде лирикалық қаһарманның нағыз әдеби кейіпкерлерге тән толғаныстары бейнеленген. Әрине ескерткіштерді кейіннен тасқа қашатып жаздыртушының (Иоһығ Тегіннің) ақындық өнерінің елеулі ықпалы болғандығы анық. Сөз арқауындағы түркілік дүниетанымды танытатын өлең

жолдары ескерткіштердің өн бойына өріле орналасқанын байқаймыз. Ең бастысы, ел басқарған қағандардың, батырлардың, түркілердің біртұтас қуатты мемлекет болуы жолындағы қаһармандық ерлік шайқастарының романтикалық әуендермен жырланғандығы. Ескерткіштің лирикалық қаһарманы түркі халықтарының мінез құлық психологиясындағы бейқамдықты, соның салдарынан үнемі сырттан көз тіккен басқыншыларға жем болған мүшкіл тағдырларына да күйінеді.

Мәселен «Күлтегін» жырында қазақ халқының ешқашан өзгермей, кейінгі ұрпақтарға жалғасқан мынадай мінез-құлық психологиясы шынайылығымен көрінеді.

Бектерінің, халқының ымырасыздығынан
Інілі-ағалы дауласқандығынан
Бекті халқының жауласқандығынан
Түркі халқы елдігін жойды [9, 32]

Ал осылайша ауызбірлігі, елдік тұтастығы іштей іріген халықты, әрине сыртқы жаулар оп-оңай жаулайды. Ыдырап бара жатқан халықтың тұрмысын, елдік, мемлекеттік тұтастығын қалпына келтіру үшін арпалысқан, ақыры сол көздеген мұратына жеткен.

Білге қағанда айтылатын поэтикалық жолдардың реалистік-романтикалық мағынасы - түркі халқы дүниетанымының нақты көрсеткіші.

Аз халықты көп қылдым... [9,29]
Ағам қаған болып,
Түркі халқын көркейте түсті
Кедейді бай қылды,
Азды көп қылды... [9,35]

Бұл - түркі халықтарының біріккен мемлекет болып өмір сүрген кезеңінің шындығы. Түрік қағанаты атты қуатты мемлекеттің құрамындағы тайпалардың материалдық және рухани мәдениеті дәстүрлері қалыптасып келе кейінгі дамуға негіз болды. Ең бастысы - қазақ поэзиясының кейінгі көп ғасырлық көркемдік желісінде тұрақты жырланған дүниетаным көзқарастары. Түркілік дүниетаным бойынша сөз басында айтылғандай Көк Тәңірі - Күнге және Жер-Суға сыйыну тұрақты сақталды. Жалпы ежелгі түркілерге, Көктәңіріге қатысты түрік ғалымы Зия Көкалыптың «Түрікшілдік негіздері» атты еңбегінде келтірілген мынадай пікірін ортаға салсақ та жетеді: «Ежелгі түркілерде отансүйгіштік моралі (патриотизм) өте күшті болған. Ешқандай түрік өз елі, яғни ұлты үшін өмірін және сүйікті нәрселерін пайда етуден тартынбайтын. Өйткені, ед (ел) Көктәңірінің жер бетіндегі көлеңкесі болатын. Көктәңірі түріктердің пікірінше өте қасиетті болып табылатын Махаббат түнінде жер бетіне түсіп, бір бойдақ қызды немесе ағашты жүкті етіп, осы құтты-берекелі елдің өрбуіне себеп болыпты...

Тағы бір ерекшелік, Күлтегін жазба ескерткіштеріндегі санмен белгіленген әрбір жыр бөлігі бір біткен, атқарылған істі, айтпақ болған келелі ойды білдіреді. Мысалға, Білге қағанның әкесі Елтерістің түркі қағандығын құруда әуелі әскер жасақтап, елді біріктіргенін екінші жазба бөлімнің он үшінші ретпен орналастырылған циклда:

Қол саны жеті жүз ерге жетті.
Жасағы жеті жүз ер болғанда,
Ол елдігінен айрылған халықты,
Қағанынан айрылған халықты,
Құл болған, күң болған халықты,

Түркі болмысынан айрылған халықты,
Менің ата-бабам орнатқан заңдылық бойынша
Оларды тәртіпке келтірді.
Қалыптасқан міндеттерді орындауды талап етті.
Ол Теліс, Тардуш бөлігі халықтарын
Қайта қалыптастырды, -

деп баяндайды. Осы жыр бөлігінде Елтеріс қағанның әр жаққа, көрші елдерге бытырай тарап, күн, құл болған түркілердің басын қосып, жеті жүз ер азаматтардан жасақ құрып, сосын елдігінен, қағанынан, түркі болмысынан айрылып, күшті мемлекеттің езгісіне ұшыраған халықты жинап, оларды ежелден бекем қалыптасқан көне түркі дәстүрі, заңы бойынша тәртіпке келтіріп, алға қойған нақты міндеттерді орындауды талап етіп, нәтижесінде, түркілерді өз алдына ел еткені түгел баяндалған.

Бұл жыр бөлігі келелі оқиғаны түгел қамтыған, басы, аяғы, нәтижесі бар, мағынасы түсінікті, түркі қағандығын орнатудағы атқарылған жұмыстарды мәлімдеген маңызы зор шағын көлемді шығарма деуге болады. Демек, осы жазба бөлігі жеке тұрып Елтерістің түркі қағандығын қалай орнатқанын тұтастықта жария етіп тұр.

Сонымен, осы жыр бөлігі қосымша түсіндіруді мүлде қажет етпейді, толымды жасалынған жыр циклы. Күлтегін ескерткішіндегі әрбір жазба циклы осылай жасалынып, бір-бірімен үзбей жалғасып, толымды жыр-эпопея болып қалыптасқан. Осы ерекшелік көне түркі руна жазба жырларының басым көбіне ортақ. Өмір шындығы арқау етілген шығарма мынадай шынайылығымен көрікті, құнды мұраға айналады [9,144-145бб]. Тоныкөктің бойындағы адамның жан дүниесіне үңілу, өзгеге кішіпейіл, кешіріммен қарау, аса ізгі адамдай су сияқты болу тәрізді қасиеттер сол ел даналары шығармаларының ықпалы болуы мүмкін. Тоныкөк бұрынғы кемеңгерлер

шығармаларынан үйрену арқылы бұл жазбасын ойға құрып, философиялық тереңдікте жазған. Оның бұл жазбасында жиі ұшырасатын түйдектелген толғау тұжырымдар оңайлықпен шешімін тапқызбай, оқырманын сан тарау ой иіріміне салатыны содан. Кейіпкердің күйініш, сүйініш, жан толғанысын шынайылықпен әсерлі етіп беру қазақ халқының батырлар жырларында да баршылық [9,321].

Илдің (елдің) символы болып табылатын Көктәңірісі - бейбітшілік тәңірісі. Илхан бейбітшілік дінін таратушы іспетті. Түрік илхандары бүкіл елдерін бейбітшілікке шақыратын, олардың бүкіл күресі тұрақты бейбітшілік орнату ісіне арналатын...» [10,102] деп Көктәңіріге қатысты Аталған «Күлтегін» жыры осы көзқарас бойынша басталады:

Биікте Көк Тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ататегім,
Бумын қаған, Істемі қаған отырған,
Отырып, түркі халқының ел-жұртын,
Қалыптастырған, иелік еткен. [9,30]

Түркілік дүниетаным бойынша біздің ата-бабаларымыздың да, ұрпақтарымыздың да қолдаушы тірегі, демеушісі - Көк Тәңірі және атамекен - атажұрт. Бұл дәстүрдің ізімен қазақ халқы «Отан», «Туған жер», «ауыл», «ел» ұғымдарының қасиетті ұлағатын ұрпақтардың бойларына сіңіріп өсуін қалыптастырды. Көк пен жердің адамдарға жасайтын демеушілік ықпалын поэтикалық монологпен жырлау да осы халықтық дүниетанымға негізделді. Осы төңіректе аталған Орхон Енисей жазбаларымен тамырлас келген, өлең әуезесіне келгенде

ішкі үндестікке бай туынды Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы сипаттармен ұштасатын көркемдік рухани туыстық нышандары өзге бірқырынан көрінеді. Әсіресе шығармалардың композициялық, құрылымдық қағидаларындағы ерекше заңдылықтар назар аударарлық. Күлтегінде алғашқы жолында «Тәңіріні» ауызға алса, Құтты білікте де дәл солай, мәселен:

Құдіретті бір хақ озық баршадан
Мадақ, мақтау, құрмет лайық бір соған!
Ақ, зүджалал, ұлылықтың иесі,
Жаратушы, кемел қадір киесі. [11, 66]

жаратылғанын айтады. Орыс ғалымы И.В. Стеблева өз зерттеулерінде Орхон-Енисей жазуларының композициялық құрылымының принципті белгілерін талдап көрсеткен еді: «Ежелгі түркі поэзиясына тән дәстүр бойынша, осындай әрбір циклдің өзі міндетті түрде мынадай үш элементтен тұратын болған: 1. Оқиғаның басталуы; 2. Сол оқиға желісінің біртіндеп ұлғая түсуі; 3. Осы циклде айтылуға тиісті ой пікірдің түйіні...» [4,46]. Осындай ішкі реттілік «Құтты білік» дастанында да кездеседі. Қалай дегенде де, классикалық түрік поэзиясының тарихы осы «Құтадғу білік» дастанынан басталатынына ешбір күмән болмасқа керек [12,35]. Осыған орай белгілі ғалым әдебиет сыншысы А.Егеубаев былай дейді: «Түрік өлеңінің бір мәуелі бұтағы, түрік өркениетінің құнарлы өлкесінің бірі - қазақ өлеңі, қазақ халқының эстетикалық таным тәжірбиесі осынау шоқтықты биіктерден айналып өтпеген, бірге өріліп, бірте көктеген».

«Орхон-Енисей жазбалары» мен «Құтадғу білігі» сынды көп қырлы жәуһарлардың ішкі-сыртқы бітімінен көзге ұрып тұрған қазақтың көркемдік әлемімен

сабақтастың заңдылықтарын тереңнен талдап зерделей түсу қазақ әдебиетінің тарихына да мағыналы да қызықты беттер қосатынына, рухани дүниеміздің тынысын кеңейте түсетініне күмән жоқ. Бұл желілер, дастан мен классикалық қазақ әдебиеті шығармаларының арасындағы көркемдік эстетикалық таным үрдісінің сабақтастығынан (1), образ жүйесі табиғатының бірлігінен (2), жалпы поэтикасынан (3), тарихи сана мен тарихи диалектикалық өзектестігінен (4), қоғамдық әлеуметтік, этникалық түп тегінің (топырағының) бірегей жаратылысынан (5) тарамдалады» [11,15]. Яғни түрік жырының тарихи поэтикасынан қазақ поэзиясының бұған дейін ауызға көп алына қоймаған тағы бір түйінді сипатын байқаймыз. Қазақ өлеңін, жалпы түрік поэзиясын былайғы жұрт әйтеуір бір шығыс саздары деп қарайды.

Түрік-қазақ поэзиясына ежелден тән сипаттар: метафора өзегіндегі нақтылық, дәлдік, ой толғам желісіндегі өмірлік тәжірбие, тұрмыс тіршілік диалектикасынан туған айқындық, троптар жүйесінде қолмен қойғандай тиянақтылық осылардың бәрі де араб парсы саздары басым көрінетін жалпы шығыс әлемінің көркемдік эстетикалық шарттылықтарынан мүлде бөлек қасиеттер. Поэтика тарихындағы әр кезеңдерде әрқилы көрінгенімен бұл сипаттардың өзегі бір көркемдік заңдылықтары қазақ поэзиясының бұрынғы-соңды ерекше қасиет, ішкі тысқы өлеңдік табиғатын, дүние поэзиясы алдындағы өз үнін айқын, ашық танытады. Мәселен, дастандағы «Арыстан мінсең қылышыңды қамшы қыл!», «Жауды көрсе ердің жүзі қызарар, Жауға кірсе жердің жүзі қызарар!», «Таяқты жауға темір қалқан дайын да!» деген отты жолдар дастанның өн бойына өріле орналасқан.

Көне түркілік өлең дәстүрі қай қырынан алсақ та ұлттық әдебиеттерде жыраулар поэзиясына ұласты десек, араб-парсы поэзиясының ықпалында қалыптасып дамыған

түркі классикалық поэзия дәстүрінің ұлттық өлең үрдісінде алар орны қандай болмақ.

1) Шалкиіз, Бұқарлардың кейбір толғауларында тұңғыш көрініс беріп, кейінгі дәуір ақындарында қоюлана түскен мұсылманшылықтың моральдық нормаларына шарифат қағидаларына негізделген дидактикалық сарын түркі классикалық поэзия дәстүрінің ұлттық поэзиямызға жарқын жаңғырығы.

2) Түркі классикалық поэзиясы - қазақ ақындарының үлгі алар үлкен шеберлік мектебіне айналған шығыс поэзиясы мен ұлттық өлең дәстүріміздің арасындағы асыл дәнекер, алтын көпірдей.

Қазақ поэзиясындағы түркілік сарындардың тарихи негіздері осылайша ежелгі сақ, ғұн, түркі тайпаларының мемлекеттік құрылымдары дәуірлерінде қалыптасты. Мұны ұлт әдебиеті мен тілінде сақталған жануарлар әлемінің культі, түр-түстің этноэйддері, жер-су атауларындағы ежелгі этнонимдер, поэтикадағы мифологиялар мысалында қысқаша дәйектеп өтейік.

Сонымен, адамзат өміріне жануарлар әлемі өте етене таныс, жақындығы өркениеттің тарихи дамуы үрдісімен байланысты. Ертедегі адамдардың табиғат алдындағы дәрменсіздігі мен оған деген теріс түсініктері жануарлар культінен туындаған. Жануарлар әлеміндегі культтік таным адамзат шығармашылығының ең көне көрінісі болып табылады. Тіл мен мәдениет байланысын зерттеген ғалым В.А. Маслов пікіріне сүйенсек: «Культ животных - первая грань, которую древний человек проводит между собой и миром природы, признавая еще ее господство, но уже не отождествляя себя с ней» [13, 122] дейді. Қазіргі уақытта рухани мәдениетте жануарлар әлемінің танымдық сипаты еш төмендеген жоқ, сондықтан да анимализм тілдік және мәдени стереотиптер мен поэтикалық бейнелердің ұғымдық көрінісінің жалғасы болып табылады.

Жануарлар әлемімен байланысты туған культтік ұғымдар мағынасының мифологиялық төркініне зер салу - тіл мен әдебиет тарихының қатпарларына үңілуге мүмкіндік береді. Адамзаттың саналы ғұмырынан бергі кезеңде онымен біте қайнасып келе жатқан алуан түрлі мифтік дүниетаным қойнауларында жатқаны белгілі. Тілде өмір шындығы, адамның өзін айнала қоршаған дүние туралы сан ғасырлар бойындағы таным түсінігі мен болмыс-бітімі мол жинақталған. Адамзаттың алғашқы қауымында, яғни әлем заңдылықтарын танып білудің балаң кезеңінде жалпы халықтың жинақталған қиял жемісі - миф пайда болған. Миф - ертедегі адамдардың не жайлы ойлағаны, неге сенгені, бір сөзбен айтқанда, әр нәрсені белгілі бір сезіммен қабылдауының бірден-бір көрінісі. «Мифте айтылған аңыздар мен шарттар, жабайылық емес, ол мәдениеттің басқа бір саласына енетін бір шындықтың саңлақтары» [14, 34] болып табылады.

Ежелгі архаикалық ұғымдар ойдың сөзбен берілген көрінісін мойындаған, сондықтан да тілдің көне құрылымы сол дәуірдің архаикалық дамуын бейнелейді. Фраземалар - ұлттық тілдің архаикалық формасы, ал мифологиялық фраземалар - фразеологияның ең көне түрі. Қазақ мифологиясы - бүгінгі қазақ халқын жасауға қатысқан бірнеше мыңжылдық көшпелі ру-тайпалардың «орташа» алынған сөздері, дүние-ғалам, өмір туралы түсініктерінің елесті танымдарының бірыңғай жүйесі. Қазақта айқын, мөлдір сипатты мифология жоқ. Ол ауыз әдебиеті мұраларының, жырлар мен дастандардың, әр түрлі шежіре аңыздардың, ертегілердің жұмбақ пен мақал-мәтелдердің, фразеологизмдердің астарында, сондай-ақ қазақ тілінің сөздік қорының қойнауында жасырынып жатыр [15, 17].

Негізгі өмірі мал шаруашылығымен тікелей байланысты болған қазақ халқы үшін төрт түлік малдың орны ерекше. Қазақта түйе, жылқы, қой, сиыр малын

қосып төрт түлік деп атайды. Ертеде дәулетті, ауқатты адамды төрт түлігі сай екен дегеніне қарағанда, байлық мал санымен есептелген болу керек. Төрт түлікті жеке-жеке атағанда түйе малы, жылқы малы, қой малы (ешкі малы), сиыр малы дейді, ал бұлардың бәрін қосып тұяқты мал деп атаған да, әрқайсысының иесі, пірі бар деп есептеген.

Төрт түлік малға қатысты фраземаларды сөз еткенде, жануарлар әлемін қоғамға ауыстырудың өзіндік тәсілі алдыңғы қатарға шығады. Қазақ тілінде фраземалар төрт түлік малдың сыртқы пішіні, мінез құлқы, әдеттеріне сәйкес адамның ерекшеліктерімен бейнелі және визуалды салыстыру, қатар қою негізінде пайда болған. Бір жағынан, жануарлар әлемін бақылау негізінде, екінші жағынан, адамдардың қоғамдағы қарым-қатынастары мен әр түрлі өмірлік жағдайлардағы іс-әрекеттеріне байланысты туған ассоциациялық параллельдер тілде көптеген ортақ немесе ұқсас көріністерді тауып фраземалардың бейнелі-реңктік негізінің тууына қызмет етеді.

Қазақ тілінде «сиыр сипағанды білмейді» деген фразема жақсылықты, ізгі сезімдерді түсінбейтін, бағаламайтын адамдарға қатысты қолданылады. Бұл жағдайда сиырдың физиологиялық қасиеті соған ұқсас адамның мінезі немесе психологиясына ауысқан. Мысалы: жылқы мінезді фраземасы адамды жағымды жағынан көрсетеді, яғни бұл жерде төзімді, кеселсіз, күшті адам сөз етіледі. Көшпелі халқымыз жылқыға тән бұл қасиеттерді өте жақсы сезініп, түсінген және адам бойына бағалы қасиет ретінде ауыстырған.

Мал шаруашылығына байланысты фраземалардың ортақтығы түркі тілдерінің синхрондық дамуында байқалады. Ол қазіргі түркі тілдерінің әр алуан топтары мен аймақтарына ортақ варианттар арқылы көрініс табады. Бұл - халықтардың бір генетикалық типтен

таратылғандығын, тұрмыстық-салтындағы ұқсастығын немесе тарихи дамудың ар алуан кезеңіндегі тіл аралық ауысулар мен саяси-экономикалық қатынастардың айғағы.

Мысалы: қазақ тілінде ат жалын тартып міну, қырғыз тілінде ат жолын тартып міну «есею, жігіт болу», қазақ тілінде қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған кез, қарақалпақ тілінде қой үстінде торып жұмыртқалау «тыныштық кез, жанға жайлы кез» мағыналарын береді.

Түркі тілдерінде ортақ фраземалардың сақталуы олардың ұқсас, ортақ бейнелі-реңктік негізін көрсетеді. Төрт түлік малдың қатысуымен жасалған фраземалар адамның әр түрлі көңіл-күйін, мінезін, әлеуметтік және саяси қатынастарын және т.б. қасиеттерін білдіреді. Мысалы:

- бір нәрсенің түр-түсі мен пішінін айқындау адамға тікелей салыстырып ауыстыру тәсілімен жасалған фраземалар: қойдан қоңыр, жылқыдан торы, пар атандап және т.б.;

- уақытты, көлемді, қашықтықты, биіктікті, т.б. анықтаудың халықтық қарапайым әдістері ретінде қолданылатын, салыстыру не салғастыру негізінде туған фраземалар: қой өрісіндей жер - 5-6 шақырым; тай шаптырым жер, қозы көш жер - 6-7 шақырым; құнан шаптырым жер - 8-10 шаптырым; бір көш жер - 10-15 шақырым; ат шаптырым жер - 20-35 шақырым; түйенің табаны түсер жер; Мекке қажылығына барар өте алыс жер; ат басындай алтын; ат бойы; сиыр бәсеке; бес биенің сабасындай; бие бауырындай жер, бие сауымдай уақыт; бұзау салмағындай уақыт; кәрі қойдың жасындай және т.б.

- адамның нақты өмірлік жағдайдағы мінезіне, психологиясына, қоғамдағы қарым-қатынастары мен іс-әрекеттеріне байланысты ерекшеліктерін бейнелі не ассоциациялы негізде салыстырудан туған фраземалар: қой аузынан шөп алмайтын, түйе үстіне сирақ ұйту, түйе

шешкендей ету, тойған қозыдай томпию, егінге түскен сиырдай жайпау, боз інгендей боздау, бөрі көрген сиырдай мөңіреу, қолынан қой жарысы келмей, тұлпардай делебесі қозу, ат үстінде күн көру, ат арылту және т.б.

- адамның төрт-түлік малға қарым-қатынасын, көшпелі өмірдің мән-маңызын, биологиялық, физиологиялық өзгешеліктерін көрсететін фраземалар: нарым әрі жүкті, әрі сүтті, әрі күшті, мал құлағы саңырау, ай мүйізді қошқар, төрт түлігі сай, құнанның құдайындай, тайдың тәңіріндей, нар атандай, нар еді, ердің құны, нардың пұлы, және т.б.

Өзінің тұрмыс-тіршілігінде осындай ерекше орын алған, пайдасы тиіп, қызметі сіңген төрт түлік мал жайында қазақ халқы ерте заманда-ақ неше түрлі әңгіме, жыр, аңыз, өлеңдер шығарған. Бұлардың бәрінде де мал арманы, тілек-мүддесі көрініп отырады. Қазақ мәдени өмірінде адамдар жаратылыс сырын түсіне алмаған кездің өзінде-ақ төрт түлік малға байланысты шығармалар туа бастаған. Ш.Уәлиханов «Шамандықтың қазақтардағы қалдығы» дейтін еңбегінде төрт түлікке байланысты шығармалардың алғашқы үлгілері ертеден адамның ой-өрісі төмен сатыда тұрған кезінде шыққандығын айтады. Жаратылыс сырын түсіне алмаған ол кездегі адамдар әлем дүниесіндегі әрбір құбылыстарды өзінше жорыған, бұларда жаратушы күш бар деп сенген, соған табынған.

Төрт түлік мал жайындағы өлең-жырлардың алғашқы үлгілері осындай ескі наным-сенімдерге байланысты туған. Онда әрбір түліктің жаратушы құдайы бар деп білген. Мәселен, қазақта «Қазығұрт тауы» деген әңгіме-жыр бар. Осы жырда халық төрт түлік малдың қалай пайда болғанын ескі діни ұғымдарға байланыстыра былай баяндайды: Баяғы бір заманда дүние жүзін топан-су қаптап кетеді. Тек Қазығұрт тауы аман қалады және осы таудың ығына Нұқ дейтін әулиенің кемесі тұрады. Топан-су

қаптаған кезде жан-жануарлар осы кемеге тығылады. Кеме ішінде төрт түлік малдың әрқайсысынан тұқым бар. Бұл түліктерді сақтап қалған олардың жаратушысы, иелері болады. Жылқының иесі - жылқышы ата (Қамбар ата), қойдың иесі - Шопан ата, түйенің иесі - Ойсыл қара, сиырдың иесі - Зеңгі баба, ешкінің иесі - Сексек ата деп әрқайсысына жекелей ат қояды [16, 37]. «В так называемый магико-мифологический период развития этноязыковых общностей люди глубоко верили в чудодейственную силу слова, они или с блоговеннием или со страхом говорили о технологических, мифологических понятиях и усматривали в названиях предметов и явлений нечто таинственное. В силу этой веры любой мог обратиться к Зенгибабу (покрывателю рогатого скота), Ойсылкару (покрывателю верблюдов), Камбарату (покрывателю лошадей), Шопанату (покрывателю овец), Шекшекату (покрывателю коз) с просьбой оберегать его скот от падежа и других стихийных бедствий» [4, 44]. Төрт түлік малдың өз алдына иелері болуына, әрқайсысына жекелей ат қоюына қарағанда, «Қазығұрт тауы» сонау ерте заманда, көп құдайға табынған шамандық дәуірде туған деген жорамалдар бар. Бертін келе, қазақ арасына ислам діні тарап, көп құдайға табынушылық біртіндеп жойыла бастайды. Өйткені ислам дінінің шарты бойынша, жаратушы құдай біреу ғана деп айтылады. Бірақ қазақтар ислам дінінің шартына да жан-тәнімен беріліп кете қойған жоқ.

Қазығұрт тауы туралы ел арасында мынандай аңыз сақталған: Дүниені топан су қаптағанда, Нұқ пайғамбар жан-жануар, жәндіктердің барлық түрінен тұқым алып, кемесінде сақтап қалған. Нұқтың кемесі аңыздарда Қазығұрт тауына келіп іліккенін айтады. Ал жоғарыда аталған төрт түліктің иелері мен иесінің аттары да осы Нұқ сақтаған малдың төлдерінен шыққан екен. Ол туралы

халық аузында мына жолдар сақталған: Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол киелі болмаса неге қалған? Ішінде екі қозы болған екен, Шопан ата деген сөз содан қалған...

Ш. Уәлиханов қазақтар ислам дінін, оның шарттарын мойындай отырып, нағыз діндар халық болмаған. Сондықтан олар бұрынғы шамандықты да, кейіннен енген исламды да бірдей қолданғанын айтады. Бұның дәлелі - төрт түлік мал жайындағы аңыз әңгімелер, өлең-жырлар мен ырымдар, халық санасындағы жоққа нанушылық, соқыр сезімге салынушылық, әр түрлі иелерге табынушылық ертедегі адамдардың ақыл-ойы мен танымының көздері болса, сол тілдік фактілер негізінде адамдардың хал-жайын, ой-санасын, дүниеге көзқарасын түсінуімізге көмектеседі.

Жер бетіндегі тіршілік иелері арасында жануарлар дүниесі адамға етене жақын келеді. Адамзат өркениеті, тіршілік санасы жануарлар дүниесімен тығыз байланысты. Жалпы қоғамның алғашқы синкреттік ойлау сатысында, адам мен жануар арасында шектеу болған. Жануарлар әлеміне (культіне) сыйына отырып, адам мен жануар арасында ешқашан теңдік белгісі қойылмаған. Мифологияда жануарлар поэтикалық образ ретінде келтіріліп, әр халықтың танымына, тіршілігіне, ойлау менталитетіне қарай жануарлар образының берілуі де әр қилы.

Өмірі мал бағып өскен, мал сырын жақсы білген қазақ халқы төрт түліктің әрқайсысына тән қасиетін, мінезін айқындаған. Мысалы: қойдан қоңыр, жылқыдан торы, қойдан жуас, тайдай тулау, сиыр мінезді, өгіздеп өкіру, бұзау салмағындай, тойған қозыдай томпию деген фраземалардан төрт түлік мал мінезі мен қасиеттерін білу, суреттеу арқылы адамға тән мінез бен қасиеттерді тану болып табылады.

Қазақ халқының ертедегі күн көрісі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы төрт түлік малға байланысты болғандығы халықтың психологиясына, сезім дүниесіне, әсіресе тіліне де қатты әсер етті. Белгілі әдебиетші ғалым Б.Кенжебаев былай дейді: «Қазақ халқы - малға сыр мінез. Адамның келбетін, түсін, сиқын жақсы-жаман мінезін, қылығын айқындап көрсету үшін, оны малдың мүшелерімен, мінезімен салыстырады, сөйтіп, әр түрлі теңеулер жасайды» [17, 39]. Қазақ баласын жақсы көргенде, айналып-толғанғанда құлыным, қозым, ботам дейді. Бұл сөздер бейнеге (образға) айналған. Сұлу қызға Ботакөз деп әдемі теңеумен теңеп, ат қояды, көңіл-күйін білдіруге келгенде ботадай боздады, тайдай тулады, адам тұлғасын сипаттағанда жігіттің нары екен немесе бой жеткен сұлу қыздар жайында айтқанда жез бұйдалы ақ тамақтай деседі. Бәрінің де оғаштығы жоқ адам ойына келген образды сөздер. Олардың қайсысы болса да, ерте заманнан бері төрт түлікпен кәсіп еткен халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты туған және адамдардың мал жайындағы ой-сезімдерінен туындаған. Қазақ әдеби тіліндегі осындай көнеден келе жатқан мал шаруашылығына байланысты түркілік ортақ танымның дәлелі ретінде қазақ және түрік ақындарының шығармашылығындағы жылқы культіне тоқталайық.

Қазақ ақындары мен түрік ақындары шығармашылығындағы ортақ дүниетанымға құрылған шығармалардың бір саласы жылқыға байланысты болып келеді. Мыңжылдықтар белестерінің арғы-бергі тарихында түркі халықтарының көшпелі тұрмыс мәдениетінің басты көрсеткіштерінің бірі ретінде жылқы туралы қанатты сөздердің, жырлардың айрықша орын алып келгені мәлім. Махмуд Қашқаридің сөздігіндегі «Түркі халықтарының мақал-мәтелдері» бөліміндегі жылқыға арналғандары түпкі бастау тарихтағы этнографиялық ортақ көзқарастарды

аңғартады: «Құс қанатымен, ер атымен», «Адам аласы ішінде, жылқы аласы сыртында», «Ізгілік болса, ер өлмес, іштік болса, ат жауыр болмас», «Андыз болса, ат өлмес», «Арпасыз ат (қыр) аса алмас, арқасыз батыр әскер басқара алмас», «Батыр жігітті қорлама, сәйгүліктің арқасын жауыр қылма», «Ит ырылдамас, ат теппес деме», «Тай өссе ат тынығар, ұл өссе әке тынығар», «Үйірлі құлан көсемсіз, (айғырсыз) болмас», «Қызбенен күреспе, қысырақпен жарыспа», «Ат қасқасы ай болмас», «Арыстан күркіресе, аттың аяғы тұсалар», «Аттың басын ноқталап мүжі» «Құлан құдыққа түссе, құрбақа айғыр болар», «Жауыр ат жүк көтере алмас», «Жамылғылы (жан) су болмас, ауыздықты (ат) сусындамас» [18, 33-71].

Қазақ және түрік халықтарының осындай ортақ негіздегі фольклорлық қанатты сөздерімен бірге, дербестенген тарихында да мақал-мәтелдер, тарихи өлең-жырлар бар. Бұл - екі халықтың түбі бір тарихи-этнографиялық негіздерімен бірге, дербестене дамуындағы өзіндік даралық өзгешеліктерін де айқындайтын ерекшеліктердің бірі.

Түрік ақындарының жылқыға арналған өлеңдері ежелгі ата-бабалардың тұлпарларға мініп Еуроазиялық географиялық кеңістікті емін-еркін жайлаған, билеген қаһармандық тарихын көзге елестетеді. Ашық Көроғлының жылқы тұлғасын суреттеген өлеңінен тұлпар мініп ту көтерген, кең даланы осы көлігімен сайрандаған, ұшқыр ойымен сұлулықты қастерлеген түркі жұртының көңіл-күйі әлемімен дидарласамыз.

Шабысы шапшаң, кекілі шашақты, Басқаны жоғары, қоян қимылды. Тоты құс секілді үсті оюлы, Алма көзді, қыз кекілді Қыратым.

Қыратты сұрасаңыз ағызар жасты, Ірі ғой денесі, кішкентай басы. Тізгінін тартқанда, ұн қылар тасты, Алма көзді, қыз кекілді Қыратым.

Жібектермен төсер едім жолыңды, Алтындармен тағалар едім тағаңды. Үш сұлуға тоқытар едім жабуыңды, Алма көзді, қыз кекілді Қыратым.

Кісінеп, көбігін басыңа атар, Басын да басыңнан жоғары ұстар. Қашса, құтылар, қуса жетіп алар, Алма көзді, қыз кекілді Қыратым. [19, 46].

Тұлпар ат - қазақ халқы ұрпақтарының ежелгі сақ, ғұн, түркі замандарындағы әлемдік ұлы жорықтарында сенімді серігі болған. Жылқы түлігінің, оның ішінде сәйгүліктердің поэтикалық бейнеге айналуының тарихи-этнографиялық, қоғамдық-әлеуметтік маңызды екендігі анық. Тұлпар жылқының тұлғасы - түркілік психологияда ерекше орын алатын ұғым. Қазақтың тұрмыс-салт жырларында, батырлық және ғашықтық дастандарында тұлпардың бейнеленуі басты қаһармандардың іс-әрекеттерін күшейте түсетін үстеме поэтикалық көркемдік қызмет атқаратыны мәлім. Қазақ фольклорындағы тұрмыс-салт жырларында жылқы иесі Қамбар Ата болып аталады. Ал, батырлар жырларындағы (Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбурылы, Қамбардың Қарақасқасы, Тарғынның Тарланы, т.б.) тарихи дастандардағы (Кенесарының Көкбурылы, Наурызбайдың Ақауызы, т.б.) басты кейіпкерлердің іс-әрекеттерін даралай танытудағы жылқы тұлғасының егізделе жырлануы - дәстүрлі ерекшелік. Қазақтың ақын- жыраулары толғауларында да, Абай және оның дәстүріндегі ақындар (Шәкәрім, Мағжан, Сәкен, Ілияс, т.б.) шығармашылығында да жылқы тұлғасының суреттелуі адам және оны қоршаған тұрмыстық-әлеуметтік тіршілік қозғалыстарының біртұтастығын бейнелеу дәстүрі болып қалыптасты. Бұл орайда, сөз арқауындағы түрік ашықтары мен қазақ ақын-жыраулары поэзиясындағы жылқыға қатысты бейнелеулердің поэтикалық үндестіктерін түп негіздегі түркілік ата-бабалық дүниетаным арналарының кейінге

жалғасуы тұрғысында сезінеміз. Көроғлының жылқыға арналған өлеңі мен қазақ жыраулары толғауларындағы табиғи үндестіктер осыны дәлелдейді. Мысалы, Ақтамберді жырау Сарыұлының (1675-1768) толғауларындағы жылқының қасиетін, оны иеленген халықтың мағыналы өмір сүрген ұлттық-этнографиялық тіршілігін танимыз. Бұл толғаулардағы тұрмыстық-этнографиялық суреттер – біздің тіршілік негіздегі ғажайып дәстүрлі ұлттық дамуымыздың көріністері:

Арудан асқан жар бар ма,
Жылқыдан асқан мал бар ма?
Биенің сүті сары бал –
Қымыздан асқан дәм бар ма?
Желіде құлын жусаса,
Кермеде тұлпар бусанса,
Сәні келер ұйқының,
Жылқы қолдан тайған соң,
Қызығы кетер күлкінің.
Қыздың көркі құлпыда,
Жігіттің көркі жылқыда!
От басар орны отаудай,
Қабырғасы халық орнаған жонсаудай,
Ор қояндай қабақты,
Қиған қамыс құлақты,
Сары мысықтай азулы,
Саптыаяқтай ерінді,
Қидасын кәрі жілікті,
Омырауы есіктей,
Ойынды еті бесіктей,
Табаны жалпақ тарланды,
Таңбалап мінер ме екенбіз!?
Сол тарланға мінген соң, -
Өзен де өзен, өзен су,

Өрлерде жортар ма екеміз [20, 61].

Түркі халықтарының материалдық және рухани мәдениеттері салаларында ата-бабалық этнографиялық дағды болып қалыптасқан, мәңгілік сақталған жылқыға, жалпы төрт түлік малға байланысты сөз өнері шығармаларын ұрпақтардың жадында қайта жаңғырта бағалауымыз қазіргі және болашақтағы жаңа тарихымыз үшін аса маңызды. Түркі халықтарының қайта жақындасу процесінің нәтижелі көрсеткіштері осындай ата-бабалық этнографиялық-тарихи сананы жаңаша қарастыру арқылы жүзеге асады. Сайын далада тұлпар мінген, жаны сүйген аруды құшқан түркі ұландарының романтикалық асқақ ойлы жан дүниесін поэзия тілімен өрнектеу - ашықтық-ақындық поэзияның басты мұраты. Ашық Дадалоғлының (1785-1868) арғымақ тұлпарды, айдай аруды сүйген алабұртқан алып-ұшқан от-жалынды романтикалық әуенді жыры - түркілік-этнографиялық психологияның нақты көрсеткіші:

Бұл жалған дүниеге келгеннен бері,
Сүйемін боз атты, бір де сұлуды.
Толтырып он бесімді, өзімді білгелі,
Сүйемін боз атты, бір де сұлуды.
Аттың белі қысқа, мойны ұзын,
Қатты шабысын, алма көздісін.
Қыздың жіптіктей сүттей аппағын,
Сүйемін боз атты, бір де сұлуды.
Аттың жар жамбасты, қалқан төстісі
Қалам құлақтысы, шоқпар бастысы.
Сұлудың тал бойындай қара шаштысы,
Сүйемін боз атты, бір де сұлуды.
Ат жүйрігін бөгемесін шыққан кезде,
Жалы қамыстай жыққан кезде.

Ат төрт, қыз он бесіне келген кезде,
Сүйемін боз атты, бір де сұлуды. [19, 141-142].

Бұл - қазақ-түрік халықтарының көшпелі тұрмыс мәдениеті дәстүрлерінің көрінісі. Жастайынан ата-бабаларының дәстүрін ұстанған, қоршаған әлеуметтік ортаның іс-әрекеттерін жадына тоқып өскен дала ұландарының аттың жүйрігін, қыздың сұлуын иеленуді армандап өсетіні -дәстүрлі ерекшелік. Бұл орайда, қазақ жырауларының, ақындарының шығармаларындағы салдық, серілік мінез-құлықпен де ұштасатын осындай жырлардың болғаны табиғи үндестік болып көрінеді. Қазақтың халықтық ән-өлеңдеріндегі салдық-серілік қарым-қатынастар мәдениетінен туындайтын өлеңдердің де осындай сарындармен жырлануының дәстүрлі үлгілері кездеседі. Халық әніндегі «Ат қайда Ақбақайдай шаппай желген, қыз қайда құдашадай көзі күлген» сынды ән-өлеңдер мол жырланған.

Жыраулар поэзиясында да тұлпар атты міну және аруды құшу мұраттарының егізделе жырлануы жиі колданылады. Мысалы:

Доспамбет жыраудан:

... Ту құйрығы бір тұтам
Тұлпар міндім өкінбен.
Туған айдай нұрланып
Дуылға кидім өкінбен.
Зерлі орындық үстінде,
Ақ шымылдық ішінде
Тұлымшағын төгілтіп
Ару сүйдім өкінбен [20, 34].

Ақан Серіден:

Маңмаңгер кекілің келте, жалың майда,
Байлаған сені сылап қалқатай да.
Жүресің желмаядай жануарым,
Көрейін қызығыңды осындайда [21,115].

Түркілік тұрмыс мәдениетіндегі тұлпар мен ару тұлғаларын осылайша егіздей жырлау қазақ және түрік ақындары шығармашылығында кеңейтіле, тереңдетіле жырланып келеді. Жастайынан ата-бабаларының дәстүрлерін ұстанған екі халық ұрпақтары үшін мұндай шығармалардың мәні зор. Ақындар мен ашықтардың жылқының тұлғасына, арулардың сымбатына арналған бейнеліктерді тұтастыра жырлауы арқылы салдық-серілік көңіл-күйдегі халықтық-этнографиялық болмыс айқындалады. Түрік және қазақ халықтарының байырғы тарихи тамырластықты жаңғырта нығайтуы, қазіргі және болашақ мәңгілік тұтастыққа жетуі жолындағы бірлескен жұмыстар жүргізіліп жатыр. Дүниежүзіндегі бүкіл түркі халықтары Атажұрты Қазақстанның дербес мемлекет болып, әлемдегі ең іргелі ел болуын тілейді. Түркия мәжілісінің депутаты Ерсөнмес Ярбай «Түркі халықтары Алматы мәдени қорына» келгенде сөйлеген сөзінде уақытымыздың аса өзекті мәселесін атап көрсетті: «... Қазақстан Кіндік Азиядағы өркениетті даму жолына бағыт ұстаған, оның алғашқы дәмін де тата бастаған іргелі де, қауқарлы мемлекет. Біз бұны білеміз, әрі оған қуанамыз. ... Түркі әлемінің мәселесі дегенде ең алдымен түбі, тілі, діні бір халықтардың тарихын, дәстүрін, т.б. ортақ құндылықтарын аялап, көздің қарашығындай қорғауымыз керек, сосын оларды жас ұрпақтың санасына сіңіру қажет» [22].

Түріктің ашықтық және қазақтың ақындық поэзиясындағы дәстүр үндестігі түркілердің бүгінгі және болашақтағы жаңа ұрпақтарының жадында қайта жаңғыра

дамиды. Байырғы ата-бабалар қалыптастырған тарихи-мәдени үрдістер сабақтастығы жаңа құндылықтар жасауға жалғасады. Осындай көне түркілік дүниетанымнан туған ұлт тіліндегі тамырлы ұғымдар – түр-түс этнонимдері.

Ұлттық фольклор мен поэтикалық дәстүрде белгілі бір құбылысты түспен таңбалаудың эстетикалық ролінің жоғары екендігі даусыз. Дегенмен, түр-түс атауларының ұлттық сана арқылы қабылданып бекітілген мәдени, эмоционалды күйі мен олардың түрлі жағдаяттармен байланысы оларды ерекше «ұлттық дүниетаным концептісі» немесе «этноэйдем» тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Этнопсихолингвистикалық зерттеу бағытында Л.А. Шейманның психология-әдебиеттану концепциясы негізінде «этноэйдем» ұғымы ұлттық ғалам бейнесін түзуде маңызды құрылым ретінде анықталады. Ал қазақы «этноэйдем» болмысының қайнар көзі арғысы түркі тілдерінен, бергісі қазақ тілінде жүздеген түр-түс атаулары қалыптасып, этномәдени өміріміздің әр саласында дәстүрлік дүниетаным негізінде кеңінен қолданыс тапқандығымен айқындалады. Қазақ зерттеушілерінің осыған орай «Бұл танымды біздің дәстүрлік таным деп атауымыздың себебі: ол ұзақ дәуірдің, халық болып жаралғаннан бергі дүниетанымның, өзін қоршаған табиғаттың түр-түсін меңгеруінің және олардың өз тілінде қалыптастыруының нәтижесі болып саналуында» [23, 67] деп дәйектеуі де қисынды.

Түр-түстік этноэйдемдер категориясына барлық түс атаулары кіре береді деген ұғым қалыптаспауы тиіс. Түрлі әдебиеттерді, сөздіктерді зерделеу, ассоциативті эксперименттік талдаулар негізінде қазақ лингвомәдени ортасына тән түр-түстік этноэйдемдер қатарына ақ, көк, қоңыр, сары, қызыл түс белгілерін жатқызуға болады.

Көк түс - жалпы адамзаттық түсінік бойынша аспан әлемі мен су кеңістігіндегі мұхит, теңіз, көл, өзен ұғымдарымен байланысты тұжырымдалады. Көк түстің көне түркілер дүниетанымында аспан әлемімен байланыста болғандығын Күлтегін ескерткішіндегі:

Биікте көк Тәңірі
Төменде қара Жер жаралғанда

Екеуінің арасында адам баласы жаралған, - дейтін өлең жолдары дәлелдей түссе, оны жалғастыратын батырлық идеяны «Оғыз қаған» эпосындағы көк бөрі ұғымымен байланыстыруға болады. Қазақ ұғымында көк түс аспанға берілген оның тәңірлік сипаты ретінде танылғандықтан, ата-бабаларымыз көк түсті аспан әлемі, жаратушы тәңір әлемі, биіктік пен бостандық әлемі деп қабылдаған. Осыған орай, бүгінгі тәуелсіз Қазақ елінің көк байрағы аспан түстес еркіндіктің, бостандықтың символын білдіреді. Көк түстің этносимволикалық табиғаты жөнінде Е.Ш. Шаймерденов былай дейді: «Ашық аспан түстес, көк аспан әлемінің» көшпелі халықтың ұлттық дүниетанымында өзіндік ізін қалдырған. Ішкі жан дүниесінің тыныштығы, мейірімділік, еркіндік, биіктік, бостандық осы түстің символикалық мағыналары ретінде халық санасында сақталған» [24, 110].

Көк түстің өн бойындағы ұлттық-мәдени бейне қазақ тілін тұтынушылардың көк сөз-стимулына берілген реакциялар негізінде анықталады: ашық аспан, көк аспан, мемлекеттік ту, бейбітшілік, бостандық, еркіндік, тұрақтылық, су, түпсіз тұңғыық, тыныштық, биіктік.

Қазақ әдебиеті мен әдеби тіліндегі түркілік танымды танытатын тағы бір белгі – жер-су атаулары. ҮІІ-ІХ ғасырлар Түрік халықтарының тарихында алтын әріппен жазылып қалды. Осы кезеңде тасқа ойып жазылған

түріктік көне тайпаларының өркениетін көрсетсе керек. Көне түрік ескерткіштері түріктердің шығу тарихы мен даму жолдарынан, сол кездегі жер-су атауларынан, кісі есімдерінен аз да болса мағлұмат береді. Тастағы жазулардағы көне түріктердің тәуелсіз қағандық құру жолындағы елдік мұрат-мақсаттарын айшықтау, ондағы тарихи шындық пен көркемдік шешімнің ара жігін ажырату, сол кездегі жер-су атауларының нақты орнын анықтау қазіргі түрколог ғалымдарының үлкен міндеттерінің бірі. Себебі, түріктер өздерінің ой-армандарын, бір тұтас ел болу тілегін, сыртқы жаудан қорғану үшін жасаған жорықтарын, жүріп өткен жолын, кешіп өткен көлін тасқа қашап: «Мың жылдық: тумен күндік: бітігімді: білігімді: сонда: жазық тасқа: жараттырдым (жаздым)», - деп келешек ұрпаққа мәңгілікке жазып қалдырған еді. Десе де, ол арман-тілектері, жазба мұралары, әдеби шығармалары біздің заманымызға тұтастай келіп жетпеді. Оның түрлі себептері де бар.

Біріншіден, түріктердің көшпенді дәстүрді ұстануы. Түріктер өздерімен қатар жатқан Қытай, Иран, Византия елдері секілді отырықтанған қағанат құрмағандықтан орталықтандырылған мұрағаты болмады. Сол себептен де күнделікті іс қағаздары мен жазба мұралары уақыт ағымымен жоғалып кетті. Біздің заманымызға дейін сақталған тасқа қашалған аздаған ескерткіштерден бөлек түрік дүниесіне қатысты құнды деректер жоғарыда аталған елдердің ғасырлар бойы жалғасын тапқан мұрағаттарынан алынғаны жасырын емес.

Екіншіден, жаугершілікті өмір салтына айналдырған түріктер жазба ісіне аса ден қоймаған. Келісім-шарттар ауызша жасалып, оны берік тұтты. Ел тарихына қатысты маңызды оқиғалар, тектік шежірелер атадан балаға ауызша жеткізілді. Бұл жөнінде Орта Азияның мәшһүр тарихшысы Рашид-ад-дин: «Моңғол-түріктердің көнеден жеткен салт-

дәстүрі бойынша, олар өздерінің ата-тегін, ру шежіресін есте сақтауға айрықша мән беріп отырады. Олар балаларына өзге жұрт сияқты тәрбие беру үшін тілі шығысымен-ақ құлағына ру туралы, ру шежіресі туралы аңыз-әңгімелерді құйып қояды. Бұл дәстүрден олар бұрын да, қазір де еш ауытқыған емес» [25, 29], - деп жазып қалдырған. Тарихы, өлең-жырлары ауызша тарады. Тек бірлі-жарымды жыр жолдары, тарихи деректері қытай жылнамаларында сақталғанымен, көп жағдайда қытай мүддесі үшін бұрмаланды. Оның өзінде кісі есімдері мен жер су атаулары қытайша дыбысталу заңдылығына сай жазылды.

Үшіншіден, дін және мәдениет қақтығысында үстем болған тараптар түріктердің діни және мәдени құндылықтарын түбегейлі жойып жіберуге тырысты. Себебі, діни мен мәдени құндылығынан айырылған халық өмірмұрасынан айыру үшін сырттан келгенде мәдениетін алға тартты. Оларға түрлі саяси айла-шарғылармен қытайларды, тибеттік дін мен соғды жазуын әкелген ұйғырларды, діни уағыздаған ирандықтарды және ислам дінін таратушы мұсылмандарды жатқызуға болады. Бұл туралы Мұхтар Әуезов: «... ескі дінді еске түсіретін ұғымның бәрін жоғалтып жіберді... Сондықтан жылдан-жыл өткен сайын ескілікті еске түсіретін нәрселер жоғалып барады» [26, 20], - деп нақты көрсетті. Түріктердің шығу тегін, елдік мұрат-мақсаттарын, кісі есімдері мен жер-суының аталуын анықтау үшін олардың жазба ескерткіштері мен тарихи жырларына, аңыз-әңгімелеріне ден қойсақ, біршама жайтты анықтауға болады.

Біздің жыл санауымызға дейінгі деректерге сүйенсек Алтай мен Қара теңіз, Сібір мен Сырдария арасында мекендеген тайпалар бір-біріне түсінікті жақын тілде сөйлескен. Сондай-ақ, кейбір тайпалар соғыс арқылы немесе әлеуметтік мұқтаждық себепті бірігіп, рулар мен

ұлыстарға айналды. Ұсақ тайпалардан құралған рулар мен ұлыстар күнделікті тұрмыс-тіршілік барысында бір-бірімен тығыз араласты. Жаңа қоныстарға көшу арқылы өзге рулармен қарым-қатынас орнатты. Мұндай байланыстың дамуы тілді едәуір жақындатып, нәтижесінде ортақ тіл пайда болды. Біз бұл тілді шартты түрде «скиф-сақ тілі» деп атай аламыз. Себебі, жазба деректерде сақтар қай тілде сөйлескені туралы нақты деректер жоқ. Десе де, грек тарихшылары мен қытай жылнамашылары жазып қалдырған аңыздарға, әңгімелерге, жер-су атауларына қарап, скиф-сақтардың, үйсіндердің, қаңлылардың, ғұндардың тілі түрік тілі дамуының алғашқы баспалдақтары екенін нақтылауға болады. Мәселен, антикалық тарихшылар сақтардың шығу тегіне қатысты қызықты әрі шынайы дерек келтіреді. Біздің жыл санауымызға дейінгі 500 жылдары өмір сүрген грек тарихшысы Геродот сақтардың түп атасы «Тарғытай» туралы аңызды жазып қалдырған. Тарихшы сақтар туралы еңбегінде: «Скифтер өз халқының шығу тегі туралы былай деп әңгімелейді, өздерінің есептеуі бойынша, олардың тұңғыш патшасы Тарғытайдың билік құрған заманы мен олар Дарийдің жеріне шабуыл жасаған жорығына дейінгі аралықта түп-тура мың жыл уақыт өтіпті» [27, 89], - деп көрсетеді. Геродот «өздерінің есептеуі бойынша» деп түрік жұртының арғы тегінен бастап жалғасып келе жатқан шежіре айту дәстүрін меңзесе керек. Шежіре айту дәстүрі атадан балаға ауызша мирас болып қалып, ел тарихындағы елеулі оқиғалар кейінгі ұрпаққа аңыз-әңгіме күйінде жетіп отырғандығын жоғарыда айттық. Ал, тарихи мәлімет бойынша парсы патшасы Дарий б.з.д. 516-512 жылдары шамасында сақ жеріне бірнеше мәрте жорыққа аттанғаны белгілі. Осы тарихи жорық болған уақытқа мың жылды қоссақ, Тарғытай шамамен біздің заманымызға дейінгі 1500 жылдары өмір сүрген болып шығады. Үлкен

Плинийдің куәлік беруіне қарағанда Геродот бұл аңызды Яксарт (қазіргі Сырдария) өзенінің солтүстігіндегі көшпелі халықтардың айтуы бойынша қағаз бетіне түсірген [28, 143].

Аңыз бойынша Тарғытай ол өңірге солтүстік шығыстағы «жалғыз көзді» аримаспалар мен «алтын қорыған грифтер» мекенінен қоныс аударған. Антикалық қалам иелерінің жазуына қарағанда скифтерден жоғары исседондар, одан әрірек - аримаспалар қоныстанған. Аримаспалардың арғы жағында ызғарлы Борей желі мен ешқашан қары кетпеген Рипей тауы орналасқан. Ал Рипей тауынан ары қарай теңізге дейінгі аралықта гиперборилер мен «алтын қорыған грифтер» мекендейді екен. Бұл қоныстану реттілігін Геродот та, Дамаст та, Аристотель де, Плиний де еш өзгертусіз жазып қалдырған [28]. Біздің шамалауымызша исседондар -қазіргі Жетісу мен Тарбағатай өңірін мекендеген үйсіндер. Грек тарихшылары «Борейді» терістік желінің құдайы деп түсіндіреді. Көне түркілердің нанымдары бойынша әр нәрсенің өз иесі бар. Жердің иесі -Ұмай, судың иесі - Сулай-Каан (Суғдай хан), жел иесі - Чилдей хан, ызғарлы қар аралас суық жел иесі - Борей (Борей хан). Қазіргі тілмен айтқанда -Боран. Ал, Рипей - алтын қорына бай Алтай өңіріне дәл келеді. Б.з.д. 2000 жылдар шамасындағы қытай жазбаларында және тасқа жазылған түрік бітіктерінде Алтай тауы «Алтын тағ» немесе «Мұз тағ» деп берілген. Археологиялық қазбалардың дәлелдеуі бойынша Жетісу мен Алтай аймағы сақтардың көп шоғырланған мекені болған [29].

Аңыздағы кісі есімдері, географиялық антропонимдер, этнонимдер түркі тілінің тарихы тереңде жатқанынан хабар берсе керек. Бұл ойымызды Есік қорғанынан табылған күміс тостағанға түсірілген жазу да нақтылай түседі. Аталмыш тостаған туралы белгілі түріктанушы ғалым Алтай Аманжолов: «Как позволяет

судить предложенная расшифровка, надпись на серебрянной чашечке относится к довольно ранней разновидности тюркской руники, тесно связанной с алфавитными письменностями Среднеземноморья середины I тысячелетия до н.э. Данная надпись сделана на древнетюркском языке, на котором, по видимому говорили ранние кочевники Семиречья» [6, 293.], - деп Жетісуды мекен еткен көне түріктердің өзіндік тіл ерекшелігі болғандығын және өздерінің әліпбиін біздің дәуірімізге дейінгі мың жылдай бұрын түзгендігін дәлелдейді. Бұмын, Истеми, Елтеріс, Біліге қағандар тұсында түркі халқы шығыста Қадырхан жынысынан (Үлкен Хянган тауы) бастап батыстағы Темір қақпаға дейін (Дербент), оңтүстігі Түбіттен (Тибет) солтүстігі Байыркуға (Сібір) дейінгі аралықта билік жүргізді. Білге қаған мен Күлтегін ескерткіштерінде осынау ұлан-ғайыр мекендегі бірнеше атау көрсетілген. Мәселен, көк түріктер Өтүкен жерін қасиет тұтып мекен етсе, Түргі-ярғун көлде жауын күйрете жеңген. Алтын жынысын (Алтай тауы) айнала, Ертіс өзенін кеше түргештерді қуып, Болчудағы қиян-кескі шайқаста оларды да ойсыратқан. Тізе бүккен халыққа рахым етіп, Табардан қоныс берген. Инжу өзенін кешіп өтіп, Темір-қақпа тұсында Соғдақ жұртымен шайқасқан. Қарлұқтарға қарсы Ыдук-баш пен Қаракөлде күрескен. Тоғыз-оғызбен бір жылда бес рет соғысып, ең әуелі Тоғла өзенін жүзіп өтіп, Тоғу-балықта, екіншісінде Аңдарғу мен Құшлұғұғда, үшіншісінде Болчуда, төртіншісінде Шу бойындағы Езгент-қадазда айқасқан. Ағуда екі рет үлкен соғыс жүргізген. Шұғай жынысының оң жағындағы Төгүлден бергі жазықты өз иелігіне қаратты.

Осынша жерге билік жүргізген түркі («бектері: халқы: тура жолда болмағандықтан: Табғаш халқының: тепкісін: көргендіктен: алданғандықтан:») бек ұлдары құл болды, сұлу қыздары күң болды. Табғаштың тіліне, дініне,

салт-дәстүріне, азын-аулақ, сыйына, қылымсыған қызына бойсұнған түрік бектері біржола табғаштанды (Күлтегін жазуын караңыз). Тұқымы азды, елі жойылды. Жер-су атаулары әскери, діни, мәдени жаулаушылардың ықпалымен өзгеріске түсті.

Демек, тарих қатпарларынан орын алған көне түркі жазуларындағы атауларды зерттеу және оның қазіргі ғылымдағы мән-маңызын анықтау түркітанушы ғалымдардың міндеті болып қала бермек.

Түркілік мұра және ұлт фольклоры поэтикасындағы өршіл рух

Қазақ халқының көп ғасырлар бойы қалыптасып, үздіксіз даму жолында келе жатқан сөз өнері ұлттық этнографиялық негіздерін сақтай отырып, әлем өркениетіндегі озық көрсеткіштер мен мәдени ықпалдастықтар дәстүрін дамуымен ерекшеленеді. Қазақ халқының ежелгі замандардан қазіргі кезеңге дейін ұласқан ежелгі мәдени байланыстары, ықпалдастықтары Шығыстың және Батыстың классикалық үрдістерімен үздіксіз жалғасуда. Қазақ сөз өнерінің әлем өркениетіндегі өзегі озық жетістіктерімен таныс болуы, игеруі, сол арқылы қазақ даласындағы рухани мәдениет алыптарының дүниежүзілік деңгейге танылғаны- тарихымыздың ақиқаты.

Қазақ сөз өнерінің байырғы түркілік өркениет дәуірлеріндегі жәдігерліктері Шығыстың және Батыстың тектес мұраларымен деңгейлес, үздіксіз болмысымен ерекшеленеді. Қазақ сөз өнері мұраларына арналған зерттеулердің барлығында да әлем халықтарының классикалық мұраларын ұлттық рухани құндылықтарымыздың ықпалдастығына айрықша мән бере қарастырған. Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салушы ұстаз Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш», Сәкен Сейфуллиннің «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1930), «Қазақ әдебиеті» (1932) Халел Досмұхамедұлының «Қазақ халқының әдебиеті» (1924), Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927) және тағы басқа кейінгі толқын зерттеушілердің еңбектерінде қазақ сөз өнері дамуындағы классикалық дәстүр ықпалдастығы үздіксіз назарға алынумен келеді.

Академик Мұхтар Әуезовтің ғылыми зерттеулері мен әдеби шығармаларында классикалық дәстүрлер ықпалдастығы үнемі айрықша орын алып отырады.

Суреткердің шығармашылығында планетамыздағы бес құрлықтың сан ғасырлар бойы үздіксіз жалғасқан классикалық әдебиеттер дәстүрлерінің өзара ықпалдасқан поэтикалық үрдісі адамзатқа ортақ көркемдік-эстетикалық дүниетанымның ортақтығын аңғартады.

Әлемдік сөз өнері шығармаларындағы әдебиеттік байланыстарды, көркемдік ықпалдастықтарды бағалау, назарға алу әдебиет алыптары жолымен кейінгі қаламгерлерге ұласты. Бұл орайда қазақ әдебиеттануы ғылымында әдеби байланыстарды жүйелеп қарастырған көрнекті ғалымдарымыздың (Ш.Сәтбаева [30], Кереева-Канафиева [31], Б.Б.Мамраев [32], т.б). іргелі зерттеулер жазғаны мәлім. Ал, қазақ халқының ежелгі әдебиет дәстүрлерін, қазақ рухани мәдениетінің қалыптасуын қарастырған зерттеулерде де бұл назардан тыс қалған жоқ.

Қазақтың байтақ даласын еркін билеп, иемденген, оны сырт жаулардан қорғаған сақ пен ғұндардың ерліктері жайлы көне жазбалардың жанрлық сипатына, көркемдік ерекшеліктеріне мән бере қарасақ, ежелгі түркі қаһармандық дастандары мен қазақтың батырлық жырлары арасындағы мазмұндық, тілдік, модельдік, стильдік ұқсастықтарды, тарихтың қандай да тосқауыл, дағдарысына қарамай дамып отыратын сөз өнеріндегі көркемдік дәстүр жалғастығын танимыз. Ғылымда сирек кездесетін деректермен шектелмей, ғылымның қиял көзімен өткенді елестету арқылы, яғни реконструкция тәсілімен көп жәйттердің құпиясын ашуға болатынын ескерсек, тарихи өмірдің өзі деректерден гөрі әлдеқайда бай, әрі сан қырлы болып келетіні хақ. Руна жазуындағы тарихи-эпикалық түркі жазба ескерткіштерінің әдеби шығармаға тән әдіс-тәсілдердің (теңеу, эпитет, метафора, ассонанс, троп, аллитерация, гипербола, риторика, т.б) көркемдік құндылықтары мен оқырманына ой салып, эмоционалдық әсер сыйлайтын қаһармандық асқақ рухы осыны айғақтайды. Ежелгі сақтардың ерлік тарихтарын,

салт-санасын, дүниетанымын, т.б. өмір көріністерін тарихи оқиға негізінде нанымды бейнелейтін дастандарды түркітанушы-ғалым И.В. Стеблеваның да, Н.Келімбетовтің де тарихи-батырлық жырларға жатқызуы содан.

Көне жазба ескерткіш мәтіндеріндегі түркі қағандары мен батыр-ларының ел бірлігі, мемлекет тұтастығы мен беріктігі жолындағы жанқиярлық ерлік істері мен кемеңгерлікпен басқару тәсілдері т.б. сол кезеңдегі өмір шындығымен байланыстырыла баяндалатын тарихи оқиғалар көбіне аңыз шеңберінде өрбиді. Әртүрлі тарихи құжаттарда, әр елдің аңыз-әпсаналарында көрініс тауып, үзік-үзік әрі жүйесіз жырланған сақтар мен ғұндар әдебиетін бір ретке келтіріп, жинауда ежелгі дәуірді зерттеуші А.Қыраубаева, Н.Келімбетов, М.Жолдасбеков, т.б. сынды ғалымдардың еңбектері ерекше. Және М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми ұжымы шығарған «Ежелгі әдебиетті зерттеу мәселелері» [33] атты еңбекті атап өтуге болады.

Осы орайда, профессор Н.Келімбетовтің «Томирис» дастаны туралы тараушасында әйгілі тарихшы Геродоттың «Тарих» атты көп томдық кітабы арқылы сюжеті жеткен туындының ұлттық әдебиет тарихындағы алар орнын ерекше бағалайды [33, 117]. Сондықтан сақ тайпасының патшасы Томирис ханша мен парсы патшасы Кир арасындағы жойқын соғыстың себеп-салдарына кеңінен тоқталып, аңыздың тарихи, әдеби, рухани қазына ретіндегі рөліне терең мән береді. Парсы елінің патшасы Кирдің б.з.б. 539 жылы Вавилонды жаулап алысымен сақтарға жорық жасап, сақ патшайымы Тұмардың жалғыз ұлы Спаргапистің айлакерлікпен өлтірілгені, шешендік сөздермен әдемі де әсерлі баяндалған жырдың өршіл рухани қуаты сан ғасырға сарқылмай жетіп, сан ұрпақтың санасына құйылғаны, намыс құрсағында өсіп-жетілген түрік қағанатының қаһармандық ерлігі жайлы ойларын осы аңыз негізінде өрбітеді, зерттеуші.

Кең байтақ жер мен елді ешкімге тәуелді етпей ержүректілігімен тарихта қалған көне түркі халқының арғы түбі болып табылатын сақтар мен ғұндардың өмірі мен тарихи тұлғаларының өнегесін өзек еткен еңбек көшпелі дала билігіне таласқан дәуір деректеріне де кеңінен тоқталады.

«Бұл шайқас мен білетін шайқастардың ішіндегі ең қатыгезі, ең аяусызы, ең адам көп құрбан болғаны еді» [27, 93], - деп тарихшы Геродот жазғанындай, шынында баласынан айрылып, ашынған ананың парсы әскерінің қанын суша ағызып, ақырында бірде-бір әскерін қалдырмай қырып салуымен аяқталады. Кир патша осы соғыста мерт болады. Сонда Тұмар ханым Кирге жазған хатындағы сөзін қайталап «...Ей, қанқұмар. Өмір бойы қанға тоймай, адам қанын суша шашып келіп едің. Бұл жарық дүниеде сен ашкөз қанға тоймадың ғой. Ал енді о дүниеде қанға тоятын боласың. Сені қанға тойдырамын деп уәде берген едім. Міне, сол уәдемді орындадым» [34, 43], - дейді. Томирис патшайымның бұл ерлігі ең даланы еркін билеген тәкаппар түркі жұртын ешкім еншілеп, билеп-төстей алмайды деген өрліктің өміршең өнегесі екендігін зерттеуші бүгінгі ұрпаққа өсиет ретінде ой өрбітеді. Өз елін, жерін қасық қаны қалғанша қорғаудың үлгісі, азаттық пен тәуелсіздік, өз отаны, от басы, бауыр еті баласы үшін қандай ерлікке де баратын сақтардың, яғни түркі жұртының ерлігін әйел -Ананың батылдығы арқылы дәлелдеп береді.

Тұмар ханымның осы ерлігі жайлы аңыз-әпсаналар әдебиетші ғалым Тұрсын Жұртбаевтың «Дулыға» [35] атты еңбегі мен жазушы Болат Жандарбековтің «Томирис» [36] романына өзек болады .

Қалай болғанда да Тұмар ханымның жеке басының бақытынан гөрі, елінің еркіндігін жоғары қойған қаһарман қыз ерлігін бүгінгі ұрпақтарымыздың бойына ұлт пен ұрпақты сүюдің үлкен үлгісі ретінде тағы бір еске салу үшін Кирге қайтарған жауапты сол күйінде келтіруді құп

көріп отырмыз: - «Келген жолдарыңызбен кері қайтыңыздар. Желігім желбіреп отырған қыз емеспін. Әңгіме менің жеке өз басым туралы болса, онда мәселе бір басқа. Мен - елімнің падишасымын. Мен иілсем – елімнің иілгені. Мидиялықтардың патшасы Кир ниетінен қайтып, отанына оралсын. Қаншама құдіретті болса да, Күн-тәңірімнің күні ертең кімді қолдап, кімге зауал әкелерін қайдан білейік. Кир көзін маған емес, менің еліме салып отыр. Ал еліме бұғау салдыртпаймын, ата-баба әруағы жатқан жерді жаттың табанына таптатқызып, қорлатпаймын. Соны есіне сақтасын» [35, 170], - деп қайыр сәлем айтты.

Кирді уәде еткендей қанға бөктіруі сақ ордасы падишасының шын мәніндегі таң қаларлық тарихи ерлік еді.

«Шырақ батыр» дастанының сюжеті осы оқиғаның заңды жалғасы іспеттес. Кирден кейінгі парсы патшасы Дарий 1700 мың нөкерімен тағы да «өздігінен ешкімге тиіспейтін, тиіссе ешкімнен иілмейтін» қайсар да ер жүрек түркі жұртының тамыры - сақтарды бағындыру жорығын жасайды. Дастанның өзі сақталмағанмен грек тарихшысы Полиэннің (б.з.б. II ғасыр) «Соғыс тактикасы» деген еңбегінде баяндалған Шырақ батырдың ерлігі сол аңыз қалпында келтіріледі Н.Келімбетов «Ежелгі дәуір әдебиеті» атты еңбегінде. Өз ұлты үшін өзін саналы түрде құрбандыққа шалған Шырақ батыр Дарий патшаның жер қайысқан әскерін құм сахарасының қалың ортасына апарып, елін аман алып қалады. «Бір адамның өмірі бүкіл сақтар елін аман алып қалса, сондай адам да арман бар ма, әміршім. Сіздерден жалғыз ғана өтінішім бар. Балаларым жетімдік көрмесін, - деген жылқышы жігіт Шырақтың ерлігі бүгінгі ұрпақтың бойына ұлтын сүюдің озық үлгісі емес пе?! Әсіресе, қарша борап тұрған құм ішінде қалған Дарий патшаның қылышының астында тұрып та: – Мен жеңдім. Біз жеңдік. Сақтар жеңді. Енді сендер мына шексіз жатқан құм ішінен

шығып кете алмайсыңдар. Бәрің жат жерде қырыласыңдар. Ал, мен өз елімде, өз жерімде өлем. Отан үшін жан пида. Мақсатыма жеттім. Енді мені өлтіре беріндер. Мен өлімнен қорықпаймын», - деген сөздерінде қаншама қайсарлық, ерлік, елін, жерін, отанын сүйген от бар. Ұлтын сүйген ұл ғана осындай ерлікке, өлімге бара алады. Міне, осындай Отан үшін от кешкен, өздерін құрбан еткен ерлеріміздің ерлігін жырлаған ежелгі әдеби мұраларды оқыған ұрпақтарымыздың: «Біз жарты әлемді билеген арийлер мен сақтардың, ержүрек түркілердің тікелей ұрпағымыз. Біздің тарихымыздың тамыры тереңде. Біздің мәдениетімізде, өркениетімізде өскен. Біз солардың мұрагерлері ретінде әлемді мойындатқан ұлы және тәуелсіз мемлекет құрамыз» [34, 26], - деген идеологияны ұстанары хақ. Бұл әрбір қазақтың ұлттық рухын көтеруге мүмкіндік беріп, ұлттық сананың мәйегі болмақ.

Түрік қағанатының негізін қалаушылардың бірі – Бумын қаған мен оның інісі Істемі қаған тұсында түрік қағандығы төңірегін түгелдей жаулап, ұлы державаға айналады, төрткүл дүниені билейді. Бумын қағанның кеменгерлігі оның тоз-тоз болған қандастарын қосып, ірі мемлекетке айналдыруы еді. Ол арманына қол жеткізіп, жарты әлемді бірнеше жылдар бойы дүрілдетіп билеп тұрды. Ал, оның ісін жалғастырған Істемі қаған туралы «Күлтегін» жырында:

Биікте-Көк тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ата-тегім
Бумын қаған, Істемі қаған отырған
Отырып түркі халқының
Ел-жұртын қалыптастырған,
Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен

Сарбаздарымен аттанып,
Төрт бұрыштағы халықты
Көп алған, бәрін бейбіт еткен.
Бастыны еңкейткен,
Тізеліні бүктірген
Білге қағандар екен,
Алып қағандар екен, - [9, 10]

деп тасқа қашалып жазылған сөздерде оның бүкіл әлемді аузына қаратқан айбары асқақтатыла жырланады. Бұл жыр жолдары Түрік қағанатының әскери қолбасшысы Күлтегін батырға арналған дастаннан алынып отыр. Тәуелсіздік аңсаған, бейбіт елді қорғаған қаһарман ата-бабамыздың батыл ерліктерін жырлап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, елдігімізді, еркіндігімізді қорғаудың қағидасын танытып келе жатқан әдеби жәдігерлеріміз қашанда ұрпақты ұлтын сүйуге, оның ұлттық құндылықтарын қасиеттеуге, білуге, сонымен мақтануға тәрбиелейтін құрал екендігі елге аян. Егемендігіміздің нәтижесінде біз бұрындары түрен салынбаған, тіпті санамыздан сызылып тасталған өз тарихымыздың тамырына барлау жасауға, оның бар екендігін елге естіруге мүмкіндік алдық. Сонау Үнді елін басқарып, әлемге әйгілі Тәж Махалды салдырған Бабыр бабамызды, Мысыр елін құрған Сұлтан Бейбарысты біздің ұрпақ білді ме?. Сол тәуелсіздіктің арқасында ашылмай жатқан қаншама мол мұраларымыз ел игілігіне айналды. Тамыры жоқ, тарихы жоқ, ойда-жоқта кеңестік кезеңде аяқ астынан пайда болғандай немесе төбеден түскендей сезінетін түркі жұрты өздерінің тарихы тереңге кеткен, бұтақтары төрткүл дүниені билеген, әлемнің төрт бұрышын жайлаған ұлы мемлекет екендігін енді біле бастады. Ғалымдардың зерттеуінше біздің, түркі жұртының тарихы біздің эрамызға дейінгі 542-558 жылдарға дейін түрік елінің қағаны болыпты, ол әлгі жырда айтылған «төрткүл дүниені билеп, бастыларды

еңкейтіп, тізелілерді бүктіріпті». Түрік қағанатын құрған Бумын мен Істемі қаған қайтыс болғасын ел азып, 20 жылдай өзара билік пен байлыққа таласқан күрес олардың ақырында ыдырауына алып келеді. Ол туралы С.Г. Кляшторныйдың «Древнетюркские рунические памятники, как источник по истории Средней Азии» [37] деген еңбегіне сүйеніп, 603 жылы ұлы мемлекет екіге бөлініп, елдегі алауыздықтан іргесі шайқалғаны жайлы келеңсіздіктің дерегін ақын Йоллығтегіннің Күлтегін батырға арнаған жыр жолдарынан табамыз:

«Түркі халқы елдігін жойды,
Қағандығынан айрылды;
Табғаш халқына бек ұлдары құл болды,
Пәк қыздары күң болды» [9, 11].

Алайда, тәкаппар әрі ержүрек түрік жұрты құлдықтан гөрі өлімнің өзін артық санап, өз азаттығы ұзақ жылдар арпалысқан түрік жұртына жарты ғасырдан соң Күлтегін батыр тәуелсіздікті сыйлайды. Бұл ежелгі әдеби жәдігерлердің ғылым тілінде «Орхон жазба жәдігерліктері» деп аталады. Ондағы әрбір тарихи деректердің түрік елінің даңқты қолбасшысы, Елтеріс қағанның кенже баласы Күлтегін батырдың (684-731) ерлік істері мен Күлтегін батырдың ағасы, түрік елінің көсемі Білге қаған мен оның ақылгөй кеңесшісі, данышпан Тоныкөк қарттың өмір шежіресімен байланысты екендігін ескеру керек. Осы кезеңдегі тарихи оқиғаларға сипаттама берсек, дастандағы Күлтегін батырдың бейнесін, «іші ассыз, сырты тонсыз, бейшара, мүсәпір халықты» «қалайша дәулетті, бақытты еткен» ерлігі дастанда:

Өлімші халықты тірілттім.
Жалаңаш халықты бай қылдым.

деп суреттеледі. Бұл тарихи деректердің қиялдан тумағандығын, шын мәнінде құс қанаты талар ұлан-ғайыр жалпақ өңірде өмір сүрген түркі өркениеті бір ғасырға жуық әлемді билеп тұрғанын тарихшы ғалымдар да дәлелдейді. Мәселен, көрнекті түркітанушы ғалым Л.Н. Гумилевтің Орхон жазба ескерткіштерін «көк түріктердің өздері туралы жазған шынайы шежіресі» [7, 328] деп бағалауы да тегін емес.

«Күлтегін» және «Тоныкөк» сияқты ғажайып дастандарды жазған Йоллығтегін өзінен бұрынғы түркі поэзиясының көркем сөз дәстүрін жақсы меңгеріп, жалғастырғаны, яғни сақтар мен ғұндар дәуірінің «Алып Ер Тоңға», «Оғыз қаған», «Аттила», «Шу», «Көкбөрі», «Ергенекон» сияқты дастандарды үлгі тұтқаны көркем мәтіндегі әдеби үрдісте үндестік тапқан.

Тасқа қашалып жазылса да өзінің көркемдік әлемін, бейнелік бояуын жоғалтпаған жазба жәдігерліктер мазмұн байлығы мен пішіндік өрнегі жағынан да поэзиялық сипатқа ие.

Орхон жазбаларында Йоллығтегін «адамдар» деп айтудың орнына «ел-жұрт», «адамзат ұлдары» деген ұғымға жете мән беріп, шашылып қалған жұртты бір жұмылдырықтай бір мақсатқа жұмылдырып, әлемдегі ортақ мақсат-еркіндікке, азаттыққа, тәуелсіздікке үндеуді үнемі назарға алып отырған. Бұл жырлар түркі жұртының жәй тобыр емес, ешкімге тәуелсіз елі, төл тілі, ұлан-ғайыр жері, өркениетті мәдениеті, тарихы бар және біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық мүддені мақсат еткен Ұлы Мемлекет екендігін паш етеді. Осынау ұлы тарихи міндеттерді мойындарына алған мемлекет басшылары мен ел көсемдері, көшбасшыларының көркем бейнелері елді қалай

біріктіремін деген қайғы жеген қасіретімен күрделеніп,
шынайы кестеленеді:

Күллі түркі халқына былай десті:

Елді халық едім,
Елім қазір қайда,
Кімге ел-жұрт іздермін [9, 15], -

деп қайғырады. Ағайынның алауыздығынан шашырап
кеткен ұлтты қалай ұйыстырамын:

Көрер көзім көрместей,
Білгір ақылым білместей болды [9, 15], - деп
қайғырады.

Міне осындағы ұлт үшін күресудің ұлылығы, елінің
егемендігі үшін қандай ерлікке де баратын қаһарман түркі
қағанның ішкі ойларынан үзінділер беріліп, ұлттық идеяға үн
кату мәселесі де қарастырылған. Оны ақын былайша
бейнелейді:

Мен – білге Тоныкөкпін.
Алтын қойнауын асып келдік,
Ертіс өзенін кешіп келдік,
Көп (екен) деп неге қашамыз?
Азбыз деп неге қорқамыз? [9, 27]

Аз болсын, көп болсын әр ұлт өз тәуелсіздігін алып,
ел мүддесі ұлттық идея арқылы қорғалып отырылуы қажет
деген қағида айтылады, мұнда. Асқақтап сөйлеу қай кезеңде
де барлық әдеби мұраға тән ортақ көркемдік құбылыс
болумен қатар эмфатиялық дауыс ырғағы елді, ұлтты
ұйытудың, елді біріктірудің, адамдарды аруақтандырудың
тиімді тәсілі де болса керек.

«Алып Ер Тоңға» дастанын ХІ ғасырдың аса көрнекті ақыны, данышпан ойшылы Жүсіп Хас Хажыб Баласағұнда түпнұсқадан оқып, өзінің атақты «Құтты білік» дастанында оның жеке-жеке үзінділерін пайдаланған.

Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастанының 277-286-шы бәйіттерін түгелдей Алып Ер Тоңғаны мадақтауға арнап, оның білімі мен парасатын паш етерлік көркем бейнесін былайша суреттейді:

Білімі-даңқы ұлы, көптің сарасы,
Білімді, ойлы әрі халық ағасы,
Зерек, дана көңілі сара, сері еді,
Жұтты жалған, елге тұтқа ер еді [11, 34].

Ал, әдебиет тарихына жазған мақаласында Н.Келімбетовтің ерекше назар аударатыны – осы «Алып Ер Тоңға» дастаны. Бұл шығармада да баяғы Иран мен Тұран арасындағы ежелгі қақтығыстардың сипаты көрініс береді. Парсы әскерлері Тұран еліне әскери экспансия, былайша айтқанда шапқыншылық қысым жасап, өздеріне керекті деген заттарын, адамдарын тартып әкете береді, даладағы бау-бақшаларын, егіндерін таптайды. Күйзеле бастаған халықты көтеретін – Алып Ер Тоңға. Соның бастауымен екі жақтың әскері соғысып, ақыры Тұран қолы жеңіп шығады.

Кәдімгі Фирдаусидың «Шаһнамасының» қаһарманы Рүстем батыр осы Алып Ер Тоңғамен жекпек жекке шығады. Бұлар бір рет емес, талай мәрте майдан даласында кездесіп, ұдайы тең түсіп отырады. Ал енді осы Алып Ер Тоңға бейнесі сол «Шаһнама» дастанында да сомдалыпты. Бірақ ондағы мінез-құлқы жағымсыз сипатта. «Шаһнама» авторы оны Афрасияб деп алған.

Шығарманың өн бойында қазақтың батырлық жырларына тән белгілердің мол кездесетінін Н.Келімбетов

нақты мысалдармен дәлелдеп шыққан. Қазақ оқырмандарына онша таныс емес осынау көне жырдың мазмұндық құрылымы, көркемдік тәсілдері мен ой қорытындылары нағыз қазақ ауыз әдебиетінің үлгісімен сәйкес шығып жататыны зерттеуде жекелеген шумақтар арқылы да айқын көрсетілген. Басқасын былай қойғанда, қазақ жырларына тән болып келетін түс көру штрихын алайық. Алып Ер Тоңғнаның сондағы көрген түсі жырда былайша сипатталады екен:

Иран қолы қара құрым қаптаған,
Жерімізді аямай-ақ таптаған.
Әр найзаға бірі бір басты іліпті,
Бір бір басты қолтықтап та жүріпті.
Жарқ еткізіп, алмас қылыш жасқады,
Қақ ортамнан екі бөліп тастады.

Алып Ер Тоңға батырға жер қайысқан қалың қолдың еліне жақындап келе жатқанын сездіретін белгі осындай қорқынышты түс. Қаптап келе жатқан, әрине, басқа емес, Иран әскері.

Зерттеушінің осы арадағы ендігі әдісі – салыстыру. Ол қазақтың «Алпамыс батыр» жырындағы қалмақ ханы Тайшықтың қалай түс көргендігін, ол түстің мазмұны осы жырдікіне ұқсас болып тұрғанын шендестіріп өтеді. Тайшық түсінде Алпамыс батырдың өзін көрсе, Алып Ер Тоңға қаптаған жау әскерін көрген екен. Бір ауыз сөзбен айтқанда, «Алып Ер Тоңға» дастанының мазмұны, идеясы, көркемдік тәсілдері бертін келе, қазақтың батырлық жырларынан өзінің көркемдік дәстүр жалғастығын тапты. Мұны бәрі ежелгі сақтар біздің арғы ата-бабаларымыз екенін растай түседі» [38, 343] деп бір қайырады зерттеуші ғалым.

Бұдан біз қазақ халқының еркіндігін қорғаған қаһарман батырлар жайлы жырлардағы көркемдік

дәстүрдің ежелгі дәуір әдебиеті мұраларынан желі тартатынын көреміз.

Көне түркі ескерткіштеріндегі «Төбемде Көк тәңірі, төменде Қара жер жаралғанда екеуінің арасында адам баласы жаралыпты» деп тасқа таңбаланған жолдар ата-бабаларымыздың тылсымға толы кеңістікті пайымдаған танымын көрсеткен.

Ата-бабамыздың бостандық пен еркіндік таңын аңсаған арманының тамыры көктүркілердің тынымсыз майдан, азаттық жолындағы арпалыс дәуірінен бастау алады. Оған тарихи айғақ - Тоныкөктің, Білге қағанның, Күлтегіннің тасқа таңбаланған жырлары. «Күлтегін» жырында көрінетін тәуелсіздік идеясы халқымыздың арман-тілегі қазіргі таңдағы азаттық таңының алауынан от боп өріліп көрінеді. Жырдағы:

Тауғаш халқына бек ұлдары құл болды,
Пәк қыздары күң болды,
Түркі бектер түркі атын жоғалтып,
Тауғаш бектерінің тауғаш атын тұтынып,
Тауғаш қағанына бағынды
Елу жыл ісін-күшін берді. [1]

Бұл шумақтардағы «... ой арнасы - елдің тәуелсіздігі, береке- бірлігі» [2, 19 б.]. Тарих көктүріктер мен қытайлардың арасындағы жаугершілік заман болғанын, екі мемлекеттің бір-бірінің жерін басып алып, ұлын құл, қызын күң еткенін көрсетеді. Бұл туралы жалпы түркі халқының пайда болуы, дамуы, мәдениеті мен тарихы, тарихи қоғамдық өмірде алатын орыны туралы ғұлама ғалым Л.Гумилев «Көне түріктер» атты іргелі еңбегінде егжей-тегжейлі баяндайды [3, 19 б.]. Тасқа басылған көне жырлар ата-бабаларымыздың рухани мұраларының сан қырлы болғандығын көрсетеді. Адамзат баласының

эволюциялық даму жолында жүріп өткен жолы, атқарған істері бүгінгі күнге жетуіміздің негізгі бастау-қайнары екенін көреміз. Жалпы халықтың бостандыққа деген құлшынысы оның басынан өткерген күрестерімен өлшенеді. Жаугершілік көрмеген халық, бейбітшілік пен еркіндіктің де қадірін білмесе керек.

Қаның судай ақты,
Сүйегің тау боп жатты.
Бек ұлдарың құл болды...
Пәк қыздарың күң болды...
Тізеліні бүктірдік,
Бастыны еңкейттік...
Еліміз қайта ел болды,
Халқымыз қайта халық болды.

Кешегі тарих бүгінгі ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, бүгінгі ел басқару мәселесінде идеологияның рөлін атқарады. Осы ретте Күлтегіннің көк тасының елімізге әкелінуінің ұрпақ үшін маңызы зор екендігін айта кеткен орынды. «... Ерлік пен ездік, соғыс пен бейбітшілік, құлдық пен тәуелсіздік жайында тебірене толғайтын ғажайып жыр жолдары» [4, 33 б.] бүгінгі таңға бабалардың ерлік рухын, азаттық аңсаған аласапыран көңілдерін жеткізіп тұр. Уақыт жалғаса бергенімен, тарих жаңа құндылықтарды алдыңғы қатарға алып шыққанымен елдің еркіндік мұраты өзгерген емес. Дүниені құрайтын алтынөзек желілер жалғасын тауып, қазақ хандығы құрылған уақыттағы жыраулар әдебиетінен де көрініс тапты.

Мәселен, «Күлтегіндегі» Тоныкөктің образы ел қамын жеген ұлт көсемінің бейнесіне ұласқан:

Түнде ұйықтамадым,

Күндіз отырмадым,
Қызыл қанымды төктім,
Қара терімді ағыздым.
Күш-қуатымды аямадым,
Мен өзім ұзақ жорықтарға да бастадым - [9, 28]

деген өлең жолдары өз елінің бостандығы үшін өлімге бас тіккен батырлардың жиынтық бейнесі сомдалып, ұлт идеясы көкселіп отыр (103 б).

Ежелгі жәдігерлерде өріс алған ұлт мұраттарының кейінгі «Қамбар батырдағы» қаһармандық ерлікпен үндесуі әдеби үрдістің әдемі үлгісін танытады:

Қарсыласқан дұшпанға
Қайраты асқан алаштан,
Қараман ханды білмейді,
Қыз Назымға таласқан [39, 99].

Сондай-ақ Тоныкөктің ел басқару тәсілі мен түркі жұртын аман сақтау мен ел азаттығы жолындағы арманы, философиялық ой-пікірлері кейінгі Абылай ханның арманына ұласып, ол Бұқар жыраудың толғауларында жарасымды жалғасын тапқанын:

«Биік тауға жарасар
Ығынан тиген пайдасы,
Терең сайға жарасар
Тобылғылы саласы,
Ер жігітке жарасар
Қолына алған найзасы»... –

деген жыр жолдары да айғақтайды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының ХХ ғасырдағы дамуында ұлттық сөз өнері мұраларының халықтың төл

тарихын танытатын үлгілері арнайы зерттеле бастады. Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926 ж.), Халел Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (1924 ж.), Мұхтар Әуезовтың «Әдебиет тарихы» (1926), Сәкен Сейфуллиннің «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1930), «Қазақ әдебиеті» (1932) атты еңбектері қазақтың ауызша авторлық поэзиясы мұраларын зерттеудің алғашқы негіздерін жасады. Фольклортану мен әдебиеттану заңдылықтары тұтаса қолданылып, қазақ сөз өнеріндегі авторлық әдебиеттің ұлттық мәдениет аясында дамуының тарихи-поэтикалық негіздері туралы ғылыми тұжырымдар жасалған еді.

XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап қазақ әдебиеті тарихының классикалық негізі, басты арнасы болып саналатын қазақтың ауызша авторлы поэзиясына арналған жаңа ғылыми тұжырымдар тиянақты еңбектер де бой көрсетті. Академик Ә.Марғұланнның, профессор Ә.Қоңыратбаевтың, профессор Е.Исмаиыловтың, профессор Б.Кенжебаевтың, профессор Х.Сүйіншіәлиевтың, ғалым Е.Тұрсыновтың, ғалым-жазушы М.Мағауиннің және профессор Н. Келімбетовтың, т.б. кейінгі зерттеушілердің осы саладағы тың ізденістері жазылды. Академик Ә.Марғұланнның: «О носителях древней поэтической культуры казахского народа» [41] атты еңбегі осы саладағы зерттеулердің тарихи негізділігіне тиянақты бағдар болды. Ғалым қазақ жырауларының тарихи оқиғалардың ортасында жүріп, тұрмыстық-әлеуметтік мәселелерге қайраткерлік және шығармашылық қызметімен белсенді ықпал еткенін бағалайды. Сонымен бірге, жыраулардың халықтың көркемдік-эстетикалық дүниетанымына ықпал еткен тарихи тұлғаларына да бағалаулар да жасаған.

Профессор Немат Келімбетов аталған алдыңғы толқын ғалымдардың зерттеулерін өзіндік тың байыптауларымен жалғастырды. Ежелгі дәуірдегі түркілік әдеби жәдігерліктер мен қазақ жыраулары поэзиясының тарихи-поэтикалық

жалғастығы, сабақтастығы мәселесін алғаш рет арнайы қарастырды. Бұл орайда, зерттеуші өзінің ұстазы Бейсенбай Кенжебаевтың өзі секілді шәкірті, Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулар поэзиясын арнайы зерттеп, іргелі монографиялық «Қобыз сарыны» атты кітап жазған ғалым-жазушы Мұхтар Мағауиннің ғылыми тұжырымдарын да назарына алды: «Туған әдебиетіміздің түп негізі көне дәуірге – түркі тайпалары әлі жеке-жеке халық болып жіктелмеген, ортақ мәдениет, ортақ мұра жасап жүрген кезеңге барып тіреледі. Ал туыстас түрік руларының бір тобы қазақ деген атпен бөлініп, өз мемлекетін құруымен байланысты XV ғасырдың орта шенінен бастап, дербес, қазақ атымен аталатын әдебиет аренаға шықты» [42, 151-152 б.б.]. Бұл – қазақ әдебиеті тарихын құрайтын ежелгі және кейінгі дәуірлер жалғастығын анықтаған ортақ пікірлер үндесуіне жол ашатын құнды пікір.

Профессор Немат Келімбетовтің «Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ жыраулары» [43] атты еңбегі ұлттық сөз өнері тарихының табиғи сабақтастығының, көркемдік жалғастық жүйесінің шынайылығын ғылыми тұжырымдаумен ерекшеленеді.

Еңбекте ежелгі түркі поэзиясы мен қазақ жырауларының дидактикалық-философиялық сарындағы толғау өлеңдерінің мазмұны мен пішіні үндестігін атаған. «Күлтегін», «Тоныкөк» эпикалық дастандарындағы тарихи тұлғалардың-кейіпкерлердің өз аттарынан жырлануындағы шешендік толғаныстардың, мақал-мәтел, мадақ сөз, жоқтау тектес үлгілердің ерекшеліктерін бағалаған. Сонымен бірге, мәтіндердегі тармақтар, шумақтар үндестіктері де талданған. X-XII ғасырлардағы М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігіндегі батырларды бейнелейтін, ерліктерін мадақтайтын жоқтау, мадақ өлеңдердің ұйқас, тармақ ерекшеліктері ақын-жыраулар мәтіндерімен салыстырылған.

Алтын Орда кезеңінің ескерткіштері «Мұхаббат наме», «Хұсырау-Шырын», «Гүлістан бит-түрки» ескерткіштерінің

де ежелгі түркілік негіздеріне назар аударылған. Кейбір грамматикалық құрылымдардың (Есімшенің –ған, -мыш формалары, етістік баяндауыш қызметі, т.б.) сабақтастығы да көрсетілген. М.Қашқари «Сөздігіндегі» (XI ғ) жыр жолдары мен XIX ғасырдағы Дулат, Махамбет шығармаларының үндестігі талданған.

Профессор Немат Келімбетов ежелгі дәуір әдебиетінің философ ақыны Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы көптеген тармақтардың қазақ мақал-мәтелдерімен («Сабыр түбі-сары алтын», «Сабырсыз қалар ұятқа», «Сабырлы жетер мұратқа», «Ашуды ақылға жеңдір», т.б.) үндестігін де атаған. Сонымен бірге Жүсіп Баласағұн дастанындағы қоғамдық-әлеуметтік, адамгершілік-имандылық туралы ой-тұжырымдардың XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы дәуірі жырауларымен үндестігін салыстырған. «Құтты білік» дастанындағы халықты, мемлекетті басқаратын билеушілердің әділ, қанағатшыл, іскер, жомарт, қайырымды және т.б. қасиеттерін жыраулар поэзиясындағы билеушілерге арналған ойлармен сабақтастырған:

«Ал, қазақ жырауларынан Асан Қайғының Жәнібек ханға, Шалкиіз Тіленшіұлының Ноғайлы әміршісі Темір биге, Жиёмбет Бортоғашұлының Есім ханға, Марғасқа жыраудың Тұрсын ханға, Үмбетей жыраудың Бекболат биге, Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқан толғауларында ел басқаратын адамға қажетті қадір-қасиет туралы көп жәйттер сөз болады» [43, 257].

Зерттеуші түркі халықтарына ортақ ескерткіштер мен қазақ ақын-жыраулары поэзиясындағы поэтикалық үндестіктердің тарихи шындыққа негізделген сипатын, көркемдік үндестіктер табиғатын салыстырған. Ежелгі және қазақ хандығы мұраларын салыстырғанда қарама-қарсы мағынадағы қолданыстарды (әділдік пен әділетсіздік, жақсы мен жаман, қанағат пен ашкөздік, даналық пен надандық,

достық пен қастық, жастық пен кәрілік, өмір мен өлім, т.б.) мәтіндік талдаулармен көрсеткен. Әдебиет дамуындағы осындай үндестіктердің кейінгі әдеби үдеріс дамуына жалғасқанын мәтіндік талдаулармен саралаған. Қазақ сөз өнеріндегі ауызша авторлық поэзияның жазбаша кәсіби шығармашылыққа ұласуындағы осындай сабақтастықты айқындау арқылы халықтық көркемдік ойлау тереңдіктері айқындалған.

Зерттеуші ежелгі және XV-XIX ғасырлар мұраларын салыстыру барысында әр кезеңнің өзіндік өзгешеліктерін де саралап атаған: «Дегенмен, ежелгі түркі поэзиясында қоғамдық-әлеуметтік мәселелер мораль-этика, адамгершілік принциптері, т.б., көбінесе, жалпылама, абстракты түрде жырланып келген еді. Ал қазақ жыраулары ежелгі түркі ақындарының гуманистік, әлеуметтік және философиялық ой-пікірлерін XV-XVIII ғасырлардағы жаңа тарихи жағдай талаптарына сәйкес жетілдіре түсіп, шешендік-дидактикалық поэзияның бұрын-соңды болмаған толғау үлгісін жасады. Бұның өзі қазақ қауымының күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, ұғым-түсінігіне, нақты өміріне бір табан жақын поэзия еді» [43, 261].

Профессор Немат Келімбетов түркі халықтарына ортақ ежелгі әдеби жәдігерліктер мен кейінгі ақын-жыраулар мұраларындағы арасындағы поэтикалық үндестіктер туралы ойларын әдеби көркем шығармаларының сюжеттік-композициялық желілерінде пайдаланды. Бұл ғұлама ұстаздың адамгершілік-имандылық тұғырындағы парасат биіктігін танытатын ерекшелік.

Қорыта айтқанда, көрнекті түркітанушы ғалым, профессор Немат Келімбетов зерттеулеріндегі түркі өркениеті әдеби жәдігерліктері мен қазақтың кейінгі төл әдебиеті арасындағы көркемдік дәстүр жалғас-тығы мәселесі тәуелсіз Қазақстанның жаңа зерттеулеріне де ғылыми-

методологиялық бағдар береді. Бұл – ғалым-ұстаз еңбегінің ұмытылмайтын жолы.

Әдебиет тарихында хандық дәуір әдебиетін зерттеген ғалымдар Кеңес дәуірінде, жыраулар поэзиясын тарихи поэтика шеңберінде көркемдік дәстүр жалғастығы аясында зерттемегені белгілі. Жыраулар поэзиясы дербес өз алдына қарастырылып, аморфты күйде зерттеліп, алдыңғы және кейінгі кезеңдермен дәстүр жалғастығы мәселесі сөз етілмейтін. Әрине, бұл хандық дәуір әдебиетін зерттеуші ғалымдардың кінәсі емес еді, әдебиет тарихын тұтас сабақтас жүйе ретінде қарастыратын методологияның әлі де болса жетілмегендінің көрінісі десек болады. Көрнекті ғалым Н.Келімбетовтың зерттеулері қазақ әдебиеті тарихындағы осы кемшін түсіп жатқан әдіснаманың орнын толықтырды, жетілдірді. Тарихи поэтика шеңберінде ежелгі дәуір, орта ғасырлар түркі мұраларын зерттеуді қолға алған ғалым, кейінгі тұста Алтын Орда дәуірі мен хандық дәуірі туындыларымен параллельдер жүргізе отырып, салыстырмалы зерттеуді қолға алады. «Дидактикалық сарында айтылатын қазақ жырауларының толғау-жырлары өзінің ішкі табиғаты жағынан ежелгі мақал-мәтелдерге және шешендік сөздерге мейлінше жақын болып сол қанатты сөздерден туындап жатады. Жалпы, мақал-мәтелдер мен шешендік сөздер толғау жанрының жанды өзегін құрайтын басты элементтер болып табылады» [1, 185],- деген ғалым ойлары шешендік өнер табиғаты мен поэзияның байланысын монографиялық тұрғыда зерттеген академик В.Виноградовтың пікірлерімен үндесіп, ауызша туған авторлы әдебиет, жыраулар поэзиясының спецификасын аша түседі.

Толғау жанрының табиғатын тануда оны түркілік шешендік өнер мен мақал-мәтелдермен, сондай-ақ дастан-жырлармен байланыста талдауы мол жеміс беріп, толғау табиғатын, жыраулар шығармашылығы ерекшелігін терең

тануға мүмкіндік ашты: ««Құтты білік» дастанындағы әлеуметтік-дидактикалық сарындар қазақ жыраулары поэзиясында қайталанып, мазмұн жағынан да, формасы тұрғысынан да кемелдене түседі.

Сондай-ақ қазақ жыраулары (XV-XVIII ғғ.) кезінде дидактикалық сарында айтылған гуманистік, философиялық ой-пікірлерді қоғамдық дамудың жаңа асқар биігіне шарықтатып шығарды. Қазақ жыраулары түркі дәуірі шайырларына қарағанда елдің қоғамдық-әлеуметтік өміріне белсендірек қатысып отырды.

XV-XVIII ғасырлардағы қазақ жырауларының поэзиясы дидактикалық сарындағы түркі әдебиетінің жалғасы ғана емес, сонымен бірге, қазақтың өзіндік төл әдебиетінің бастауы да еді» [1, 192].

Жыраулық поэзия туралы сөз қозғағанда, ноғайлы дәуіріндегі әдебиет мұраларына біржақты қарап, оның ірі өкілдерін қазақ, қарақалпақ, ноғайдың әрқайсысына еншілеп келдік. Ал, шын мәнінде, Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз жырларын «төрде басы, төскейде малы бір болған», түбі бір туысқан, тілі етене жақын осы халықтардың төл шығармалары дегеннен дербес туындылар деп таныған жөн болар еді. Мұның өзіндік тарихи сыры бар: Еділ мен Жайық арасын ноғайлар мен «қара бөріктілер» (қарақалпақтар), осы өңір мен оған жапсарлас Сарыарқаны қазақтар жайлап, аралас-құралас отырған бауырлас үш халықтың әдебиеті бір арнадан тарады да, XV-XVI ғасырларда бұл халықтардың ара-жігі соншалықты ашылған жоқ. Үш халық ішінде бәріне ортақ ру аттарының кездесуі туыстық тәркінінен болар.

Біздің әдебиетіміздегі тәуелсіздік идеясы бұдан әрі қазақ халқының ең үлкен рухани жәдігерлері санатына қосылатын жыраулар шығармашылығынан орын алған болатын. Қазақ хандығы құрылып, енді ғана ел болып, етек-жеңін жинай бастаған жас мемлекетке көз

алартушылар, басып алғысы келгендер де көп болған. Батырлары «білектің күші, найзаның ұшымен» ел қорғаса, ақындары идеологияның жандануына көмектесіп, елдің рухын көтеруге, азаттық пен ел мен жұртты қорғау жолындағы ұрысқа халықты үндей білген. Тәуелсіздік идеясы бұл ретте туған жерден айырылу, елмен, жермен қоштасу, ханға кеңес беру, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды аңсау сипатындағы шығармалардан көрінеді.

Ай, хан ием, мен айтпасам, білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің, - [5, 14 б.].

Осы жолдармен басталатын «халық ұғымындағы көшпенді философ» (Ш.Уәлиханов) Асан қайғы жыраудың толғауынан біздер ата-бабамызды толғандырған азаттық пен бостандық идеясының түркілерден бастау алған алтын өзегін көреміз. Бұл туралы ғалым Ә.Қоңыратбаев: «ол - ел басындағы ауырмалықты жырлап, заман жайлы сыншыл ой тудырған философ, замана сыншысы еді», - дейді [2, 288 б.].

Жалпы жыраулар әдебиетінің өкілдері тек қана шығармашылық иелері ғана емес, шынайы қоғам қайраткерлері болып келеді. Олардың шығармашылығы қоғамдық қарым-қатынастардың безбені секілді, әмбебап міндет атқарған. Сол замандардағы, жалпы ата-бабамыз тарихындағы түрлі қоғамдық қарым-қатынастарды, саяси ахуалды, қаласаңыз экономикалық әл-ауқатын да біздер туған халқымыздың рухани шығармашылығынан көреміз. Жыраулар әдебиеті өкілдерінің әрқайсысы рухани әлемдегі бір-бір ғасырды бүгінгі таңмен жалғастырып тұрған алтын

көпір. Олардың стилдік-көркемдік ерекшелігі бір төбе де, тарихи-фактілік құндылықтары бір басқа.

Ел қияға қонғай ма,
Еділ, Жайық арасы
Кеңшілік қоныс болғай ма?!
Ебей бас құба үлек,
Ернімен шырпы шалғай ма?!
Бұл қоныста отырып,
Біздің мұсылман баласы
Жағасы босап тынғай ма?! [6, 20 б.]

Қазақ халқының ел болып дамуы жолындағы тәуелсіздік идеясының таралу және даму желісін Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марқасқа, Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей сынды халықтың арда туған ұлдарының шығармашылықтарынан көреміз. Жаугершілікті көп көріп, даласы сан ғасырлар бойы майдан алаңына арналған халықтың азаттықты ерекше аңсауы бір бөлек. Жалпы алғанда, қазақтың ауыз әдебиетінде, ертегілерінде, фольклорлық шығармаларында, батырлар жырында, жыраулар әдебиетінде, одан бергі әдебиет өкілдерінің туындыларының барлығында азаттық идеясы бар да, титтей де басқыншылық идея атымен жоқ. «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын батыр», т.б. батырлар жырындағы олардың бітімі бөлек тумыстарының өзі сол елдің қорғаны болуға халықтың арман-тілегінен туғандығы, яғни азаттығын сақтау жолындағы күреске елін бастап апаратыны ерекше аталады. Бұл біздің халқымыздың тарихи тағдырымен тығыз байланысты, оның жалпы генетикалық ойлау жүйесін танытатын эпикалық туындылар.

Тасқа түскен жазулардың, жырлардың сыртында халықтың көңіліне жол тапқан, арман аңсарын жеткізген, мұрат мүддесін асқақтаған қазақтың батырлық жырлары да ұшан-теңіз рухани байлығымыз саналады.

Қазақтың батырлық жырларынан кейін ел, жер қорғау, азаттық идеясы қазақ ақын-жыраулары поэзиясында (XV-XVIII ғғ.) және зар заман ақындары аталатын XVIII ғасырдың соңынан бастап, XIX ғасырды тұтас қамтитын Ресей отаршылдығына қарсылықтан туған поэзияда кең өріс тапқан.

Сол себепті де ауылы аралас, қойы қоралас, тілі бір, тіпті әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі де бір үш халық арасында Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет аттары бірдей таралып, қазақ, қарақалпақ, ноғайға ортақ тұлғалар болып танылған. Сондықтан да алғаш рет көрнекті қазақ ақыны Ғұмар Қараш «Ғабдолла Мүштақ» деген бүркеншік есіммен құрастырып, 1910 жылы Орынборда шығарған «Шаир, яки қазақ ақындарының басты жырлары» жинағында олардың жырларын жариялады да, бұл кейін жыраулар шығармаларының белгілі жазушы-ғалым М.Мағауин құрастырған «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды» (1984, 1989) жинақтарында, «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» хрестоматиясында (1993) жарық көруіне негіз болды. Сонымен бірге Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз шығармалары ноғай әдебиетінің өкілі ретінде М.Османов құрастырған «Ноғайуа құмық шиғырлары» (1853), А.Кәнібеков құрастырған «Ауыл поэзиясы иа де ноғай әдебиеті» (Маңашкала, 1933), «Яшав соқпақлары» (Черкесск, 1979) жинақтарына еніп, А.Сикалпевтің «Сынап қарап, сырласып...» атты зерттеуінде (Черкесск, 1973) олар ноғай ақындары ретінде, ал К.Мәмбетовтың Нөкісте шыққан «Әмудария» журналында жарияланған

мақаласында (1972. № 9) қарақалпақ жыраулары ретінде зерттеледі.

Қазақ қарақалпақ және ноғай халықтары бірге өмір сүрген кез жыраулық поэзияның алтын дәуірі болды. Сол себепті де бөле-жаратын ештеңе жоқ екенін айта келіп, «бұл сипаттас біраз сөз үлгілеріне казак, ноғай, қарақалпақ т.б. халықтардың ортақ еншілігі бар мұра ретінде қарау керек» [44, 152] деген Қ.Өмірәлиев пікірі мен бұл нұсқаларды осы халықтарға ортақ туындылар деп тану қажеттігін айтқан Р.Сыздықова ойын толық қостаған дұрыс.

Үш халық құраған «ноғайлы цикліндегі» әдебиетте үшеуінің де еншісі бар. Осы дәуірге тән жыраулар поэзиясы қазақ әдебиетінде кең арнамен дамыды да, ата-қоныс жер үшін, атамекен ел үшін «ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен» қан төгіп, «ақтабан шұбырынды» заманын бастан кешкен халқымыз өлең-жыр өзегін кейінгі ұрпақтарға аман-есен жеткізді. Бұған халқымыздың өткен өмірінен хабар беретіні аса бағалы құндылықтардың бірі - «Қырымның қырық батыры» эпопеясындағы «Қарға бойлы Қазтуған» жыры және оның түркілік эпикалық дәстүрмен жалғастығынан да көре аламыз. 1942 жылы Мұрын жырау Сеңгірбекұлының айтуынан жазылып алынған барлығы 35 жырдан тұратын бұл жырлар топтамасына енетін көптеген жырлар тек аталмыш жыраудың жадында сақталу арқылы бізге жеткен, қазақтан және өзге халықтардан шыққан эпосты орындаушылардың басқаларының репертуарында кездеспейтін туындылар.

Солардың бірі болып табылатын «Қарға бойлы, Қазтуған» жырының бас кейіпкерлерінің бірі - түркі халықтарының атақты жырауы Қазтуған Сүйінішұлы. Оның өмірбаяны жөнінде: «Қазтуғанның туып-өскен қонысы - Еділден бөліне шығып, онымен жарыса ағатын Ахтуба, Бодан (Бозан) өзендерінің бойы, қазіргі Красный

Яр қаласы тұрған маңай. Жырау көшпенділердің шынжыр балақ, шұбар төс әскери аристократиясынан шыққан сияқты. Халық аңыздарында ол - көлікбасы батыр» [45, 16], - деген мағлұмат берген [1, 16] көрнекті қаламгер М.Мағауин өз еңбегінде жыраудың өзін мадақтаған жырына тоқтала отырып:

«Қазтуғанның білегінің күші қаншалық болғанын біз білмейміз, ал ақындығына келсек, оның мындай сөздерді айтуға толық қақысы болғандығы көрінеді. Алдымызда кеудесі тола жыр, көмейі күмбірлеген ортағасырлық жыраудың таза үлгісі тұр. Шығармалары сақталмай, біздің заманымызға аттары ғана жеткен, өздері аңыз кейіпкерлеріне айналған ұлы жырау Кет-Бұға, Жұма-Құл, Сыпыралардың поэзиясы жайында ештеңе айта алмаймыз. Бізге шығармаларымен жеткен бірінші ақын - осы Қазтуған» [45, 173],- деген ғылыми тұжырымын ортаға салған.

Қазтуғанның өз халқының есінде тек көркем сөздің шебері ғана емес, батыр ретінде де сақталғанына біз сөз еткелі отырған жыр да айғақ бола алады. Аталған тұлғаның жұрт тағдыры талқыға түскен сәттерде еліне басшылық жасап, жөн көрсете білген азамат екендігін бұл топтамадағы өзге жырларды оқи отырып та аңғарамыз. Мысалы, «Айсаның ұлы Ахмет» атты жыр Ноғайлы елінің Айса бастаған бір бөлегі өзге жерге қоныс аударуына байланысты Асан қайғының өз ұлына:

Әй, Абатжан, Абатжан,
Қасыңа өзің ертші -
Жол білер ағаң ерТоған.
Қарғабойлы, Қазтуған,
Соларды қасыңа ал дағы,
Артынан қуып бар, - деді.
-Кешегі көшкен ноғайдың

Қонған жерін көр,- деді.
-Айсайдайын басшыға
Жолығып жауап бер,- деді.
- Абат пенен ер Тоған,
Қарғабойлы Қазтуған
Салған жолы сүрлеудей
Ерлер ғой жолың азбаған, -

деп тапсырма беруінен басталады. Халықтың болашағын ойлағандықтың белгісі болып табылатын бұндай қоныс аударушылықтардан Асан қайғы мен Қазтуғанның да шет қала алмағандығын олардың өз туындыларын және «Қарғабойлы, Қазтуған» жырының ең басында кездесетін:

Токсан бауды ноғайлар
Мәслихат төбе басында.
Жиылып кеңес құрады,
Темірдің төмен қасында.
Жем өзенінің жағасы
Мекен еткен қаласы
Он сегіз күн кеңесті
Ноғайдың сонда баласы.
Асанқайғы ер туған
Сыр дариясын жағалап,
Нұрдың Қарабайыры
Солай асып жөнелді.
Қарғабойлы, Қазтуған:
«Шам шәһәріне кетем,- деп.
-Мұнда тұрып, не етем?»- деп,
Қарт Әділ Жәнібек
Қалған жері осы еді.
Асан қайғы көшкен жер
Шыңғырлау, Торыат басы еді
Қыземшекті, Сарышоқы

Осы судың қасы еді.
Асан қайғы, Туғанның Бөлінген жері осы еді.
Қарғабойлы, Қазтуған
Мәслихаттан бөлінді [39, 73],-

деген өлең тармақтарын оқи отырып сезіп-білеміз.

Туған жерден кетудің Қазтуғанның жан-дүниесіне қандай салмақ түсіргені оның артта қалған ел-жұртпен қоштаса айтқан толғауынан, әсіресе ол туындының:

Сөйткен менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Қайырлы болсын сіздерге
Менен қалған мынау Еділ жұрт [39, 74],-

деген соңғы шумағынан байқалады. Жыраудың Еділден аттанған соң қайда барып орныққаны оның бізге жеткен шығармаларында айтылмайтыны белгілі. Біз жоғарыда келтірген жыр үзіндісінде Қазтуған бастаған елдің Шамға, яғни, Дамаскіге жету мақсатымен жолға шыққаны баяндалса, ноғай ғалымы А.Сикалиев өзінің монографиясында Қазтуғанның Кубань өлкесін мекендегені жөнінде жазған.

Бірін-бірі жоққа шығарып тұрған бұл екі мағлұматтың қайсысы шындыққа сәйкес келетінін анықтау болашақтағы зерттеулердің алдында тұрған келелі міндеттердің бірі екендігі дау туғызбасы хақ.

Жырды оқи отырып көзіміз жетегін ақиқаттардың бірі - Қазтуғанның есімімен қосарлана айтылатын «Қарғабойлы» деген сөздің кейбір зерттеушілер қате жормалдағандай жыраудың дене тұрқының кішкентайлығын аңғартатын эпитет емес, кісінің атауы екендігі. Жырда Қарғабойлының Қазтуғанның ағасы екендігі, оның Қазтуғанмен тізе қоса отырып елді жаңа

жерге қарай бастап көшуде де, босқан елді шабу мақсатын көздеп келген жауға қарсы соғыс жүргізуде де асқан қайрат-жігерімен және ерлігімен айрықша көзге түскені бейнеленген. Қазтуғанның өзін-өзі:

Бұдырайған екі шекелі,
Мұздай үлкен көбелі,
Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті.,
Адырнасы шайы жібек оққа кірісті,
Айдаса, қойдың көсемі,
Сөйлесе, тілдің шешені,
Ұстаса, қашағанның ұзын құрығы,
Қалайылаған қасты орданың сырығы,
Билер өтті, би соңы,
Би ұлының кенжесі,
Буыршынның бұта шайнар азуы.
Бидайықтың көл жайлаған жалғызы.
Бұлт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәпірдің
Арасын бұзып, дінді ашқан
Сүйіншіұлы Қазтуған [20, 43],-

деп бейнелеуі де оны қарға бойлы, шағын денелі кісі ретінде көзге елестетудің қисынсыз екенін ұқтыра түседі. Жырдағы негізгі қақтығыстарға Қазтуғанның артта қалған қонысқа қарай қашқан бір аруананы кері қайтару үшін аттанып, сегіз күн бойы хабарсыз кетуі түрткі болады. Қазтуғанның жалғыз қызы әкесінің хал-жағдайын білу үшін аттанбақшы болып, өзіне осы сапарда жолсерік болатын бір азамат тауып беру жөнінде Қарғабойлыға өтініш жасайды. Бұл өтінішіне ешбір ноғай құлақ аспағандығы жанынан батқан Қарғабойлы:

Өзім іздеп кетер ем,
Иесіз қалар ел [39, 63], - деп, өзінің де, он жасқа енді келген, ойыннан қол үзе қоймаған ұлының да бара алмайтынын білдіре келіп, қызға:

Тілімді алсаң, жарқыным,
Әуре болма бекерге.
Көштен қалмай жүре бер,
Қазтуған қайтпай кетер ме?
Қазақтың ұлы Қазтуған
Бір оралмай еліне
Тайлақты қуып кетер ме? [39, 64] -деп ақыл айтады.
Бұл ұсынысқа қарсы қыз:
«Іздемей енді не етейін?
Белімді будым кезеніп.
Жолында өліп кетейін,
Бір шыбындай жанымды
Атама құрбан етейін»,-

деп уәж айтып, жолға шығуға дайындалады. Тұлпар мініп, үстіне әкесінің сауытын киіп, қару-жарағын ілген қыз өзінің соғыс өнеріне жетіктігін шешесіне дәлелдегені жырда:

Қолына найза алады,
«Найзаға ерлік етем,-деп,-
Ерлік етпей не етем?-деп,-
Шапшандығым білінсін,
Сынасын көріп шешем деп,
Шешесіне бұрылып
Қолыңа ал деп құмалақ
Найзамен түйреп көрейін
Түскенше жерге домалап.
Шешесі құмалақ алады,

Лақтырып жерге қалады.
Кетіп жатыр құмалақ
Алды-алдына домалап.
Ыңғайланып қызыда
Тұлпарға қамшы салады.
Жерді басып тұрмады.
Оғындай мылтық, зырлады.
Еңкейіп найза салады.
Түскенше жерге құмалақ
Біреулеп шаншып алады.
Ат зырылдап өткенше
Он-он бесін еңкейіп
Құмалақтың алады [39, 83-84], - деп суреттелген.

Қабілеті ер жігіттерден кем емес екенін байқату арқылы шешесінің уайымын, аз да болса, сейілткен қыз әкесі кеткен ізбен келе жатқанда Қарғабойлы мен Қазтуған бастаған елдің босқанын естіп, соларды шабуға аттанып шыққан қалмақтың қолымен ұшырасып, олармен бірнеше күнбойы дамылсыз соғысып, жаудың жартысын жер жастандырады. Бұл ұрыста қыздың әскер өнер мен ерлік-жігерге қоса айла-тәсілді де қолданғаны оның қалмақтың бас батырына:

Қарынымды сұрсаң,
Ноғайлы деген ед...
Сол ноғайдың ішінде,
Өз атымды сұрасаң,
Қазтуған батыр - мен...
Тұрамыз ба бөгеліп?
Соғысалық, кел! [39, 88] - деп танысуынан сезіледі.
Бұл сөзді естіген жаудың қандай күйге түскенін жыршы;

Қазтуған соны айтқанда,

Қалмағың кейін шегінді.

Жасқанғанын сезгесін,

Қызың сонда тебінді [39, 88],- деп бейнелеп, сондай тәсіл арқылы Қазтуғанның батырлық даңқының кезінде жауларына да жақсы мәлім болғанын тыңдаушыға ұқтырған.

Дегенмен, эпос ежелден келе жатқан эпикалық дәстүріне сәйкес ұрыс тағдырын ұнамды қаһарманның бетпе-бет ұрыстағы кулық-сұмдықсыз қолданған ерен күш-қайраты шешкені жырда:

Атты кісі қалмақтың

Талайын жерге басады,

Үстінен қарғып асады.

Қолында барды найзасы.

Найзасы - қылған айласы.

Неше күндей қалмақпен

Салады сонда соғысты

Ен майданда тоғысты.

Кірді ердің реңі

Қалмақтың бітті сүреңі.

Жалғыз-жалғыз ыдырап,

Алды-алдына бытырап,

Сүмеңдеп кетіп барады.

Күні-түні алты күн

Үлкен соғыс салады

Қалмақ жаман қашқасын,

Қолы жаман сасқасын,

Ердің пысы басқан соң,

Бір мың кісі қалмақтың

Жарма-жары өледі,

Құтылды-ау тек үш жүзі,

Жеті жүзі жоқ болып

Сол сапарда қалғаны [39, 89], - деп суреттелген.

Жырдың бұл үзінділері әлем халықтарының жырлары мен аңыздарында жиі кездесетін амазонкалардың образдарын еріксіз еске түсіреді. Е.М.Мелетинский амазонкалардың матриархат дәуірінің шындығынан хабар беретінін нарттардың эпосындағы амазонкалардың көсемі - Сатана туралы: «Сатана исторически непосредственно связана с конкретным матриархальным обществом сарматов и меоюв»,- деген ғылыми тұжырым жасау арқылы аңғартады [46, 159]. С.П. Толстов «Ежелгі Хорезм» атты еңбегінде жоғары дамыған матриархаттық институттардың Орта Азияда мемлекет пайда болған кезеңге дейін болғанын көрсеткен [47, 213]. Е.М. Мелетинский, Б.Н. Граковтың сарматтар дәуірінің молаларына жүргізген археологиялық зерттеулерінің қорытындысына: «Ученый специально исследовал формы и инвентарь женских захоронений, в которых вплоть до «сарматовско-сусловской» стадии встречается оружие и конские кости. Это говорит о погребении настоящей амазонки, женщины - конного стрелка из лука»,- деп тоқталған [46, 161].

Демек, түркі халықтарының Томирис, Дариға қыз, Баршын (Бану Шешек), Оғыз тайпасынан шыққан жеті бек қыз туралы аңыздар мен жырлары, қазақ эпосындағы Қарлығаның және Қазтуғанның қызының бейнелері түп-тамырын шындықтан алатыны даусыз. Дегенмен, жырдың жоғарыда келтірілген үзіндісі эпикалық әсірелеудің ең жоғарғы үлгілерінің санатына қосылатындығы анық. Өзін іздеп шыққан қаһарман қызымен аман-есен қауышқан Қазтуған Қарғабойлымен бірлесе отырып қалмақ басқыншыларының Серен батыр бастап келген мың кісіден тұратын екінші легін де түгелдей қырады. Бұл ұрыстағы жекпе-жектердің суреттелуі де, екі батырдың тұтас бір қолға қарсы тұруы да – эпостың ғасырлар бойғы дамуы нәтижесінде қалыптасқан типологиялық мотивтер пайдаланылуының тамаша үлгісі.

Жыраулар поэзиясының орта ғасырлардағы түркілік поэзиядан идеялық-мазмұндық айырмашылықтары мен ұқсастықтарымен қатар, дәстүр жалғастығы шеңберіндегі жаңашылдықтары мен эволюциясы да бар. Көркемдік дәстүр жалғастығы шеңберінде жыраулар поэзиясының жетістіктері ретінде мынадай өзгерістерді атап көрсетуге болады. Қазақ жыраулары өздерінің дидактикалық сарындағы ой-пікірлерін абстракті түрде емес, нақтылап айқындап жеке адамға яки бір құбылысқа арнап айтты. Бұлар хандық дәуірдегі жеке адам мен отбасы, отбасы мен қоғам, қарапайым халық пен ел билеген әкімдер арасындағы қарым-қатынасты өздері өмір сүріп отырған дәуірдің адамгершілік нормаларын, моралін, этикасын өз толғауларына өзек ете білді. Сөйтіп, Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар сияқты аса дарынды жыраулар шешендік-дидактикалық сарынға құрылған поэзия үлгілерін қазақ қауымының наным-сеніміне лайық-ты формаға енгізіп жетілдіре түсті.

Қазақ әдебиетінде төңкеріс жасаған М. Жұмабаевтың шығармашылығы қазақ әдебиетінің алтын қорынан ойып орын алатын құндылықтар. Мағжан аңсаған азаттық таңы, Мағжан іздеген тәуелсіздік, Мағжан сезінген бостандық оның шығармашылығына өлмейтін, мәңгілік сипат берді.

Әрбір тарихи кезең өзінің заманына лайық тұлғаларды дүниеге әкелген. Бұл әдебиетке ғана қатысты емес, саясатта да, тарихта да басқа қоғамдық ғылымдарда да, өнердің өзге салаларында да солай екенін көреміз. Яғни тарихи қажеттілік түрлі ағымдардың пайда болуына әкелсе, сол ағымдарды игеретін тұлғаларды да сомдап шығаратынын көреміз. Әдебиетіміздегі тұлғалардың даралануы тұрғысынан қарасақ, «қазақ қоғамының ғасырлар бойғы рухани тәжірибесі, өз заманының тарихи қажеттілігі өткен ғасырда Абайды тудырса, XX ғасырдың басындағы әдебиетте сондай тарихи-қоғамдық сұраныс Мағжан поэзиясын дүниеге әкелді» [2].

Романтикалық ағым, түркішілдік сарын - барлығы Мағжан ақынның санасындағы азаттық таңының сәулелі көрінісі болатын. «Алыстағы бауырым» атты өлеңіндегі азаттық идеясы былайша өріледі:

Шарқ ұрып, ерікке ұмтылған түрік жаны,
Шынымен ауырды ма, бітіп халі?!
От сөніп жүректегі құрыды ма,
Қайнаған тамырдағы атқан қаны?!
Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,
Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа
Лайық па, құл боп тұру? Жүр, кетелік,
Алтайға ата мирас алтын таққа [15, 46 б.].

Ақынның «бауыры» – халқы. Жекелік түрге қарата айту арқылы, жалпы халыққа ой тастайды. Ақынның жан-жүрегіндегі азаттық іздеп шарқ ұрған сезім, атақоныс Алтайға - түркілер мекеніне барғысы келеді. Себебі ол жерде бағзы замандарда ата-бабасы бостандықта өмір сүрген. Мағжан ақынның шығармашылығын зерттеген ғалым ағамыз Ш.Елеуенов ақын шығармашылығының зор қуатын саралап көрсете білген. Ғалым ағамыздың пікірі бойынша: Мағжан қазақтың көне тарихын еске ағанда оның артта қалушылығы емес, елдің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау жолындағы өшпес ерліктерін, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған кездегі береке-бірлігін жырлаған [4, 62 б.].

XX ғасыр басындағы алпауыттарынан, рухани көшбасшыларынан айырылған қазақ халқы абдырап қалғаны рас. Онымен бірге әдебиет, әсіресе поэзия өкілдерінің шығармашылығы саясаттың ықпалы мен езгісіне жаншылып кетті. Кеңестік идеология адам санасын, халық рухын езгілеп жаншыды. Алайда азаттық идеясы, тәуелсіздік үшін күрес ешқашан толастаған емес.

Қайта уақыт өткен сайын ол шыңдалып өсе берді, жетіліп өркендей берді. Қасым жырларының романтикасы, Мұқағали өлеңдерінің лирикалық лебі, Фариза шығармашылығындағы мінез бен өрлік, Төлеген жырларындағы мәңгілік сағыныш, одан кейінгі Кеңшілік, Жұматай, Жарасқан т.б. ақындардың өлеңдерінің сарынынан қалай болған күнде де азаттық таңын аңсаған, тәуелсіздік идеясын тербеген желілерді таба аламыз.

Санамыздың түкпірінде бұлқынып жатқан көзқарастарымыз жұлқынып сыртқа шығуға мүмкіндік алды. Қазіргі қоғам біз үшін солай, яғни көненің көзі мен жаңа дәуірдің басталуы. «Поэзия қай дәуірде де, қай заманда да адам көңіл-күйінің буырқанған, босаңсыған, қайрат шақырған, қамыққан, қайтадан рухтанған өмірлік мұраттарға ұмтылған сәттерінің бәрінің де көркем шежіресі, бейнелі суреті, мың құбылған әуені. Өлеңнің бір тармағында яки бір шумағында ел тағдырына қатысты қара сөзбен айтып жеткізе алмайтын қуатты сөз бас құрайтыны содан» [20, 13 б.].

Әдебиеттануда түркілік поэзия мен жыраулар поэзиясын ментальды поэтика тұрғысынан салыстырып, екі кезең поэзиясына ортақ негізгі сарындарды, тірек нүктелер мен категорияларды айғақтау қажет. Ол мотивтерге: әділетті басшы, ел басқарған хан, қаған мәселесі, қанағат, сабыр, бақыт, жақсылық, жамандық, нәпсі, ата-ананы сыйлау, елге қызмет ету, жетім-жесірлерге жәрдем беру, елді қорғау сынды басымы орта ғасырлар поэзиясына ортақ сопылық танымнан алатын, адамгершілік қасиеттерге ұштасқан қасиеттер болып табылады. Қазақ хандығының идеологиясын айқындап отыруда белгілі ақын-жыраулар шешуші роль атқарғаны тарихта мәлім. Мұндай жыраулар өздерінің дидактикалық, философиялық, этикалық, моральдық мазмұндағы толғауларында қазақ қауымының әрбір мүшесі үшін міндетті болып табылатын этикалық-

моральдық принциптерді, мінез-құлық нормаларын жырға қосты. Дәуір үні болған кемеңгер жыраулар ханның шешімін бұқара халыққа, ал халықтың талап-тілегін ханға жеткізуші дәнекер буын іспеттес еді. Сөйтіп, ел басқарған хандарға, сұлтандарға ақыл-кеңес беріп, оларға бағыт-бағдар сілтеп отыру дәстүрін қазақ жыраулары жалғастыра түсті.

Ежелгі әдебиеттің озық дәстүрлері, арқауы үзілмеген көркемдік кеңістігі туралы ақиқат ұзақ жылдар бойы айтусыз жатқан кезеңдер болды. Адам баласының қан қуалайтын арғы тегі іспетті көркем ойлау мен көркем сөздің құнар бастауы туралы тереңнен қозғап, мәселе қою қазақ әдебиеттану ғылымында, өкінішке орай, көпе-көрнеу қиянат, қысастықпен шектелді, ұлттық таным арғы жадынан ажыраған соң жартылай, жалаңдау тоқтамдармен тұсалды. Алайда, әдеби дамудағы дәстүр проблемасы қазақ әдебиетінің тарихына қатысты белгілі бір деңгейде ғылыми айналымға тартылып отырды. Ұлт әдебиетінің түрі мен тегіне орай іргелі зерттеулер жасалды. Қазақ әдебиетінің тарихы мен теориялық негіздерін зерттеуші ғалымдар ежелгі әдебиеттен бастау алатын алтын арқаулар туралы айғайла-тып арнайы айтпағанымен, ебін тауып, есебін келтіріп дәлелді, дәйекті ойларға есік ашып отырған сәттер болды.

Әдебиет тарихын дәуірлеудің ұзақ жылдар бойғы толғақты мәселе-леріне қатысты уақыт тың мүмкіндіктер ұсынғанда қол қусырып қарап отыруға болмайтынын, қолайлы жағдайға қоса зор жауапкершілік арқалатып қойған дәуір талабына үн қосу қажеттігін ғалымдар айқын сезінді.

Сөйтіп, «Қазақ әдебиеті мен тілі тарихын зерттеушілер көне әдеби мұраларды зерттеу саласында бірқатар игілікті істер тындырды. Бұл іске әсіресе, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай, М.Жармұхамедұлы, М.Жолдасбеков, т.б. сүбелі үлес қосты. Ал бұлардың игі істерін кейінгі буын ғалымдары –

С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев, Ә.Дербісәлин, А.Егеубай, А.Қыраубаева, т.б. жалғастыра түсті.

Қазақ әдебиетінің ежелгі мұраларын тілдік тұрғыдан С.Аманжолов, Ғ.Айдаров, Р.Сыздықова, Қ.Өмірәлиев, М.Томанов, Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықов, А.Аманжолов сияқты тілші-мамандар зерттегені белгілі.

Ежелгі әдеби жәдігерліктерді жүйелі түрде, қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр тұрғысынан зерттеу ісі енді ғана қолға алына бастады» [48, 9].

Қазақ әдебиеттану ғылымының ендігі зерттеу бағыттарында ілгергі уақыттардың тұтас көркемдік өріске шығуды шектеген зардаптары жойылған. Осының арқасында қолға алынған қазақ поэзиясындағы түркілік сарын белгілерін зерттеу әдебиеттегі авторлық поэзияның көне мұраларынан басталады.

Ата-бабамыздың бостандық пен еркіндік таңын аңсаған арманының тамыры көктүркілердің тынымсыз майдан, азаттық жолындағы арпалыс дәуірінен бастау алады. Оған тарихи айғақ - Тоныкөктің, Білге қағанның, Күлтегіннің тасқа таңбаланған жырлары. «Күлтегін» жырында көрінетін тәуелсіздік идеясы халқымыздың арман-тілегі қазіргі таңдағы азаттық таңының алауынан от боп өріліп көрінеді. Жырдағы:

Тауғаш халқына бек ұлдары күл болды,
Пәк қыздары күң болды,
Түркі бектер түркі атын жоғалтып,
Тауғаш бектерінің тауғаш атын тұтынып,
Тауғаш қағанына бағынды
Елу жыл ісін-күшін берді. [49]

Бұл шумақтардағы «... ой арнасы - елдің тәуелсіздігі, береке- бірлігі» [50, 19 б.]. Тарих көктүріктер мен қытайлардың арасындағы жаугершілік заман болғанын, екі

мемлекеттің бір-бірінің жерін басып алып, ұлын құл, қызын күң еткенін көрсетеді. Бұл туралы жалпы түркі халқының пайда болуы, дамуы, мәдениеті мен тарихы, тарихи қоғамдық өмірде алатын орыны туралы ғұлама ғалым Л. Гумилев «Көне түріктер» атты іргелі еңбегінде егжей-тегжейлі баяндайды [51, 19 б.]. Тасқа басылған көне жырлар ата-бабаларымыздың рухани мұраларының сан қырлы болғандығын көрсетеді. Адамзат баласының эволюциялық даму жолында жүріп өткен жолы, атқарған істері бүгінгі күнге жетуіміздің негізгі бастау-қайнары екенін көреміз. Жалпы халықтың бостандыққа деген құлшынысы оның басынан өткерген күрестерімен өлшенеді. Жаугершілік көрмеген халық, бейбітшілік пен еркіндіктің де қадірін білмесе керек.

Қаның судай ақты,
Сүйегің тау боп жатты.
Бек ұлдарың құл болды...
Пәк қыздарың күң болды...
Тізеліні бүктірдік,
Бастыны еңкейттік...
Еліміз қайта ел болды,
Халқымыз қайта халық болды.

Кешегі тарих бүгінгі ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, бүгінгі ел басқару мәселесінде идеологияның рөлін атқарады. Осы ретте Күлтегіннің көк тасының елімізге әкелінуінің ұрпақ үшін маңызы зор екендігін айта кеткен орынды. «... Ерлік пен ездік, соғыс пен бейбітшілік, құлдық пен тәуелсіздік жайында тебірене толғайтын ғажайып жыр жолдары» [50, 33 б.] бүгінгі таңға бабалардың ерлік рухын, азаттық аңсаған аласапыран көңілдерін жеткізіп тұр. Уақыт жалғаса бергенімен, тарих жаңа құндылықтарды алдыңғы қатарға алып шыққанымен

елдің еркіндік мұраты өзгерген емес. Дүниені құрайтын алтынөзек желілер жалғасын тауып, қазақ хандығы құрылған уақыттағы жыраулар әдебиетінен де көрініс тапты.

Біздің әдебиетіміздегі түркілік идеясы бұдан әрі қазақ халқының ең үлкен рухани жәдігерлері санатына қосылатын жыраулар шығармашылығынан орын алған болатын. Қазақ хандығы құрылып, енді ғана ел болып, етек-жеңін жинай бастаған жас мемлекетке көз алартушылар, басып алғысы келгендер де көп болған. Батырлары «білектің күші, найзаның ұшымен» ел қорғаса, ақындары идеологияның жандануына көмектесіп, елдің рухын көтеруге, азаттық пен ел мен жұртты қорғау жолындағы ұрысқа халықты үндей білген. Түркілік идеясы бұл ретте туған жерден айырылу, елмен, жермен қоштасу, ханға кеңес беру, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды аңсау сипатындағы шығармалардан көрінеді.

Ай, хан ием, мен айтпасам, білмейсің,
Айтқаным көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің, - [52, 14 б.].

Осы жолдармен басталатын «халық ұғымындағы көшпенді философия» (Ш.Уәлиханов) Асан қайғы жыраудың толғауынан біздер ата-бабамызды толғандырған азаттық пен бостандық идеясының түркілерден бастау алған алтын өзегін көреміз. Бұл туралы ғалым Ә. Қоңыратбаев: «ол - ел басындағы ауырмалықты жырлап, заман жайлы сыншыл ой тудырған философ, замана сыншысы еді», - дейді [53, 288 б.].

Жалпы жыраулар әдебиетінің өкілдері тек қана шығармашылық иелері ғана емес, шынайы қоғам қайраткерлері болып келеді. Олардың шығармашылығы

қоғамдық қарым-қатынастардың безбені секілді, әмбебап міндет атқарған. Сол замандардағы, жалпы ата-бабамыз тарихындағы түрлі қоғамдық қарым-қатынастарды, саяси ахуалды, қаласаңыз экономикалық әл-ауқатын да біздер туған халқымыздың рухани шығармашылығынан көреміз. Жыраулар әдебиеті өкілдерінің әрқайсысы рухани әлемдегі бір-бір ғасырды бүгінгі таңмен жалғастырып тұрған алтын көпір. Олардың стилдік-көркемдік ерекшелігі бір төбе де, тарихи-фактілік құндылықтары бір басқа.

Ел қияға қонғай ма,
Еділ, Жайық арасы
Кеңшілік қоныс болғай ма?!
Ебей бас құба үлек,
Ернімен шырпы шалғай ма?!
Бұл қоныста отырып,
Біздің мұсылман баласы
Жағасы босап тынғай ма?! [52, 20 б.]

Қазақ халқының ел болып дамуы жолындағы түркілік идеясының таралу және даму желісін Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марқасқа, Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей сынды халықтың арда туған ұлдарының шығармашылықтарынан көреміз. Жаугершілікті көп көріп, даласы сан ғасырлар бойы майдан алаңына арналған халықтың азаттықты ерекше аңсауы бір бөлек. Жалпы алғанда, қазақтың ауыз әдебиетінде, ертегілерінде, фольклорлық шығармаларында, батырлар жырында, жыраулар әдебиетінде, одан бергі әдебиет өкілдерінің туындыларының барлығында азаттық идеясы бар да, титтей де басқыншылық идея атымен жоқ. «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын батыр» т.б. батырлар жырындағы олардың бітімі бөлек тумыстарының өзі сол елдің қорғаны болуға халықтың арман-тілегінен

туғандығы, яғни азаттығын сақтау жолындағы күреске елін бастап апаратыны ерекше аталады. Бұл біздің халқымыздың тарихи тағдырымен тығыз байланысты, оның жалпы генетикалық ойлау жүйесін танытатын эпикалық туындылар.

Тасқа түскен жазулардың, жырлардың сыртында халықтың көңіліне жол тапқан, арман аңсарын жеткізген, мұрат мүддесін асқақтаған қазақтың батырлық жырлары да ұшан-теңіз рухани байлығымыз саналады.

Қазақтың батырлық жырларынан кейін ел, жер қорғау, түркілік идеясы қазақ ақын-жыраулары поэзиясында (XV-XVIII ғғ.) және зар заман ақындары аталатын XVIII ғасырдың соңынан бастап, XIX ғасырды тұтас қамтитын Ресей отаршылдығына қарсылықтан туған поэзияда кең өріс тапқан.

Жалпы көшпелілердің өмірінде ешкімге тәуелді болмау, желмен жарысып, сағымға сіңіп, ұлан-ғайыр ұлы Дала төсінде киіктей жосып жүруден артық бақыт болмаған сияқты. Ең бастысы туған жердің топырағын жат пиғылды жауыздарға таптатпау, туған жердің төсінде теріс пиғылды дұшпандардың атын ойнақтатпау, «жалаулы найза жанға алып, жау қашыруда» (Ақтамберді) еңіреп туған ел перзентінің ең басты парызы деп түсіну ақын-жыраулардың, батыр жыраулардың басты борышы болғанына барған сайын көзіміз жете түседі.

Махамбет Өтемісұлы осындай қайсарлы уақыттың, қайсарлы жыр толғауын тудыруда әдебиет тарихының алтын қазынасына айналып отыр:

Еңселігім екі елі,
Егіз қоян шекелі,
Жараған теке мүшелі,
Жауырыны жазық, мойны ұзын,
Оқ тартарға қолы ұзын,

Дұшпанына келгенде
Тартынбай сөйлер асылмын.
Құла бір сұлу ат мінген,
Құйрық жалын шарт түйген,
Құм сағыздай созылған,
Дулығалы бас кескен,
Ту түбінен ту алған,
Жауды көріп қуанған,
Мен Өтемістің баласы
Махамбет атты батырмын [54, 36 б.].

Поэзияда халықтың рухы, жаны сақталатынын А.Байтұрсынұлы да атап өтеді. «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ол: «Батырлар турасындағы әңгіме халықтың жаны, рухы турасындағы әңгіме; халықтың батырлары қандай болса, халықтың рухы да сондай болған» деп жазады [1, 416 б.].

Қазақ әдебиетінің терең білгірі, ғұлама ғалым М. Әуезов те әдебиетті халықтың рухымен байланыстырып қарауға жол сілтеген, өзі бас болып бұл бағытта іргелі бастамаларды көтерген. Қазақ әдебиетінің тұтас бір ғасырға жуық кезеңіне «Зар заман» деп атау берген ғалым сол әдебиеттің көркемдік қыр-сырын «соларды туғызған ел мен шартты тарих бетінен ұғыну керек» деп бағамдайды және зар заман сарынын тудырған ақындардың қалың шоғыры Исатай, Махамбет, Кенесары қозғалыстарынан кейін тарих сахнасына көтерілгенін жазады.

Махамбет шығармаларының басым бөлегі рухы, мамұны, пішіні жағынан бұрынғы жыраулық поэзияның барлық шартына сай, өзгеше көркемдік әлем. Ал күрделі сонылығы XIX ғасырдың отызыншы жылдарындағы нақтылы тарихи, әлеуметтік ахуал суреттерінің берілуі. Қаһарманның арманына жете алмаған ұлы өкініш шерлері мұнда бүкіл халықтың аңсарымен үндес шығады.

Махамбеттің өрлікке, ерлікке, парасатқа толы толғаулары болашақты ұлттық дәстүр ауқымында баулуда аса маңызды. Жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу, космополитизмнен сақтандыру бүгінгі таңда аса зәру уәж. Махамбет өлеңдері тіліміздің інжу-маржан қабаттарын, орасан байлығын, суреттілігін, сұлулығын, қуаттылығын таныстыратын, намыстылық, арлылық тағылымын үйрететін өмір.

Махамбет өлеңдері, негізінен, ерлік-жауынгерлік стильде туған өлеңдер. Осыған орай Махамбет қолданылатын эпитет, теңеу, метафоралар да осы стильдік қабатты құрайтын үлгіде жасалған. Бірақ Махамбет таза азаматтық жыр үлгісінде ғана өлең шығарып қойған жоқ, оның өлеңдерінде эпостық-батырлық жыр таңбалары да, дидактикалық-шешендік толғаулар да, лирикалық элегия элементтері де бар. Демек, бұл өлең түрлері өзіне тән сөз бедерін (бедерлі сөздерді) жасаған.

Әдебиет тарихының рухтан бастау алатыны Ш. Уәлиханов жазып алған қазақ мифінің мазмұнынан да аңғарылады, мұнда ән еркін рух болып жер үстінде ұшып жүрген. Қазақ даласының үстіне келгенде ол төмендеп ұшыпты, қазақтың әншілігі содан қалыпты-мыс [55].

Әдебиет тарихының рухтан бастау алатыны Ш.Уәлихановтан басқа да этнограф-ғалымдардың жазбаларында қазақ мифінің мазмұнынан да қазақтың әншілігі аңғарылатыны кездеседі.

Әрине басқыншылық идея мемлекеттің империялық саясатымен тығыз байланысты екені рас, бірақ та ол шығармашылықта да көрініс бермесе, тіпті ол туралы мензеу де болмаса, онда ол елдің бейбітшіл, меймандос халық екенін көрсетсе керек. Махамбет ақынның «Ұлы арман» атты өлеңінде берілетін батырлық рухтың толғанысы жоғарыда біз атаған батырлар жырындағы азаттық идеясымен тамырлас жатқан шығарма.

Желп-желп еткен ала ту,
Жиырып алар күн қайда?!
Орама мылтық тарс ұрып,
Жауға аттанар күн қайда?!
... Алаштағы жақсыдан
Батасын алып, дәм татып,
Түлкідейін түн қатып,
Бөрідейін жол тартып,
Жаурынына мұз қатып,
Жалаулы найза қолға алып,
Жау тоқтатар күн қайда?! [54, 166 б.]

Шығарма негізінен - біздер қайтпас кектің, намыс отының өшпес жалынын көреміз. Жауға аттанар күн ақын үшін азаттық таңына жетелейтін алғашқы қадам болуы керек. Жалпы тарихта болған ұлт-азаттық көтерілістердің ішіндегі біздің күнімізге жырмен жеткен өте ерекшелерінің бірі де Исатай-Махамбет бастаған көтеріліс. Себебі оны ұйымдастырушы басшыларының, таратушы идеологтарының бірі өз көзімен көре отырып жырлап жеткізді. М.Әуезовше айтсақ: «XIX ғасыр әдебиетінде қимыл мен күрес жырын Махамбеттей ғып жырлаған өзгеше ақын болған емес» [56, 143 б.].

Махамбет азаттық жолындағы күресті бастап қана қойған жоқ, өзінің соңынан ерген жұртты жігерлендіруші, қайрат беруші идеолог, күрестің бағытын айқындаушы стратег-қолбасшы да бола білді. «... Көтерілістің шын мәнінде айнасы болған және оның халықтық сипатын дәл көрсетіп, алдына қойған тілек-мақсаты не, кім үшін, не үшін күресті – осылардың бәрін де тамаша түрде айқын суреттей алған ақын...» [57, 188 б.] ретінде Қ. Жұмалиев Махамбетті жоғары бағалаған. Азаттық идеясы Махамбет ақынның шығармаларындағы ең басты мотивтік айқындаушы күші болды. Махамбет өлеңдерінің қайтпас

қайсар, өмірсүйгіш романтикалық қаһарманы туралы көп жазылды. Солардың бірі – Махамбеттің азаттық идеясының берілу жолдары туралы жазған ақын әрі зерттеуші О.Тұржанның «Махамбет өлеңдерінің поэтикасы» еңбегін атауға болады [58].

Бостандық идеясының дамуы тарихи-қоғамдық құбылыстар өзгерген сайын, басқа бір ағымдарға ауысқанымен, негізгі діңін жоғалтқан емес. Солардың бірегейі ретінде көрінетін «қанша ғасыр өтсе де мән-мағынасын жоймайтын, аумалы-төкпелі заманға тап келсе де қадірі кемімейтін, өктемдіктің қылышына туралса, кейіннен бүтінделетін, қара күйе жағылса, соңыра сәулесін шашып, жарқырай түсетін, қын түбінде жатпас алтын кездік секілді рухани құндылықтар...» [59, 3 б.] санатына енген «зар заман» ақындарының поэзиясы. Ғұлама жазушы М.Әуезов ерекшелік сипатына байланысты «зар заман ақындары», – [50, 143 б.] деп атаған дәуір өкілдерінің шығармашылық өміріне қоғамдық дамудың ең ауыр кезеңдері тигені баршамызға аян. Сан ғасырлар бойғы ұрыстардан қалжырған елімізді алып империяның жаулап алуына халықтың мойынсұнған кезі, отаршылдық қамытының мойынға нығарлап киілген тұсы болатын. Бұрынғы әдеби шығармашылықта жалпылама суреттеуге - ханға арнауға, елден айырылуға, жермен қоштасуға құрылған бостандық пен тәуелсіздік идеясы ендігі жерде «нақтылы жекелік» сипатқа ие болады. Отаршылдық жүйе туралы тікелей жазылады. Зар заман ақындары отаршылдық туралы тіке жырлап, түркілік тек туралы тура айтатын болды. Шортанбай ақын:

Заман қайтіп оңалсын,
Адам қайтіп қуансын,
Жандарал болды ұлығың,
Майыр болды құлығың!..

Кәпірді көрдің піріндей,
Тілмәшты көрдің дүріндей,
Абақты тұр қасыңда,

Қазылған қара көріндей! - деп жырлаған [59, 220 б.]. Ақын шығармашылығында қоғамдық өмірдің шындығы нақтылы берілген. Бодандық саясат тудырған «өкілетті тұлғалар» жандарал, тілмаш, майырларды беру арқылы ақын уақытқа сәйкес қоғамдық өмір ақиқатын айтады. Бұл жеке бейнелер арқылы қазақ қоғамы отаршылдықтың негізгі сипатын таныды. Жоғарыдағы шендік, кәсіби атаулар типтендірілу арқылы жалпы халық басындағы трагедиялық жағдайдың ұшы байқалады. Отаршылдық саясат жасаушыларға жағымсыз күн көрген пенделік психологияны да ақын тап басып бере біледі. Өлең соңына қарай өткен күнді, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды іздеуі көрініс табады. Өз замандасының үнін Дулат ақын былайша қостайды:

Жағана дуан түскен соң,
Суыңды орыс ішкен соң,
Аягөз суы қағынды,
Би, старшын мойнына
Жезден қарғы тағынды.
Аға сұлтан, қазылар,
Майырға болды жағымды.
Шайқады қулар тағымды,
Тайғызды бастан бағымды [52, 13 б.].

Түркілік идеясының әдебиетіміздегі даму сипаты осылайша жалғасын таба берді. Қилы заманның қырғындарындада халықтың танымында түркілік сипатты дәстүрге бой ұрушылық ішнара боса да жалғасым тауып келді. Ең бірінші ол кеңестік дәуірдің өзінде халықтың

рухында жасырын жатқан сана ағымы сияқты қалыптасып жалғасым тапты. Соны замана ағымымен бірге көріну сипатын өзгерткенмен, оны жеткізу стилі ерекшеленгенмен өзінің ішкі болмысын азаттық аңсаған халықты жетелейтін темірқазық болып тұрып қалды.

Зар заман ақындарынан соң әдебиет тізгінін қолдарына алған жиырмасыншы ғасыр басындағы ақындар шығармашылығынан біздер олардың төңкерісті сол түркілік идеяның жүзеге асуына апаратын жол ретінде көргенін де байқауға болады. Негізінен алғанда, олар зар заман ақындарына қарағанда ол идеяны жүзеге асырудың нақтылы жолдарын танығаны анық. Партия құру, газет шығару, жалпы үгіт-насихат жүргізу азаттық жолындағы саяси күрестердің қазіргі айтып жүрген демократиялық принциптеріне сай келетін үлгісі. Алаш зиялылары бұрын-соңды тарих сахнасына шыққан қазақ интеллигенциясының біртуарлары екенін мойындауымыз керек. А. Бөкейханов, М. Шоқай, С. Сәдуақасов, ағайынды Досмұхамедовтер сынды азаматтардың қазақ халқы алдындағы еңбегі ерекше. Олардың қайраткерлік тұлғаларын өмірлік жолдарынан соны аңғаруға болады. А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, І.Жансүгіров шығармаларындағы күрескерлік рух пен жалпы ағартушылық сарын осыны айтуға жетелейді. «Маса» (А.Байтұрсынұлы), «Оян, қазақ» (М.Дулатұлы) сынды кітаптарының жарық көруі, олардың атауларындағы ерекшеліктің өзі әдебиеттің қоғамдық рөлін берумен бірге, олардың ел ертеңіне алаңдаған азаматтық тұлғаларын да көрсетеді. Аталмыш кітабындағы «Сөз иесінен» атты өлеңінде А. Байтұрсынұлы:

Ызыңдап ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары аяқтары ұзын маса.
Өзіне біткен түсі өзгерілмес.

Дегенмен қара яки, қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша, - [1, 182 б.]

деп жырлап, халықты алдағы күнге жетелеуге, уақыт ағымынан қалып қоймауға үндейді. Негізінен алғанда ХХ ғасыр басындағы «... бұл істің басы-қасында болған жаңадан қалыптаса бастаған қазақтың ат төбеліндей аз ғана тұңғыш интеллигенттері жалпы ұлттық сұраныстарға жауап беруге және оларды шешуге тырысты» [60, 32 б.].

Әсілі зиялылық пен интеллигенттік деген екі халық ұғымында көп ұқсастық бар, бірақ айырмашылықтар да жоқ емес. Ерекшелік мағына деңгейінде: әдеп «высокая культура». Зиялылық, яғни айтқанда интеллигенттік, адам мен қоғам үшін маңыздылығы әлі мойындалып танылмаған феномен. Мұның өзі түптеп келгенде халық алдындағы кінә мен парызды өзгеше жауапкершілікпен сезіну, игілікті діттеген нәтижелі ісін өтеу. Зиялы қауымға жататын азаматтар өмірінің мәні де, сәні де міне осы емес пе? Бұл күнделікті тыныс-тіршілігімізге тікелей қатысы бар антологиялық проблема біздің назарамыздан тыс қала беріп тұр.

Зиялылық (интеллигенттік) дегеніміз тек қара басынды әспеттеу емес, төңірегінді, жұртыңды, елінді шамаң келгенше заман қалаған тұғырға көтеру, олардың ішкі жан- дүниелерін жандандыру, жаңғырту, түлету, тұрмыс қалпын жақсарту, бір сөзбен айтқанда, жаныңдағы қандасыңа, отандасыңа қажет болған тұста жәрдем бере білу шығар. Міне, алаш зиялылары өздеріне басты міндеті етіп халықтың санасын ояту, елдің жалпы ойлау, білім, мәдени жүйесіне өзгеріс әкелу болатын.

Азаматтық қоғам тұрғысынан қараған кезде бұл өте дұрыс жол болатын. Себебі, жалпы халықтың санасы оянбай, олардың саяси көзқарасы қалыптаспай негізгі

қоғамдық реформаларға бет бұру мүмкін емес. Кеңес үкіметі де оны жақсы түсінді. Жақсы түсінді де халық санасына сәуле шашуға тырысқан зиялы қауымды, руханият өкілдерін «халық жауы» атандырып, қырып-жойды. Бұл алысқа көз салған әккі саясаттың жемісі болатын. Соның салдарынан бүгінгі таңда мәңгүртке айналған тұтас буын-ұрпақ пайда болды.

Қазақ әдебиетінде төңкеріс жасаған М.Жұмабаевтың шығармашылығы қазақ әдебиетінің алтын қорынан ойып орын алатын құндылықтар. Мағжан аңсаған азаттық таңы, Мағжан іздеген түркілік, Мағжан сезінген бостандық оның шығармашылығына өлмейтін, мәңгілік сипат берді.

Әрбір тарихи кезең өзінің заманына лайық тұлғаларды дүниеге әкелген. Бұл әдебиетке ғана қатысты емес, саясатта да, тарихта да басқа қоғамдық ғылымдарда да, өнердің өзге салаларында да солай екенін көреміз. Яғни тарихи қажеттілік түрлі ағымдардың пайда болуына әкелсе, сол ағымдарды игеретін тұлғаларды да сомдап шығаратынын көреміз. Әдебиетіміздегі тұлғалардың даралануы тұрғысынан қарасақ, «қазақ қоғамының ғасырлар бойғы рухани тәжірибесі, өз заманының тарихи қажеттілігі өткен ғасырда Абайды тудырса, ХХ ғасырдың басындағы әдебиетте сондай тарихи-қоғамдық сұраныс Мағжан поэзиясын дүниеге әкелді» [61].

Романтикалық ағым, түркішілдік сарын - барлығы Мағжан ақынның санасындағы азаттық таңының сәулелі көрінісі болатын. «Алыстағы бауырым» атты өлеңіндегі азаттық идеясы былайша өріледі:

Шарқ ұрып, ерікке ұмтылған түрік жаны,
Шынымен ауырды ма, бітіп халі?!
От сөніп жүректегі құрыды ма,
Қайнаған тамырдағы атқан қаны?!
Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,

Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа
Лайық па, құл боп тұру? Жүр, кетелік,
Алтайға ата мирас алтын таққа [62, 46 б.].

Ақынның «бауыры» – халқы. Жекелік түрге қарата айту арқылы, жалпы халыққа ой тастайды. Ақынның жан-жүрегіндегі азаттық іздеп шарқ ұрған сезім, атақоныс Алтайға - түркілер мекеніне барғысы келеді. Себебі ол жерде бағзы замандарда ата-бабасы бостандықта өмір сүрген. Мағжан ақынның шығармашылығын зерттеген ғалым ағамыз Ш. Елеукенов ақын шығармашылығының зор қуатын саралап көрсете білген. Ғалым ағамыздың пікірі бойынша: Мағжан қазақтың көне тарихын еске ағанда оның артта қалушылығы емес, елдің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау жолындағы өшпес ерліктерін, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған кездегі береке-бірлігін жырлаған [63, 62 б.].

XX ғасыр басындағы алпауыттарынан, рухани көшбасшыларынан айырылған қазақ халқы абдырап қалғаны рас. Онымен бірге әдебиет, әсіресе поэзия өкілдерінің шығармашылығы саясаттың ықпалы мен езгісіне жаншылып кетті. Кеңестік идеология адам санасын, халық рухын езгілеп жаншыды. Алайда азаттық, түркілік идеясы үшін күрес ешқашан толастаған емес. Қайта уақыт өткен сайын ол шыңдалып өсе берді, жетіліп өркендей берді. Қасым жырларының романтикасы, Мұқағали өлеңдерінің лирикалық лебі, Фариза шығармашылығындағы мінез бен өрлік, Төлеген жырларындағы мәңгілік сағыныш, одан кейінгі Кеңшілік, Жұматай, Жарасқан, т.б. ақындардың өлеңдерінің сарынынан қалай болған күнде де азаттық таңын аңсаған, түркілік тегімізді тербеген желілерді таба аламыз.

Кеңестік дәуір әдебиетіндегі түркілік идеясы бұрынғы ашық күрескерлік рухын өзгертіп жайма-шуақ

мамыражай қалыпқа түскені рас. Алайда түркілікті аңсау бұл ретте даланы аңсау, ауылды сағыну, тауды көксеу, ұлттық ерекшеліктерді жырлау, тарихи тақырыптарға, тарихи тұлғаларға арнап туындылар жазу сипатында көрініп жатты.

Сарала қаздар саздағы,
Сардала - сағым, маздады.
Бүлкілдеп жүзген үйректер,
Қаңқылдап ұшқан қаздары.
Бала да, қарт та мәз бәрі,
Ауылдың қайран жаздары.
Сайлардан салқын есті жел,
Салбырап, баяу кеш кірер.
Сумұрындарын шақырған,
Әжелер даусы естілер.
Осылай еді ескі ауыл,
Осылай еді ескі жер [64, 110 б.].

Мұқағали ақынның «Ескі ауылды еске алу» өлеңінде берілген ауылды аңсау желісінің негізі азаттық идеясымен тамырлас жатқанын барлауға болады. Жалпы кеңес дәуірі кезіндегі поэзиядағы ақсақал-қарт, дала мен тау, әже, ауыл, шаңырақ, т.б. ұлттық ерекшеліктер туралы жазылған шығармалар бостандық туралы ойды өрістетудің өзегі болып табылады. Бірақ ол кездегі шығармашылықта саясаттың ізі түсіп, цензураның қылышы тигенін білеміз. Сол арқылы шығармашылыққа күн көсем туралы жазу, партияның жетістігін ұлықтау көрініс таба бастады. Алайда оның ізі ақындыққа қамшы болып, шабытқа түрткі болғаны анық. Себебі шынайы талант, буырқанған сезім тоқтауға көнбейді, ол қалайда жарып шығады.

Осылайша жылдар мен жылдарды жалғастырып, баба мен ұрпақ арасындағы сабақтастыққа негіз болып жатқан

тәуелсіздік те қолымызға тиді. Бұған ел болып, халық болып қуандық. XX ғасыр адамзат дамуының қайшылықтар мен қатігездіктерге, өзгерістер мен жетістіктерге толы ғасыры болды. Біз үшін XX ғасырдағы ең басты жетістік ол – тәуелсіздік.

Негізінен алғанда тәуелсіздік жылдарындағы поэзиялық шығармалардың көркемдік сипатына басты арқау болған – азаттық идеясына негіз болғанда түркілік танымнан басталған, тарихи-рухани құндылықтардағы сарындар мен көркемдік әдіс-тәсілдер екенін көруге болады. Егемендік жарияланған күннен кейінгі поэзиялық шығармаларда көнетүркі сарыны, жыраулар әдебиетінің үлгісі, Мағжан Жұмабаев бастаған романтикалық-символистік бағыт көптеген шығармашылық иелерінің айқындаушы стилі ретінде қалыптасты. Осы реттен алып қарағанда шынайы азаттық идеясы өлмейтінін, оның жердің айналу бағыты сияқты қайта айналып, өз жолын бір басып өтетінін көреміз және тарихи факторлардың ұқсастығы немесе рухани жаңғыру арасындағы байланыс принциптерін көреміз.

Сана бостандығының нәтижесі ретінде туындаған тәуелсіздік жылдарынан кейінгі әдебиеттің - біз үшін ерекшелігі өте мол, құны жоғары. Оны біздің ақындарымыз жеріне жеткізе жырлады да.

Мұз құрсанған ақ көрпеге оранған,
Қиын-қыстау, сары аяздан, бораннан,
Қорықпастан менің туған бөбегім -

Мемлекетім азаттығым оралған, - [65, 4 б.] деп, Ғафу Қайырбеков жырлаған тәуелсіздік өз тегін түркіден іздеу, иісі қазақты ғасырлар бойғы толассыз күрестерге жетелеген болатын. Бұл туралы біз жоғарыда қазақ әдебиеті тарихындағы азаттық идеясының жалпы дамуына көз жүгіртіп өткенде ол туралы айтып өттік. Азаттық

идеясы бұл – адамзаттың барлығына ортақ тақырып. Қазіргі уақытта да өзінің бостандығына қол жеткізе алмай отырған ел, күресін жалғастырып келе жатқан халықтар қаншама. Тәуелсіздікті ақын Оңайгүл Тұржан:

Быт-шыт болды бодандықтың түрпісі,

Қандай сұлу азаттықтың күлкісі.

Сәби болып жүгіреді далада

Бостандықтың ғажап күміс күлкісі, - [58, 59 б.] деп, бостандықты сәби күлкісінің сыңғырымен өлшейді.

Тәуелсіздік арқылы түркілік мастабты кеңейту, рухани түркілік орта іздеу, философия тіліне салатын болсақ, қоғамда жүріп жатқан жарылыстар көрінісі болатын. Қоғамда болатын мұндай жарылыстардың адамзат санасына тигізетін әсері өте мол. Қоғам жаңалығын жаны қалмай жариялап, жоғын жанұшырып іздейтін шығармашылық иелері - ақындар қуанышында шек болмаған. Солардың бірі «қызыл саясатқа құлшынып қызмет істемеген, санаулы санаткер ақындардың бірі» [66, 11 б.], талантты аудармашы Қуандық Шаңғытбаев:

Азат елдің азаматы - мен енді,

Кең кезеңге кеуіл сорлы кенелді.

Келем, міне, алшаң басып елімді

Ағытып ап мойнымдағы көгенді, - [67, 5 б.] деп жырлайды. Жалпы отаршылдық саясатты көгенге, тұсауға, шідерге, құрыққа, шынжырға, қамытқа теңеу, яғни нақтылы адамды тоқтататын, тежейтін физикалық денелерге балау көрініс алды. Бұл образдық тұрғыдан ойлау бағытында өте сәтті екені рас. Адамның рухының қапасақ қамалуына, нақтылы заттық шектелуге балау арқылы «заттандырып көзге көрсеткісі» келген ақындардың талпынысы болатын. Бұл ретте тәуелсіздіктің алғашқы жылдардағы қазақ ақындарының жалпы

қабылдауын ХХ ғасыр басындағы төңкерісті қарсы алған шығармашылық иелерінің көңіл-күйімен салыстыруға болады.

Сонымен қатар тарихи процесстер қашанда қайталанып отыратын сияқты. Сөзімізге дәлел ретінде ең алдымен тәуелсіздік тудырған әдебиет туралы айтпас бұрын алаштың ұлы перзенті Мағжан Жұмабаевтың қыршыннан қиылған жас талапкер інісі Бернияз Күлеев туралы айтқанына тоқталайықшы: «Тегінде, әдебиет көктен түсетін пайғамбарлық емес. Әдебиет - елдің жанында жүре бастаған толқындардың жарыққа шыққан жаңғырығы. Төңкеріске дейін жаңа оянған баладай еліміздің әдебиеті алдынан тәй-тәйлап жетелеп келе жатты».

... Соңғы 10-15 жылдарда елімізге елдік сезім кіре бастады. Алыста үміт елестей бастады. Сондықтан әдебиетіміз де екпінді, отты мінез алды, «Кекті кексей», алыстағы үмітті жырлай бастады. Әдебиетіміздің жүріп келе жатқан табиғи жолы осы еді», - дейді [68, 219 б.]. Ұлы ақынның төңкерістен күткен жаңалығы мол, үміті зор болатын. Үміттің ақталмауы, жаңалықтың болмауы басқа әңгіме де, Мағжан ақынның санасына төңкерістің жаңашыл екпін, тәуелсіз рух желісін әкелгені басқа сөз. Демек, ұлы ақын жиырмасыншы ғасырдың басындағы тарихи оқиғалардан елдің санасына сілкініс әкелетін леп күтті. Ол сілкіністің ғұмыры ұзақ болмаса да белгілі деңгейде жүріп өтті. Содан шабыт алған ақынның романтикалық үлгідегі классикалық туындылары дүниеге келді.

Уақыт қоғамдық құндылықтардың бағасын өзгерткен сайын, мәдениеттер алмасуы мен руханияттар жаңғыруы орын алады. Алайда арада ұрпақ алмасқан кезеңде, бұл күн келер күннің қарауылынан қарауға жеткен кезде тың бағамдау байқалады. Қоғам өз ішінен өзін байқай алмайды.

Бұл ұшақтың ұшып бара жатқанын ішінде отырған адамнан гөрі оны бақылап жерде тұрған адамның көре алуы немесе сезінуі сияқты нәрсе.

Санамыздың түкпірінде бұлқынып жатқан көзқарастарымыз жұлқынып сыртқа шығуға мүмкіндік алды. Қазіргі қоғам біз үшін солай, яғни көненің көзі мен жаңа дәуірдің басталуы. «Поэзия қай дәуірде де, қай заманда да адам көңіл-күйінің буырқанған, босаңсыған, қайрат шақырған, қамыққан, қайтадан рухтанған өмірлік мұраттарға ұмтылған сәттерінің бәрінің де көркем шежіресі, бейнелі суреті, мың құбылған әуені. Өлеңнің бір тармағында яки бір шумағында ел тағдырына қатысты қара сөзбен айтып жеткізе алмайтын қуатты сөз бас құрайтыны содан» [68, 13 б.].

Дәстүрге мойын бұра отырып біздер әдебиеттегі жаңа құбылыс дейтініміз сол көп жылғы тәжірибенің, көркемдік дәстүрдің озығы, ең алдыңғы қатарлысы болуға тиістігін және «жаңашылдық дегеніміз көнерген, тозған дәстүрден арылып, заманның ілгерішіл, прогрессшіл талабына сәйкес дәстүрден, өнегеден барып туындайтын құбылыс» [68, 30 б.] екендігін бағамдаймыз. Уақытты қабылдау тұрғысынан алғанда жоғарыда аталған ақындардың және оған ілікпеген өзге шығармашылық иелерінің де жалпы дүниені тану немесе уақыт ағымына ілесу жағынан екі түрлі бағытта қалыптасқанын көреміз. Алдыңғы толқын ағалар өздерінің бұрынғы жариялылық сипатындағы жарқын дауыстарын жалғастыра отырып, тәуелсіздік қуанышын қабылдаса, соңғы толқын інілер жаңалықты жаршысы ретінде іліп алып, жаңаша үлгідегі поэзиялық туындылар сыйлағанын көреміз.

Кейбіреулері негізгі айқындаушы стиль ретінде қалыптаса алмаса да поэзиялық шығармалардың даму барысында еркін ойлаудың шынымен-ақ шығармашылықта орын алғанын көруге болады:

- поэзиялық шығармаларда кеңестік дәуірдің соңғы жылдарында орын алған жариялылық сипат жалғасын тапты;

- нәзік лириканы бойына сіңірген жыраулық дәстүрдің жаңғыруы көрінді;

- көне түркілердің сарынын жеткізетін түркішіл желі дүниеге келді;

- ұлттық танымын еуропалық үлгімен көмкере білген шығармашылық иелері әдебиет алаңына шықты.

Әрине аталған жіктеулер нақтылы ғылыми дәлдіктен алыстау болғанымен, жалпы алғанда тәуелсіздік жылдарындағы поэзияның сарапталу желілерін нақтылы талдап көрсетпегенмен, олардың даму салаларын бағдарлауға мүмкіндік береді.

Негізінен алғанда тәуелсіздік жылдарындағы поэзияда тың дәстүрлердің көрініс алғанын айтуымыз керек. Олар көне түркілік сарын және жыраулық дәстүрдің лирикалық шығармалармен қоса-қабат өрілуі тұрғысынан көрінді. Соңғы дәстүрдің бұған дейін де әдебиеттен көрініс тапқаны баршаға белгілі. Ол туралы біршама зерттеу материалдары да жарық көрді.

Дәстүр негізінде қалыптасқан дәстүрлі зерттеушілік тұрғысынан қарай отырып қазіргі поэзиялық шығармалардың даму барысын былай жіктеуге болады:

- поэзиялық шығармалардағы көне түркілік сарын;

- лирикадағы жыраулық дәстүр;

- кеңестік дәуір әдебиеті өкілдерінің тәуелсіздік жылдарындағы шығармашылығы;

- поэзиялық шығармалардағы фольклорлық желілер;

- поэзиядағы модернизм және Мағжан дәстүрі.

Көнетүркілік сарын қазіргі әдеби шығармаларға көптеп ене бастады. Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған жазбаларындағы елдік, халықтық рухтың сақталуы өз алдына да, ондағы сарынның жетуі бөлек дәлелдеуді қажет

етеді. Ең алдымен тәуелсіздік алған елдің тарихи-генетикалық танымымен, ұлт болып қалыптасу арналарымен тығыз байланысты рухани құндылықтар болады. Ең бастысы шығармашылық иелерінің ой саумалдау кеңістігі кеңейіп, сана бостандығы қалыптасты. Сол арқылы ақындарымыздың көнетүркілер сарынына бойұсынуы жиілей бастады.

Әрине бұл жерде тақырыпқа бару немесе идеяны айту бір басқа да, тақырыпты меңгеру һәм идеяны жеткізу басқадай мәселе. Сол тұрғыдан алып қарасақ, оған сыни көзқараспен баға беруге болар, бірақ біздің қазіргі уақытта көңіл тоғайтатынымыз олардың осы тақырыпқа қалам тартуының өзін негізгі жетістікке балауға ұласады. Ең бастысы бабаларымыз мұрасына, ұлттық раханиятымызды құрайтын құндылықтарға деген жаңаша көзқарастың қалыптасуында жатыр.

Көне түркілік дәстүр – біздің әдебиетіміздің қанып ішер кәусар бұлағы. Олардың көркемдік қуаты қазіргі лирикалық поэзияның стильдік ерекшеліктерінің бірі болып қалыптасып келеді. Поэзиядағы фольклорлық желілер дегенде ең басты мәселе қазіргі ақындардың фольклорлық кейіпкерлерді және оқиғаларды өз шығармаларына арқау етіп алуын айтуға болады. Ақындар фольклорлық желілер арқылы шығармашылыққа жаңа тыныс беріп, ауыз әдебиетінің кейіпкерлеріне жаңа замандағы құлаш жаю үшін жаңа кеңістік алаңын ашты.

Жаңа заман поэзиясының негізін белгілі бір әдеби бағыт дамуынан іздеген дұрыс. Себебі кез-келген әдебиеттің өзінің даму және ағу арнасы болады. Дәстүр және жаңашылдық мәселесі бойынша жоғарыдағы жіктеулердің жалпы тоғысатын жері де осы соңғысы болуы керек.

Ал Мағжан дәстүріне келетін болсақ, қазіргі поэзиядағы Мағжан дәстүрі жоғарыда аталған

дәстүрлердің жиынтық негізі және солардың даму бағытының барлығын бойына сіңіре білген. Әдебиетте Мағжан дәстүрінің негізгі көрінісі ретінде символистік және романтикалық бағытта жазылған шығармаларды атауға болады. 90-ыншы жылдардың басындағы әдебиет өкілдері символизмді, метафоралық ойлау жүйесін, меңзеу, тұспалдау әдіс-тәсілдерін шығармашылық барысында терең қолданып, жаңа заман поэзиясының көркемдік қуатын арттыра білді.

Жаңашылдық тұрғысынан қарасак, қазіргі поэзияның дамуы арнасы модернистік және постмодернистік бағытта дамып келе жатқаны анық. Соңғы кездері әдеби қауым атап жүрген көптеген «измдерден», біздіңше, ат-тонды ала қашудың еш реті жоқ. Себебі әдеби дамудың бағдарын айқындайтын және салмағын саралайтын да қазіргі кезде әлемдік әдебиетте қалыптасқан сол «измдерді» қарастыратын, соларды басшылыққа алатын теориялық ілім және ағым-бағыттар. Азаттық тудырған еркін ойлы поэзияның еліміздің рухани игілігіне айналған тұстары келесі тарауларда саралап көрсетіледі. Ал қазіргі тарауда жоғарыда өзіміз жіктеп өткен бағыттар бойынша сараптамалар жасалады.

Көне түркілік сарын қазіргі поэзияның айқындаушы бағыттарының біріне айналып келеді. Түркілер сарыны арқылы біздер ата-бабамыздың қалдырған мұраларының ерекшеліктері мен олардың әдеби туынды ретіндегі көркемдік қуатын бағамдай аламыз. Дәстүр және жаңашылдық тұрғысынан келгенде зерттеу еңбегімізде қазіргі ақындар өлеңдеріндегі түркілік сарын арқылы жасалған көркемдік стиль туралы сөз қозғамақпыз. Түркілік сарын бағытында жазып және жетістіктерге жетіп жүрген ақындар ретінде Т.Медетбек, Ұ.Есдәулет, Н.Айтов, С.Ақсұңқарұлы, Н.Мәукенұлы, Е.Раушанов тағы басқалармен қоса Ж.Әскербекқызын атауға болады.

Т.Медетбек алдыңғы буын өкілдерінің ішінде қалыптасқан арнаны бұза отырып, жаңа бағыттағы шығармалар жазып жүрген ақындардың бірі. Ақынның жалпы шығармашылығы туралы көп айтуға болады. Біздің нысана етіп алатынымыз ақынның шығармаларындағы түркілер сарыны қалыптастырған, оны лирикалық шығармаларға негіздеген өлеңдер топтамасы.

Бірқатар зерттеушілер қазақ әдебиетіндегі түркілік сарынды зерттеу барысында поэзиялық шығармалардағы сопылық ағымға тоқталып кеткен. Дәстүр және жалғастық мәселесін саралау бағытында сопылықтағы адамгершілік сарынды сараптай отырып Ж.Әскербекқызы мен М.Райымбекұлы шығармаларын қарастырады. Біздің негізгі бағытымыз болып тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттен орын алған көнетүркілік сарынды дәстүр және жаңашылдық аясында қарастыру.

Қазақ әдебиет тарихының бастау және ерекше бір ғасыры болып есептелетін көне түріктер заманында пайда болған әдебиетті зерттеу ісі әдебиет тарихында кеңінен қолға алынып келеді. Осы салада жазылған қаншама еңбектерді барлығымыз білетіндіктен біздің негізгі мақсатымыз түркілер сарыны бойынша жазылған тәуелсіздік жылдарындағы әдебиетке сараптама жасау.

Кеңестік дәуір қазақ халқын басып-жаншып, оның рухани құндылықтарын да жоққа шығаруға тырысты. Соның бірі қазақ әдебиеті тарихының дұрыс оқытылмауы, жіктелу тарихының дұрыс жолға қойылмауы. Айтуға және оқылуға тыйым салынған жекелеген тұлғалар шығармаларының болуының өзі қазақ халқының қаншалықты зобалаңды басынан кешіргенін көрсетсе керек. Бірақ уақыт өз дегенін орын-орнына қойды. Аңсаған азаттықтың таңы атты. Тарих туралы, рухани құндылықтар туралы қанша айтсаңыз да еркіңізде. Осыған байланысты көне түркі әдебиетін зерттеушілер жаңа табыстарға да

жете бастады. Осы әебиетті зерттеуші ғалымдарымыздың бірі Алма Қыраубайқызы былай дейді: «Қазақтың ілкі ата-бабалары – түріктер, ғұндар, сақтар. Өз алдына қазақ хандығы құрылғанға дейінгі дәуірлерде бізді жалпы атпен түріктер деп атаған» [12]. Олай болса біздің әебиетімізде түркілер сарынының болуы және сол дәстүрде шығармалардың жазылуы өте орынды деп есептейміз.

Биікте көк тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ата-тегім
Бумын қаған, Істемі қаған отырған.
Отырып, түркі халқының ел-жұртын
Қалыптастырған иелік еткен [12, 46 б.].

Жоғарыда келтіріп отырған үзінді арқылы төл әебиетімізде бар түркілер сарынын көрсеткіміз келді. Жалпы алғанда сарын дегеніміз не? Ол сарынды әебиетте қалай көрсетуге болады. Сарын негізінен алғанда сазға, музыкаға қатысты нәрсе. Сөзбен сазды қалай жеткізуге болады. Ең алдымен алып қарағанда сарын өлеңнің құрылымдық жүйесі арқылы жеткізіледі. Түркілер әебиетінің өкілі Иоллығтегін өлеңнің буын, бунақ, тармақ, ырғақ жүйені пайдалана отырып, ерекше бір сарынды, сазды беруге тырысқан.

Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен,
Сарбаздарымен аттанып,
Төртбұрыштағы халықты
Көп алған екен, бәрін бейбіт еткен,
Бастыны еңкейткен,
Тізеліні бүктірген [12, 46 б.].

Бабалар жырының бұл сарыны Жанат Әскербекқызының шығармаларында былайша жалғасын тапқан:

Бастыны жүгіндірдік,
Тізеліні шөктірдік.
Тоңғанды жылындырдық,
Өштіні - жоқ қылдық.
О, түрік-сір жұрты!
Басымнан бақ тайды ма,
... Өртенеді өзек,
Жақыным жаттай мына
Ажал тұр оғын желкеме кезеп [69, 192 б.].

Басталған жолдарынан-ақ ақынның көне түркілер сарынын терең түсініп-танығаны байқалады. Іргелі поэманың «Бұрынғы әуен» деп аталатын бөлімінде «Білге қағанның бақұлдасуы», «Күлтегіннің қаһары», «Тоныкөктің толғауы», «Иоллығ-тегіннің аманаты» атты тараулары топтастырылған. Білге қағаның өзінің атынан жазылған монолог ретіндегі туынды да ақын түркілер дәуірінің сарынын сақтай білген. Жоғарыда біз атап өткен ырғақтық, құрылымдық ерекшеліктер де сақталған. Сөз қайталаулардың өзінен де ақынның сарынды сақтай білуге ұмтылғанын байқаймыз. Сонымен қатар поэма құрылымынан жыраулар әдебиетінің де үлгісін байқауға болады. Ақын сарынды шумақтық қайырымдарға түсіре білген. Сол арқылы сарынға лирикалық саз қосуға деген ұмтылысын да көреміз. Елім-жұртым деген перзенттің, халық мүддесін қорғаған қағанның жан тебіренісі көрінетін шығарманың құндылығы қашанда жоғары.

Алтай асуын
Асқанмын талай,

Ертіс кешуін
Кешкенмін талай,
Ажалдан мынау
Жасқандым қалай,
Өмірден мынау
Сескендім қалай [69, 110 б.].

Қаһарлы қағанның дүниенің өткіншілігін сезініп, жалғанның опасыздығын мойындап жатқан шағы. Өз дәуренінің өткеніне қиналмайды, артында қалар ел-жұрттың амандығын тілейді. Жалпы көне түркілер жырларында – Күлтегіннің үлкен және кіші жазуларында, Тоныкөк жырында қағанның алатын орыны ерекше аталып көрсетіледі. Қаған Тәңірінің мейірі түсіп, күллі жұрт төбесіне көтерген адам. Оған халықтың құрметі де ерекше болуға тиіс. Ел, халық тағдыры білікті қағанның қолында. Күлтегін жырында айтылатын білге қағанның мына сөздері арқылы оның ел үшін сіңірген еңбегін көруге болады:

Түркі халқы үшін,
Түн ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым.
Інім Күлтегінмен бірге
Екі шадпен бірге
Өліп-тіріліп жерді ұлғайттым [69, 111 б.].

Тастағы жазбаларда бірінші жақтан баяндаушы атынан айтылады. Ақын шығармаларында да өзінің кейіпкерлері Білге, Тоныкөк, Күлтегіннің өздерін сөйлетеді. Ақын жырлардың көркемдік ерекшелігін сақтай отырып, көркемдік қуаты зор шығарма тудыра білген. Поэманың сөз қолданысында көне жазбаларда берілген кейбір тіркестерді де ұтымды пайдаланған.

«Күлтегінің қаһары» бөлімінде жырланатын батырдың ерлігіне назар салсақ, жырдағы аттардың, жерлердің атаулары да толық сақталған. Бұл бөлімнің жазылуында аздаған ерекшеліктер бар. Монолог түріндегі туынды қазақы кара өлең үлгісінде шумақтарға бөліне жазылған. Білге қағанның монологында берілетін жырлардың құрылымдық ерекшелігін біз Күлтегінің ішкі сырынан байқай қоймаймыз. Алайда тастағы таңбалар сарынының толығымен сақталып қалғанын айтуға болады.

Алып шалшы атқа міндім,
Көк сүңгіні жарақ қылдым.
Он жасымда толғаныспен,

Ұлы ерлікке талап қылдым, – деп басталатын поэма Күлтегінің ерлігін дәріптеу сипатында жалғасын таба береді. Біз Күлтегін жырында да батырдың ерлігін дәріптеудің берілетінін байқаймыз. Мүмкін аталған шығарма кейіннен кейбір батырлар жырының туындауына себепші де болған шығар. Жырда Күлтегін бейнесі жоғары дәріптелген. Оның әрбір ерлігі егжей-тегжейлі суреттеліп, баяндалған.

Алып шалшы атқа мініп,
Шабуылға ұмтылды.
Екі ерін найзамен шанышты.
Қарлықтарды қырдық, алдық.

Жанат Әскербекқызының ақындық дүниетанымы ұлттық таныммен соның ішінде ұлттық әдебиетіміздің қайнары ауыз әдебиетімен, көне жазбалармен тығыз байланысты екенін көреміз. Қазақ халқының ел болып қалыптасу идеясын көтерген поэманың бірінші тарауы көне жазбаларға арналса, келесі тарауында қазақ хандығы

дәуіріндегі оқиға суреттелген. Ұлт-азаттық идеологияны көтерген туындының көркемдік құндылығы өте жоғары.

Тоныкөктің толғауы ретінде берілетін келесі бөлімде жыраулық үлгідегі сөз саптау бар. Жалпы Тоныкөк «қазақтың жыраулық дәстүріндегі Бұқар жырауды, Қорқыт атаны, «Оғыз қаған жырындағы» Ұлық түрікті еске түсіреді» [12, 21 б.]. «Ол – Білге қаған кезінде төбе би болған, Білге қағанға қызын берген қайын атасы. Алтайдағы қара Ертісті жайлаған қарлықтардың Сәбек тайпасынан шыққан. Жасында Тауғаш елінде тәрбиеленген» [70, 46 б.]. Жанат ақынның туындысында Тоныкөктің монологы былай берілген:

Кердең де кердең
басқан күн,
Кеудеміз жаудан
асқан күн,
Қағаным таққа
мінгенде
Қай дұшпанымнан
жасқандым?!
Қызыл да тілді
жебелеп,
Алқалы топтан
асқанмын.
Қылыштай сөзбен
қын тылып,
Тауды да бұзып,
тас жардым [69, 112 б.].

Тоныкөк қағандарға ақыл беруші дана ретінде көрінеді. Қазақ тарихында ханға сөзін өткізген ақылман қария қаншама болған. Алма Қыраубайқызының пікірі бойынша ол «...сол кездегі түркі қағанатының саяси-

әлеуметтік және әскери ісінің барлығын қолынан өткізген дана абыз» [12, 22 б.]. Жанат ақында оның осы ерекшелігін көрсету үшін жыраулық дәстүрде толғауын өрген. Толғауының соңында келтірілетін:

Жерімізге тыныштық,
Жерімізге ырыс-құт,
Тұрақтап қала ма деген
Тәңірге қояр сұрағымыз еді, – деген жолдарда ақынның оның абыз ретіндегі бейнесін толық танып-түсінуінен туындаса керек.

Бұрынғы әуеннің соңғы бөлімі Иоллығ-тегіннің аманаты ретінде берілген. Шығарманың құрылымдық желісі бойынша жоғарыда келтірілген монологтардың барлығының авторы ретінде Иоллығ-тегіннің көрінуі байқалады. Бұл туралы жырда «Бұл жазуды жаздырғанның аты Иоллығ тегін» деп көрсетілсе, Жанат Әскербекқызының шығармасында:

Мәңгіліктің
Қағанаты - жыр,
Шықпасын деумен
Жаманат бір,
Шежіре шерттім
Тас кеудесіне,
... Иоллығ-тегіннің
Аманаты бұл, – деп айтылған.

Шығарманың өн-бойында Иоллығ-тегіннің ішкі тебіренісі көрініс алған. Келер ұрпаққа аманат ретінде бабалар сөзін қалдырған тұлғаның жан-дүниесін автор шығармасында түсіндіруге тырысқан. Жалпы алғанда Ж. Әскербекқызы өз туындысында бабалар сөзінің асыл қасиеттерін сақтай білген. Сол арқылы көркемдік қуаты зор, жаңа сипатты шығарма жазып шығарған. Осындай

нышандардың лирикалық шығармалардағы сипатын жапс ақын А.Темірбайдың

«Көк бөрінің қайғысы немесе қазақ рухы» атты өлеңінен де байқаймыз. Көк бөріні символ ретінде ала отырып, мәнісін ұғуға талпынады. Тіпті, өзінше байлам жасайтыны да бар:

Көк Тәңірге сыйынып,
Көктен күткен тілегін,
Көк бөрінің ұрпағы,
Көк байрақты ұлы елім!...
Көк бөрінің мінезі қандарында бар ма әлі,
... Бұрын жерік анамыз жепті қасқыр жүрегін.
Жанарында жарқ еткен найзағайлы намысы,
Қазақи рух бейнесі- түздің текті тағысы!
Түсімде, сол Көк бөрі ұлиды жер тырмалап,
Жанында оның... көмусіз қалған Алаш арысы!...[71,

178 б.]

Жоғарыда аталған ақындардың шығармаларына үңіле отырып, көктүріктер сарынының ғасырлар арасынан қалайша жетіп жатқанына құлақ түреміз. Көркемдік және рухани сабақтастық негізінен қарасақ, көктүріктер сарыны мен жыраулар толғауларының арасындағы байланысты көреміз. Ең бірінші байқалатын ерекшелік олардың спецификасы, яғни көшпенді елдің дәстүрлі поэзиясы болатындығында жатыр. Әдебиетіміздің екі түрлі саласы болып есептелетін көне түркі жазбалары мен жыраулар әдебиетінің ортақ идеялық негізі олардың азаттық сүйген, тәуелсіздік тілеген һәм ұлт тағдырын ойлаған ділінде жатыр.

Бұл ұқсастықтар мен өзіндік даралықтарға мән бермес бұрын, қазақ поэзиясының даму эволюциясына көз жүгіртер болсақ сонау аттың жалында, атанның қомында күн кешкен бабаларымыз туындатқан поэзияның өрісіне

бір көз салмай кетуге мүлде болмайды. Қазақ поэзиясының ауыз әдебиетінің тереңінен нәр алған шығармашылық салалары жыраулар әдебиетінің дәстүрі олардағы ұлттық характердің даралығын айта кеткен шарт. Көшпенді ортада ғұмыр кешіп, сол ортаның табиғатына тарта туған тарпаң мінезін бойына сіңірген жыраудың шығармашылығы да өзінің рухы тәріздес болады.

Өз заманының үніне үн қосып, ағымына ілескен, дауылына қарсы тұрған ақын-жырулар шығармаларындағы характер даралығын ерекше басып айту керек. Жыраулар әдебиеті өз заманындағы қоғамдық процестердің шиеленісуі мен шарпылысынан туған, замана талабына, халықтың арман-тілегіне жауап берген шығармашылық түрі.

Асанқайғы, Жиёмбет, Ақтамберді, Қазтуған, Доспамбет жыраулардың жырларындағы өмірсүйгіш рух пен абсолюттік романтика, бұлтартпас тарихи дәлдік лирикалық қаһарманның жүрегіндегі отты оқырманның көңіліне аударып күйіп өзінің ноктаға басы бағынбас мінезін танытады. Жыраулар толғауларын темірқазық етіп алып, солардың көшіне ілескісі келген шығармашылық иесі де сол характерді, жеңілмес рухты және оптимизмге толы желіні өзінің шығармашылығына өзек етіп алады.

Қазақ әдебиеттануында Мағжан поэзиясындағы символизм туралы айтылғанмен, зерттеушілер назарынан акмеизмге тән сипаттардың да ақын поэзиясынан көрінетіндігі назардан тыс қала берген. Бұл ағым ұстанымдары да орыс поэзиясының көркемдік деңгейіне елеулі ықпал еткенін еске ала отырып, батыс әдебиетінің даму қарқынынан ұлттық поэзиямызды қалдырғысы келмеген, қазақ өлеңінің зор мүмкіндігін көрсетпекке ұмтылған эстет ақын Мағжанның бұл тарапта да эксперимент жасауы уақыт талабынан туындады деуге болады.

Акмеистер поэзиясындағы бейнелеу тәсілдері, өмір шындығын көркемдік әлемде мүсіндеу жолдары Мағжан өлеңдерінде ұлттық танымымызбен тамырласып, ерекше сипат түзді. Ш.Елеуенов айтқандай, «Мағжан өлеңдеріндегі көп жаналықтардың бірі – ақынның қазақ поэзиясына тың мифологиялық бейнелерді енгізуі» [72, 206] болса, бұл тарапта да тек символистік қана емес, акмеистік ұстанымдар да ақын ізденісіне негіз болды. Мифопоэтикалық пайымдаулар арқылы ойды бейнелеу, көркемдік шындықты таныту Н.Гумилев, О.Мандельштам, А.Ахматова сияқты орыстың көрнекті ақындарына тән тәсіл десек, қазақтың біртуар ақыны Мағжан Жұмабаев өлеңдерінде де қайталанбас поэтикалық пішіндер туындады. «Іңірде» өлеңіндегі ене мен келін қарым-қатынасы, іңірдің суреті, жалпы поэзиясындағы дала бейнесі, өткен күн мен бүгінгі күн суреті осыған мысал. Н.Гумилевтің «Әзәзіл», «Әзәзілге ғашық қыз», «Жиһраф», «Леонард» сияқты акмеистік сарындағы өлеңдері және олардағы поэтикалық пайымдар М.Жұмабаевтың «Жазғы жолда», «Қысқы жолда» өлеңдерімен үндес. Бұл үндестікті екі ақынның өздері ғұмыр кешкен уақыттағы саяси-әлеуметтік өзгерістерге көзқарастары мен жалпы дүниетанымдық ұқсастықтарынан деп тұжырымдаған жөн. Бұл турасында академик С. Қирабаевтың «Дала желі оған үнемі өлім үнін әкелді, ақ селеулі қыры мен қысқы даласы оған кебінге оранған бейнеде елестеді. Мағжанның бұл саладағы ізденістерінде орыстың декадент, символист ақындарының сарыны барлығы да жасырын емес» [73, 113] деген пікірі сөзімізді бекіте түседі. Академик Р. Нұрғали айтқандай, «қазақ лирикасында үлкен көркемдік жаңалық ашып, соны әсемдік арналарды негіздеп, әсіресе, Еуропа, орыс әдебиетіндегі ізденістерді, бағыттарды ұлттық топыраққа батыл да еркін ендірген» [74, 101] Мағжанның шығармашылық мұрасындағы «символдық, мистикалық,

фантастикалық сарындарға бой алдыратын аса күрделі өлеңдер» [74, 102] өзінің мифопоэтикалық құрылымына түрлі ағымдық, стильдік ерекшеліктерді жинақтаған. «Ақын – халықтың ұлы. Ол жеке басының болмашы қайғысына түнеріп, мардымсыз қуанышына шаттанумен ғана тынбай, дәуірі ұсынған өтпелі мәселелерді түбірлей қозғауы қажет» [75, 285] деген әдебиеттанушы ғалым А.Еспенбетов пікірін тілге тиек ете отырып, Мағжан халық тарихындағы алмағайып уақыт шындығын жырлауда тың көркемдік тәсілдерге барғанын қайталай айтамыз.

Лирикадағы уақыт мезетінің суреттелуінің өзі түрлі бейнелеу тәсілдерімен жүзеге асатынына арғы-бергі кезеңдегі поэзиялық туындылардан көп мысалдар келтіруге болады. Әдебиеттегі табиғат суреті туралы теоретик ғалым В.Хализев былай дейді: «Әдебиетте табиғаттың әрекет ету формасы әр алуан. Бұл оның қуатының мифологиялық негізде танылып-түсінілуінен, поэтикалық кейіптеулерден, эмоционалдық реңктерді пайымдауынан (жеке дыбыстардан бастап тұтастай монологтарды қамтитын) және өсімдіктер мен жан-жануарларды сипаттаудан, тіпті олардың кескіндерін бейнелеуден, ең соңында нақты пейзаждарды – тұтастай кеңістікті суреттеуден көрінеді» [76, 206].

Адам мен табиғат – күллі өнер туындысының нысаны. Әсіресе сыршыл жанр лирикада уақыттың әрбір сәті түрлі тәсілмен жырланып, өзгеше бітімді көркем бейнеге айналды. Соның мысалы ретінде қазіргі лирикамыздағы түннің бейне (персонаж) дәрежесіне көтеріліп, кескінделуін сөз етсек, көп қырлы көркемдік әлемінің терең сырына қанығарымыз анық.

«Қазақтың халық поэзиясында табиғат суреті, жаратылыс көріністері үлкен орын алады. Бұлай болуы заңды да. Сахарада көшіп жүрген, күнделікті өмірі жазда, күзде тіпті жыл бойы дерлік кең далада, төңкерілген ашық

аспан астында, өзен-судың жағасында өтетін елдің өзін ұдайы табиғаттың аясында, құшағында отырғандай сезінуі таңғаларлық нәрсе емес», – дейді академик З.Ахметов [77, 316].

Мағжанның «Пайғамбар» өлеңінің:

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Күні батып, жаңа таңы атпаған.
Түнеріп жүр түннен туған перілер
Тәңірісін табанына таптаған [76, 132].

деген жолдарында күнбатыс-түн-қараңғылық ассоциациясы тұтастай бейнеленіп, ақынның заманға, болып жатқан өзгерістерге көзқарасы аңғарылады. Өзіміз айтып өткендей, қараңғылық-түн қасіреттің, зұлматтың белгісі ретінде бейнеленіп, ақын қара ниеттілерді «Тәңірісін табанына таптаған, түннен туған перілер» түрінде көрсетеді. Түн мен таңды, қараңғы мен жарықты, Күнбатыс пен Күншығысты бір-біріне қарама-қарсы қоя отырып, авторлық ұстанымын танытады.

Жүмекен Нәжімеденовтің «Түн жыры» өлеңі тың бейнелеуімен ерекше. Бұл өлеңдегі түннің қалпы дәстүрлі суреттеулерден бөлек.

Бұталардың арасында қап-қалың,
Ұйыған түн жатты іркілдеп бөкпе боп.
Бір абайсыз ашып еді қақпаны –
Күдірейіп түрегелді көк төбет [78, 263].

Мифтік түсініктегі күн мен түннің арасындағы шекара өлеңде «қақпа» пішінінде көрінген. Қақпаның ішіндегі «түн – көк төбет» метафорасы келесі шумақта күрделене түседі. Түнгі суреттің бірін осылай «көк төбет»

әрекетімен бере отырып, келесі жолдарда қара түнді қара суға ұқсатады.

Жүмекендегі осындай сипатпен көрінген түн Тыныштықбек Әбдікәкімов өлеңінде «қалың қара бояумен» бейнеленіп, үрейлілік сипаты артқан:

Қап-қараңғы үрейдің арқасындай,
Мына түннен азырақ қорқасың да,
Күлген сайын сырттағы күрең боран
Жын жылайды пешінің қолқасында [78, 264].

«Боранды түнде» атты өлеңдегі түн суреті осындай. «Ботасынан айрылған боз інгендей боздаған боз бағана», «сәт сайын екіленіп, кейде адамша күрсініп терезені жалаған, кейде булыққан боран», бастапқыда пештің қолқасында жылаған жынның енді «моп-момақан бола қалған пештің қолқасында күлуі» өлеңнің мистикалық сарынын күшейткен. Түнге тән үрей мен қорқынышты алдыңғы орынға шығара отырып, Тыныштықбек психологиялық-эмоциялық реңкті арттырған. Ақын үшін түн үрейі мен тылсымы күшті мезет. «Түн баласы» өлеңі де осыған дәлел бола алады.

Міне, енді... Қала – қара, Ай – сап-сары,
Сарғайып жалғыз тісі тұр Тажалдың [79, 217].

Алдыңғы өлеңде «жын» діни-мифтік персонажы өлең мазмұнына араласса, ендігі өлеңде эзезіл, тажал сияқты мифо-персонаждар айтылады. Бұл персонаждар ең әуелі ақынның көркемдік танымындағы түннің бейнесін аңғартуға қызмет етсе, сонан соң қалыптасқан мифтік танымдағы қараңғы түннің үрейлілігін жаңғыртады.

Түн суретінің «мифтік» бояулармен суреттелуіне Ұлықбек Есдәулеттің «Түнгі саздар» өлеңін мысал етуге

болады. Анимистік сенім іздері «кәусар бұлақ кеудесінің дірілі» мен лирикалық кейіпкердің «өз кеудесінің дірілін» бір сезінуінен, «құзар шыңға қылышын сүйеп қойып» ән тыңдаған Ай бейнесінен көрінеді:

Жыршы құстар әнге бөлеп түн ішін,
Қандырады құлағыңның құрышын.
Бұлтты серпіп ай да тыңдар бұл әнді
Құзар шыңға сүйеп қойып қылышын [80, 83].

Ай сәулесін оның қылышы түрінде бейнелеу де тосын сурет. Бұлақ, ай ғана емес, жас құрақ, тас бұлақ, дала – дерлік «адамдандырылған».

Түн мезгілі арқау болған Есенғали Раушановтың «Түннің көз жасы» өлеңін алайық. Ақын өлеңдеріне тән метаморфозалық суреттің бір көрінісі аталмыш өлеңнің алғашқы жолынан көрініс береді де (бұл өз алдына жеке әңгіме), түн бірден персонаж болып әрекет етеді:

Жапыраққа айналып кетсем мен деп,
Жасырындым күн ауа топ шеңгел кеп.
Меңсіз қара ат мінген Түн мені іздеп жүр,
Мені іздеп жүр, сай құлдап, тепсеңді өрлеп [78, 312].

Көркем әдебиеттегі кейіптеу тәсілінің ұлттық поэзиямызда тамаша үлгілері барын білеміз. Бұл өлеңдегі кейіптеудің көркемдік деңгейі сол үлгілерден бірде-бір төмен емес. Әдетте «қараңғы», «қаракөк», «қара» айқындауларымен келетін түннің «меңсіз қара ат мінген» түрде бейнеленуі ұғымға сыйымды

Түннің көркем бейне дәрежесінде көрініп, «адамдандырылуының» тағы бір мысалы – философиялық астары қалың «Түн деген – Көроғлы, көр баласы» деп басталатын өлеңі. Түркі халықтарына ортақ «Көроғлы»

дастанындағы көрде туған бала жайлы сюжет ақын өлеңінде деталь ретінде ғана алынып, ары қарай үлкен адамзаттық, дүниетанымдық ой қозғалады. Мағжан өлеңдерінен көп ұшырасатын Түн-Күн ұғымдарының карама-қарсылығы Есенғалида:

Күн-ағасы қылт етсе қыр астынан
Көрге кіріп кетеді қашып келіп [78, 349].

жолдарымен суреттелген.

Сезім халін, адам атты жаратылыстың өзінің ішкі дүниесімен күресін поэзия тілінде түн суретімен тұспалдай жеткізу Нұрлан Мәукенұлы өлеңдеріне де тән сипат.

Тереземнен телмірме түн,
Телмендеген сен бір жетім –
Аяй сүйген ай бір бетін,
Желпи сүйген жел бір бетін [78, 392] –

деп толғанған ақын мұңы түн болып әрекетке көшеді. Анығында оның әрекетін біз ақынның тіл қатуынан ғана аңғарамыз. Нұрлан сөзді ойната, қайталай отырып, түн әрекетін көңіл-күйімен егіздейді. Бір қарағанда, лирикалық кейіпкер түнмен тілдесіп, оған сыр шерткендей, өз халінің де дәрменсіздігін айтқандай болса, енді бірде түн деп тілдесіп отырғаны – өзінің жалғыз қалып құлазыған көңілі екенін тануға болады.

Лирикалық поэзиядағы түннің әр түрлі қалыпта бейне дәрежесіне көтеріліп, тың сурет, жаңаша ой тудыруда маңызды орын алғанын осы өлеңдерден тани түсеміз. Мұндай мысалдарды әлі де көптеп келтіруге болады. Бір-бірімен үйлесім тапқан тамаша поэтикалық тіркестер, тілдік өрнектер ұлттық поэзиямыздың зор мүмкіндігін көрсетеді.

«Ежелгі адам жансыз затты білмеді десе де болады, – деп атап көрсетеді А.Н. Афанасьев, – олар бәрінен ақыл мен сезімді, еркіндікті көрді. Орманның шуылынан, жапырақтардың сыбдырынан ағаштардың өзара құпияға толы әңгімелескенін естіді» [81, 138]. Орыс поэзиясын зерттеушілер ағаш жаратылыс үйлесімінің мифологиялық символы болып танылғанын және сондай поэтикалық бейнеге айналғанын атап көрсетеді. Ағаш бейнесі барлық халықтардың мифологиясынан өзіндік орын алады. Қазақ ертегілеріндегі алып бәйтерек осының мысалы. Ал, көшпенді тірлік кешіп, даланы еркін жайлаған қазақ поэзиясында таудың ерекше орын алғанын айтуға болады.

Ақын Тұманбай Молдағалиев поэзиясынан тау бейнесі жиі ұшырасады. Лирикалық сазға толы «Алатаудың етегінде туыпсың» деп басталатын өлеңінде аңсар жанның күллі болмысы таумен егізделе, тауға ұқсатыла жырланған.

Тау – барлық жақсылық атаулының бастау алар жері. Адамзат баласының рухани кеңістігі – аспан әлемі болса, тау – сол аспанмен байланыстырар нысан. Бұл мифтік танымның тым көне замандарда қалыптасқаны белгілі. Көркемдік жадымызда тұрақты орын алған таумен рухани асқақтықты салыстыру ақын өлеңінде жаңаша түрленеді. Тау ақын танымында адами болмыспен кескінделеді:

Сондықтан да тау өзіңе ұнайды,
Сондықтан да ұнатпайсың лайды.
Тау баласы тау секілді қуанып,
Тау баласы тау секілді жылайды [82, 62].

Ақынның тауды нысанға ала отырып, рухани болмысты жырлауы, тау мен тау баласының арасындағы тылсым байланысты лирикалық қалыпта жырға қосуы поэзиядағы мифтік танымның көркемдік қызметінің бір

қыры. Алатау – Тұманбайдың сүйікті «бейнесі». Адам бойындағы рухани асқақтықты таумен салыстыру «Алатау», «Айтшы, Алатау», т.б. бірнеше өлеңдерінің негізгі арқауы.

Тау туралы өлеңдердің ішінде бөлекше көрінетін тағы бір ақын Светқали Нұржаннның «Хантәңірі» шоғыр-өлеңі. Бұл өлең үш бөліктен тұрады. «Хантәңірі-I» – табиғаттың тамаша суретінің көркемдік тәсілмен берілуі, «Хантәңірі-II» – ақынның өзі көрсеткендей, ертегілік мазмұнда, «Хантәңірі-III» – символдық мәндегі туынды. Үш өлеңге де мифопоэтикалық бейнелеу тән.

«Хантәңірі-I» өлеңінде аталмыш шың кейіпкерге, яғни лирикалық персонажға айналған. Өлеңнің мифологиялық бастауы айқын. Табиғаттағы әрбір зат ой-санаға ие, олар тірі рух деп қабылдаған мифтік сананың сілемі көркемдік мазмұнның негізіне алынған. Табиғаттағы әрбір зат пен құбылыс көркем детальға айналып, өзіндік қызмет иеленген. Хантәңірідей шыңды күткен қалыңдық Күн бейнесінде көрінген. Жауыннан соңғы табиғат ерекше жарқын қалыппен танытылған:

Сосын маңның құлпырып кетті реңі,
Жігіт-шыңның еңсесі көк тіреді.
Көк пердеге оранған Күн-сұлудың
Деміменен дидарын кептіреді...
Өптіреді... [83, 31]

Жігіт – шың мен Күн-сұлу метафоралары табиғаттын адамдандырыла суреттелуіндегі негізгі кілт (код) болып тұр. Табиғатқа көшірілген адами болмыс сипаты өлеңнің мифологиялық бастауымен және көркемдік мән-мағынасымен тұтастырылған. Бұл тұста көркемдік мән-мағына ұғымына ерекше назар аударма кеткен жөн. Белгілі филолог ғалымдар айрықша тоқталған көркемдік мағына

мәселесі мәтін табиғатын саралаған кезде алдымыздан шығады. Ю.М. Лотман «Көркем мәтіннің құрылымы» атты еңбегінде бұл мәселеге терендей барлау жасайды. «Мағына – семиотикалық циклдағы ғылымдардың барлығы үшін басты мәселе. Қорыта келгенде, кез келген таңбалық жүйені зерделеу мақсаты оның мазмұнын анықтау болып табылады. Мұны әсіресе, қосымша бейнелеушілік жүйені зерттеушілер ерекше байқайды: мәдениет пен өнер, әдебиет таңбалық жүйе ретінде мазмұн мәселесінен бөлек қалғанда барлық мағынасын жоғалтады», – дей келе, егер дәл осы таңбалық жүйе мағына туралы интуитивті ұғымды қанағаттандырмаса, онда талдау қиынға соғатынын ескертеді [84, 46]. Көркем мәтіндегі мағынаға сөз арнағанда бұл ғалым мазмұн мәселесі қайта кодтау мәселесімен тығыз байланысты болады деп көрсетеді де, мағынаның өзі ішкі кодтау және сыртқы кодтау жолдарымен туындайды дейді [84, 47-48]. Осы негізде біз шың мен жігіт, күн мен қыз суреттеулерін жұпталған сыртқы қайта кодтау (перекодировка) түрінде қарастырамыз. Бұл жерде «қайта кодтау» деп отырғанымыз мифтік таныммен байланысады. Мифологиялық ойлауға тән анимистік сенім табиғаттағы барлық нысандар мен құбылыстарға саналы рух тән десе, көркемдік ойлау жүйесінде бұл түсінік бейнелеулерге тірек болғаны белгілі.

«Хантәңірі-II» өлеңі ертегілік мазмұнда. Мұнда екі басты кейіпкер бар. Бірі – Көк Тәңірі, екіншісі – Хантәңірі. Сондай-ақ персонаждарға айналған бұлт – әскер әрекеті бар. Алдыңғы өлеңдегі бірлік пен тұтастық бұл өлеңде жоқ. Мұнда қайшылық, келіспеушілік, қарама-қарсылық желісі басым. Көк Тәңірі билік пен беделдің, Хантәңірі асқақ рухтың тұлғасын иемденген. Біріне бағындыру, екіншісіне еркіндік, азаттық керек.

Ұлы ақынның маңдайындай шың басы,
Әлі талай жанарларды қарыр кіл. –
Хантәңірінің елден ерек тұлғасы
Көзқырына түсе берді Тәңірдің.

Шығып кеткен шың екен деп шамадан,
Дүрліктірді Тәңір сонда мекенін.
«Көрсетейін, – деді сосын, – мен оған
Маған басын имеу деген не екенін! [83, 33].

Өлеңнің алғашқы жолындағы теңеу шыңның адам тұлғасына енуіндегі басты белгі сияқты. Асқақ рухты ақын бейнесіндегі шыңның билік иесі Көк Тәңірінің шамына тиюі кәдімгі тіршіліктегі, қоғамдағы билікті мен биліксіздің тартысын көрсеткендей. Тәңірі атауын иемденген шыңның асқақтай көрінуі символдық мәнде. Рухтың мәңгіліктігі, асқақтығы, еркіндігі осы Хантәңірімен ишараланып, тұспалданған.

Хантәңірідей аты аңызға айналған биік шыңның тірі, адамдандырылған рухани бейнесі адам мен табиғат тепе-теңдігінен бастау алатын поэтикалық бейнелеу екенін тағы бір еске салып өткен жөн. «Табиғат – мәңгіліктің, жеке тұлғадан тыс жалпы халықтық құндылықтардың мызғымайтын тірі бейнесі. Біздің тіліміздегі Табиғат (Природа) пен Отан (Родина) сөзінің бір түбірден болуы тектен тек емес» [85, 66], – деп, бұл маңызды мәселені Селезнев те қайталай айтып өтеді. Біздің ұлттық ұғымымызда табиғат пен туған жер арасындағы байланыс ауқымы тіптен тереңнен тамырланған. Көшпенді тірлік, табиғат аясында еркін ғұмыр кешу мифопоэтикалық дәстүрлі ойлау жүйесін туындатты. Бұл жүйе ұлттық танымның негізіне айналды. Магиялық фольклордан бастап, эпостық жырларға, қара өлеңге сіңіскен табиғатпен тілдесу, оны тірі рух деп танып, құрмет тұту классикалық

жазба поэзияда барынша қуаттанып, тамаша поэтикалық үлгілерді туғызды. Бұл поэтикалық үлгілер көркемдік дәстүр қалыптастырды. Ал ол өз кезегінде халықтың рухани мұрасына айналған мифтік әңгімелердегі сюжеттердің жаңғыртыла жырлануына әсер етті.

«Дайын сюжетті» пайдалану – теоретиктердің көрсетуінше «синкертизм дәуіріне» тән. «Бұл дәуірде екі оқиғалық архетип – көркемдік дамудың кезекті дәрежесі ретінде дайын сюжетті тілдің берілуінің кумулятивті және циклды түрі көрінді» [86, 169]. Эйдетикалық (дәстүрлі) поэтикада «сюжет шығармашылығы, яғни тың сюжеттер табу тоқтап, енді оны пайдалану басталды» [87, 322], – дейді О.М. Фрейденберг. Бұл зерттеушінің кумулятивті және циклды схеманы біріктіріп, «мифологиялық сюжет» ұғымында қарастырғаны белгілі.

«Дайын» мифологиялық сюжеттерді пайдалану ұлы Абай дәстүрінде бар. Ақынның «Ескендір», «Масғұт» поэмалары шығыстық мифтік сюжеттерге құрылған. Мағжанның «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», «Ертегі» поэмаларына да «дайын» сюжеттер негіз болған.

Белгілі ақын Иран-Ғайыптың «Қорқыттың көрі» атты дастаны ел аузында кең таралып, халық жадында көне дәуірлерден жатталып келе жатқан мифтік сюжетке негізделі жазылған.

Ел аузындағы Қорқыттың өлімнен қашуы туралы желіні «Қорқыт ата кітабындағы» «Домрулдың қызыл канатты Әзірейілмен айқасауы» жырымен қабыстыра отырып, осы «дайын» сюжеттер негізінде Иран Ғайып «Қорқыттың көрі» дастанын дүниеге келтірген.

Иран-Ғайыптың «Қорқыттың көрі» аңыз дастаны – аңызды өзінің көркемдік-идеялық мақсаттарына сай өңдендіре, өзгерте драмалық тартысқа құрған, Қорқыт-Абыздың күрделі де тылсым болмысын танытқан мифопоэтикалық астары терең туынды.

Ал, Есенғали Раушановтың «Қызық емес оқиға» балладасына арқау болған – Адам ата мен Хауа ананың жұмақтан қуылу оқиғасы. Бұл өте кең тараған діни-мифологиялық сюжет.

«Дайын» діни-мифологиялық сюжеттер ХІХ-ХХ ғасырларда дүниеге келген дастандар мен жырларда, поэмаларда, балладаларда кеңінен пайдаланылып, адамзаттық мәңгі мәселелерді танытуда көркемдік-эстетикалық, философиялық-гуманистік бағытта елеулі маңызға ие болды. «Қорқыттың көрі» поэмасы мен «Қызық емес оқиға» балладасы солардың бірлі-екілі мысалдары.

Өлең туралы аңыз әңгімелерде, мифтерде оны құс түрінде бейнелеу көп ұшырасады. Қалыптасқан таным-түсініктерде адам кеудесіндегі «аманат жан» метафорасы да құс (кейде шыбын жан) болып кейіптеледі. Өлең мен қауырсын қалам туыстығының мифтік негізі осында жатса керек. Халықтық ұғымда өлең ақынға қонады. Яғни ұшу мен қону құсқа тән әрекет болса, өлеңге де осы қалып телінген. ХІХ ғасырда ғұмыр кешкен Кемпірбай Бөгенбайұлының Әсетпен қоштасу жырында осы ұғым айғақтала түсіп, нақты сипатқа ауысқан.

Өлеңнің қонуы туралы ұғым болғанымен, оның дәл көкала үйрек болып көрінуі басқа әдеби мұралардан кездеспейді. Тіпті айтылса да бізге жетпеген. Неге Кемпірбай ақынның өлеңі «көкала үйрек» болып ұшады? Бұл сауалға жауап іздегенде көне мифтік танымдарға назар салу әбден керек болады.

Жалпы, аққу, қаз сияқты киелі құстар санатында үйрек көп айтылмайды. Бізге белгілісі – ертегілердің бірінің қаһарманы ерекше жаратылған Қараүйрек батырдың есімі осы бір онша еленбейтін құспен байланысты. Десек те мифтік әңгімелердің кейбірінде

қазбен қатар айтылып қалатын үйректің осынша құрмет, киені иеленуі тек Кемпірбайдан ғана бастау алмаса керек.

Өлең рухани дүниеге қатысты болғандықтан оның концептуалдық бейнесін таныту әуелі танымдық, кейіннен поэтикалық пішінде жүзеге асты.

Өлең – белгілі дәрежеде теориялық анықтамасы бар, жанрлық, пішіндік тұрғыдан өзіндік ерекшелігі сараланған сөз өнерінің саласы. Екінші бір қырынан келгенде, адам бойына біткен ерекше қасиет – ақындықпен тұтасқан рухани құбылыс. «Әдетте лирикалық шығарма ақынның жүрегін кернеген сезім тамшыларынан туады... Лирикада айтылар ой ақынның ойы ретінде қабылданады» деген тұжырым жасаған ғалым Б.Әбдіғазизұлы сол лирикадан «ақынның образы» көрінетініне тоқталады [88, 147]. Ақын образы мен өлеңнің тұтасуы жаңа поэтикалық бейнелеулерге бастайды. Кемпірбай ақын танымындағы өлең көкала үйрек бейнесін иелене отырып, киелілік, тылсымдық сипатымен ерекшеленеді. Ел аузындағы аңыз сипатты әңгімелерге сүйенсек, Жамбылға өлең жолбарыс болып келген. Қазақ ақындарының шығармашылық жолы туралы сөз болғанда, өлеңнің түсінде аян беріп, киелі аруақ болып қонғандығы тұрақты түрде қайталанатындығын байқаймыз. Тылсым сырлы, киелі сипатқа ие өлең тек көкала үйрек, жолбарыс түрінде ғана келбеттенбейді. Негізгі тегі сөз болғандықтан көп жағдайда «сөз» болып та айтылады. Өлеңді сипаттайтын тезаурус ретінде жыр, сөз маржаны, тұманың тұнық суы, көк ала үйрек, өлең-күлік, торғай-өлең, тандайдағы өлеңнің ұясы, аққу жыр, кәрі жолдас, күміспен апталып, алтынмен қапталған сөз, сөз патшасы, сөз сарасы, бауыры бұлақ бір кез мая, саулап келген топ киік, тұлпар жыр тіркестерін тізбелеуге болады. Қалыптасқан ұғымда өлеңнің метафоралары саналатын бұл бейнелеулердің көпшілігі мифтік таныммен тығыз байланысты.

Өлеңді қанатты құс бейнесінде пайымдаған таным өрісі тіптен кең. Өлең ұғымымен қатар ұшу, қанат сөздері бірге айтылатынын осы бағытта қабылдаған жөн. «Шабыт құсы», «көңіл құсы» метафоралы тіркесінің де негізі осыған барып тіреледі. ХІХ ғасырдағы белгілі айтыс ақыны Ұлбикенің «Таңдайымда өлеңнің ұясы бар» деуінің астарында «өлең-құс» танымы жатыр. ХХ ғасырдың көрнекті ақыны Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергеновтің қазасына арнаған өлеңінде:

Торғай-өлең шырылдап бара жатты
Аузында ажал дейтін сұрапылдың.
Торғай-өлең өлмеді, аман қалды,
Әкетті ажал... жырды емес адамды алды [89, 43], –

деп, өлеңнің құс сипатты болмысын бейнелесе, «Ей, өлең» атты жырында осы аяда ой толғайды:

Бейіштегі ұяңды қоя тұрғын,
Тіршілікке керексің, арда құсым! [89, 44].

Өлең мәңгілік болмысты. Бұл таным Кемпірбайдың «кеудемнен көк ала үйрек қош деп ұшты», Мұқағалидың «Торғай өлең өлмеді, аман қалды» деп жырлауларынан көрінеді. Ақын фәниден бақиға аттанарда өлең кеудені тастап, кеңістікке шығады. Бұл да рухтың мәңгіліктігіне ишара.

Сонымен, өлеңнің концептуалдық бірегей бейнесі болып танылған көк ала үйрек мифопоэтикалық болмысымен ерекшеленіп, ерекше тұрпатты көркем бейне болып қалыптасты. Осы желіден поэтикалық ой өрбіткен Несіпбек Айтұлының «Көк ала үйрек» атты поэмасында өлең, рух, ұлттық рухани әлем кеңінен жырланады. Поэманың:

Астана, Алматыға алаңдамай,
Ат басын бұрдым, Семей, саған қарай.
Қайдасың Көк ала үйрек – сөз киесі,
Өзіңді бұл жалғаннан табам қалай? [90, 364]

деген жолдармен басталатын кіріспесінде сөз киесі деп таныған Көк ала үйректі шарқ ұрып іздеген лирикалық кейіпкер халі көрсетілген (поэмада Көк ала үйрек бас әріппен берілгендіктен, біз де солай алып отырмыз). Мифтік танымда көк – нұрдың бір тұлғасы, символдық сипаты жағынан нұрдың бейнеленуі десек, ақын көк ала үйректің «сәулесі» (нұрдың синонимі, немесе сол нұрды сипаттайтын тезаурус) ақындардың зердесінде екендігін көркем тілде өрнектейді. Және бұл киелі құсты «бұлбұлдай сайратады». «Сағым болып сусылдап ұшу», «аққудай бауыр төсеп жүзу» бейнелеулері көк ала үйректің поэтикалық ерекше болмысын көз алдымызға әкеледі. Бұлбұлдай әнші, аққудай көркем құстың сипатын көк ала үйрекке тели отырып, ақын өлеңнің күрделі поэтикалық бейнесін түзеді. Жоғарыда айтылып кеткен су әлемімен байланыс өлеңнен көк ала үйректі аққудай жүздіретін айдын шалқар көл жасау бейнелеуінен көрінеді. Мифтік танымнан бастау алып, көркемдік санада орныққан су құстарын рухани болмыспен тығыз байланыстыру дәстүрі Несіпбек Айтұлының сюжетсіз лирикалық-психологиялық поэмасының бір тініне айналған. Рухани болмыстың аспандық және жерлік сипаты осылай нақтылана түседі.

Поэманың бірінші бөлімі ақынның көк ала үйректен, дәлірек айтсақ, өлең рухымен сырласуы тәріздес.

Аспанға шығып кетсең, түсші бері,
Жанымның жарқылдасын күш-жігері.

Деуші еді алмағайып тылсым сырын
Адамнан бұрын, сірә, құс біледі [91, 365].

Құстың ғарышпен тылсым байланысы мифтік таныммен осылайша берілсе, бұдан әрі көк ала үйрек туралы поэтикалық толғанис:

Сен бірақ құс емессің шындығында,
Түйінсің шешілмейтін бұл ғұмырда...

...Мүмкін, сен дәл қасымда күрсінесің,
Үкілі домбыраның кейпіне еніп
түрінде өрбіп, жұмбақ сыры, киелі болмысы
күрделене түседі. Өлеңді кие тұтқан халықтық таным
осылай бір бой көрсетіп өтеді де, ары қарай ақын:

...Бар еді менің де бір бозторғайым,
Кезіксең қанаттыға қақтырмашы –

деп, көк ала үйрекке арзу айтады. Өлеңнің концептуалдық бейнесінің аясына ақын «бозторғай» тезаурусын енгізгенін айта кеткен жөн.

«Көк ала үйрек» поэмасында Кемпірбайдың қоштасу өлеңіндегі бір деталь тұтастай тақырыпқа, рухани болмыс тұлғасына айналып, мифопоэтикалық тәсілмен барынша күрделенген. Лирикалық қаһарман «Ат басын бұрдым, Семей, саған қарай» деген жолдан бастап-ақ мифтік кеңістікке қарай қадам басқан. Сол кеңістікте Кемпірбай аруағымен, Көкала үйрекпен жолығып, олардың мұңдарына өз мұңын қосқан. Ұлттың қасіреті мен қайғысын толғап, иесі мен киесіне сұрау салған.

Сонымен, қазақ поэзиясындағы өлең концептісінің аясы барынша кең екендігіне, оның мифопоэтикалық өрісі құстар әлемімен тұтастырылғанына дәлелдер көп. Бір ғана

Көкала үйрек тезаурусы өлеңнің концептуалдық, мифопоэтикалық бейнесін таныта алатын этноархаикалық, мистикалық сипатқа ие, ұлттық рухани-мәдени таным тереңдігін көрсететін поэтикалық тұлға.

Қазақ поэзиясындағы дәстүрлі тақырыптардың бірі – туған жер, оның бауырында өткен балалық, ата-бабадан мұра болған мекеннің тағдыр-талайы екені белгілі. «Алаң да алаң, алаң жұрт» деп Қазтуған жырау толғаған қазақ даласы әр дәуірдегі поэзиялық туындыларда түрлі қалыпта тілге тиек болды. Туған жерді, ауылды жырлауда ақындар мифтік таным-түсініктерге жүгіне отырып, «ауыл» деген ұғымның өзін ғажайып та киелі сипатпен бейнелейді. Профессор Т.Жұртбай: «Көшпелі халықтың нысаналық атауына сүйенсек, Жер деген сөздің мағынасының өзі ұлы ұғымдық астардан шыққан. Жер. Біздің жердің жемісін жеп, ырыздығымызды айырамыз. Есесіне ол біздің тәнімізді қойнына жасырады, денемізді азық етеді. Көне түркі пайымдауынша: «Түбінде бәрімізді осы топырақ-жер қорек қылар. Тек жанымыз ғана Көк Тәңіріге ұшып кетпек» деген қисынмен Жер атанған» [92, 4], – деп жазса, ғалым А.Шәріп: «Ұлттық идеяны халықтың қонысқа көзқарасына қатыссыз елестету мүмкін» еместігін ескере отырып, «Жер – кез келген этностың, тәуелсіз, тауықты тұрмыс-тіршілігінің кепілі ғана емес, оның тамырын тереңнен тартқан таным-түсінігіндегі ең қадірлі, қастерлі ұғымдардың ұйтқысы... Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымындағы атамекенді ардақтау, аялау сезімі көне түркілік кезеңде көшпенділердің мифтік-поэтикалық ойлау жүйесіне орайлас, Жер-Анаға (Ергене қон, Өтүкен) табыну тұрғысында қалыптасқан «қоныс – құт – құдірет» формуласына тәуелді», – деп тұжырым жасайды [93, 85]. Осы тұжырымға назар аудара отырып, ұлттық поэзиямызда Алтай мен Атырау, Арқа мен Алатау, Еділ

мен Ертістің қасиетті ұғымға айналған мифопоэтикалық нысандар екенін айта кеткен жөн. Ұлы даланың кіші нүктесі, бір бөлшегі болған ауыл да осындай қалпымен бейнеленді.

Қазақ даласының, алаш жұртының поэтикалық бейнесі үздік жасалған туындылардың бірі – ақын Қадыр Мырзалиевтің «Атамекен» өлеңі. Өлеңнің басты көркемдік сипаты – мифопоэтикалық тәсілдің жаңа суреттеуге негіз болып, ақынның туған елге деген шексіз сүйіспеншілігін барынша жеткізе білуінде жатыр. Қазақтың жасыл жайлауы «түкті көк кілем» айқындауларымен айқындалып, «қазақ» атты ұлттың өзі ұлы бір бейнеге айналған.

Ақын өлеңнің үш шумағында да «жасыл жайлау – түкті кілем, көк кілем» суреттеуін қайталай отырып, күллі табиғаттың әсем қалпын осы туған жермен тұтастырады. Жайлау – қазақ үшін өмірдің жазын өткізер шұрайлы да жайдары, жайсаң қонысы. Атамекенді осы «жайлау» бейнесімен бере отырып, сол қонысты мекендеген халықтың бейнесін де табиғаттың бірегей нысан-құбылыстарымен бейнелейді.

Туған жер тақырыбындағы өлеңдердің осылайша мифопоэтикалық суреттеулермен ұштаса жырлануына ақын Есенғали Раушанов поэзиясынан көп мысалдар табамыз.

Атамекеннің атадан балаға мирас болған байлығы мен ескерткіштері туралы толғау түріндегі ақынның бір өлеңі «Маңғыстау ескерткіштері» деп аталады. Сүгірдің жыр-күйінің әуенімен жазылған бұл жыр (осылай атағанымыз дұрыс болар) пішіндік, мазмұндық, ырғақтық жағынан жыраулар поэзиясымен толық үндесетін, солардағы көркемдік дәстүрді жаңғыртқан туынды. Көркемдік дәстүрді жаңғырта отырып, ақын жаңаша бейнелеулерге орын беріп, поэтикалық тұжырымдар жасайды.

Туған жер, ел тарихы, оның қасіретті кезеңдері ақын Серік Ақсұңқарұлының поэзиясынан да маңызды орын алған. Туған жер тақырыбындағы жырларында бұл ақын да асқақ пафоспен қиял әлемінен қарай қадам басады.

Серік Ақсұңқарұлының жырларында ұрпақтар сабақтастығын, уақыт байланысын арқау еткен поэтикалық идея туған дала және оның жыршысының бейнесі арқылы өрнектеледі. Қарқаралының «қасиетті топырағына еміреніп, Қасым – Музасына» тебірендім. Мен оның тауының әрбір тасына, орманының әрбір бұтағына ғашық едім», – депті ақын өзінің бір жыр жинағына қара сөзбен жазған кіріспесінде. 1997 жылдың тамызында Қарқаралы ормандарының өртенгенін ел біледі. Осы өрт «Өрт менің өзегімді өртеп, жүрегімді қап-қара ғып тастады», – дейді ақын. Ақынның өртенген жүрегі Қарқаралыға арналған өлеңдерінің өн бойынан лүпілдей көрінеді. Қарқаралыдағы өртті ғана емес, қазақ жанындағы дертті де күңірене жырға қосады:

Дегелеңді дерт алды,
Қарқаралыны өрт алды.
Шыңырауда көзі біткен бұлақ – тұл,
Өзегіне өрт кеп түскен құрақ – тұл.
Алматыда
Көшесінде Саинның
Ұлттық ұят бетін басып,
Жылап тұр. [94, 43]

Қара орман ұлт рухы мен киесінің символдық бейнесіне айналып, өрт те астарлы поэтикалық мән иеленген. Ақынның көркемдік ізденісі дәстүрлі пішінді жаңғырта отырып, жаңаша ой айтумен дараланған.

Қазақ тарихында ерекше таңбалау тәуелсіздік жолындағы бұлқыныстың бірі әрі бірегейі – кешегі

Кеңестік империяға наразылық білдірген Желтоқсан көтерілісі болатын. Кезінде билік тарапынан «бұзақы жастардың тәртіпсіздігі» деп бағаланған бұл айтулы оқиға қазақ поэзиясында үлкен қасіретпен, терең мұңмен астасып жырланды. Себебі бұл көтеріліс – рух азаттығын аңсаған халықтың қайғысы мен қасіреті, жүрек бұлқынысы.

«Қазақ әдебиетінде үлкен орны бар айтулы ақындардың сөз өрнегі, өлең өрімі, көркем тілі заман ахуалын, заман адамын бейнелеу арқылы айқын көрінді», – дейді зар заман поэзиясын зерттеуші ғалым Б.Омарұлы [95, 328]. Осы пікірді кешегі азаттыққа ұмтылған ұлттың ашу-ызасын танытқан желтоқсан оқиғасын жырлаған ақындарға қатысты да айтуға болады.

«Халықтың жаны қанша сірі десек те, қиналған кезде ол жаратқаннан медет тілейді, ірі тұлғалардың рухына (тіпті бір ауыз сөзіне) сүйенеді, сыйынады. Бұл – табиғи тілек, сезім мен сананың тілегі, Рухты жаулауға бағытталған отаршылдық дәуірінде оған қарсы күш ретінде осы тілек айқын көрінеді. Сан мың адамның табиғи тілегінің ұшқыны ақын өлеңіне түседі» [83, 350], – деп жазады Алаш қайраткерлерінің мұрасын зерттеуші профессор Д.Қамзабекұлы.

Ақын Ұлықбек Есдәулеттің «Алматы. Желтоқсан» өлеңінде халықтың ішкі үні, тілегі мен арманы былайша бейнеленеді:

«Адамзаттың аяқ-қолы бұғаудан
Босайтұғын күн қайда?» деп сұраудан
Мен жалықпан, айыққанша бар әлем
Итжанды бір «үрей» деген тұмаудан [96, 143].

«Теңдік», «Азаттық» деген ұранды бетперде еткен қоғамның адамзат баласын үреймен үркітіп, бодандықта

ұстағаны өлең тілінде үйлесімді өрнек табады. Қоғамдағы қым-қиғаш қайшылық, тірліктің бітіп болмас характері ішкі дүниедегі бұлқынысты тұншықтырғандай болады. Ұзақ жылдай мызғымай келген, азаттық аңсаған арман-тілекке бұғау салған кеңестік биліктің үрейленуін ақын:

Жер тарылды, кеңімеді аспан да,
Тіл бітпеді соқыр, мылқау тастарға,
Тәңір өзі кірер тесік таппады
Үмбетінің қаһарынан қашқанда [96, 144], –

деп суреттейді. Ақындық бейнелеудегі «тәңір» – кеңестік билік те, оның «үмбеті» – рухани езгідегі ұлттар. Сырттай қарағанда мінсіз өмір сүріп жатқан алып империяның саясаты сананы улап, жан-жүректі «соқыр-мылқау» халге түсіргендігі ақиқат. Ақын осы жайтты тұспалап, ишаралап айтады. Трансформацияға түскен бұл бейнелеулер, әрине, сырты мінсіз, астары сұмдық саясаттың нағыз тұрпатын беру мақсатында жұмсалып тұр. Рух кеңістігі болып танылатын көк аспанды тіреп тұратын «арманның да қол-аяғы байланған». Ұлттық ділдің бұғаудағы халі «үнсіз-түнсіз шыңғыратын» күйде екені де ақын түйсігі мен сезінуінен тыс қалмаған.

Желтоқсан оқиғасына қатысты жалпы қауымға кеңінен тараған Есенғали Раушановтың «Қара бауыр қасқалдақ» өлеңі. Ел аузында ән болып айтылып, күллі қазақ жеріне кең жайылған өлеңнің мән-мазмұнын арттырып тұрған – халықтың арманы мен тілегі, мұңы мен қайғысының шебер де шешен тілмен, терең сыршылдықпен өрнектелуі. Ұлттың қасиеті мен киесінің, азаттығы мен қайғысының поэтикалық бейнесі ретінде алынған қара бауыр қасқалдаққа қарата айтылған тілек, өтініш сөз – халық арзуы десе де болғандай.

Желтоқсан оқиғасының ащы шындығы Есенғали Раушановтың басқа да өлеңдеріне арқау болған. Сол өлеңдердің бірі «Біздің жастық...» деп аталады.

Желтоқсан деген бір ай бар,
Шабынтып мінген үлекті.
Шыңылтыр күнде шырай бар,
Жылытар ма екен жүректі? [91, 315].

Мінез көрсете келген желтоқсан айы «үлекті шабынтып мінген» қалыппен бейнеленген. Алаңға шыққан қазақ жастарының ашу-ызасы, азаттыққа ұмтылған тілектері желтоқсан айына телінген. Табиғаттың адамға тән әрекет пен көңіл-күйді өз бойына сіңіруі қалыптасқан дәстүрлі бейнелеу десек те, ақынның ұлттық рух бұлқынысын шабынған үлекпен ауыстырып, оны желтоқсан айына «мінгізуі» тың сурет.

Желтоқсан оқиғасы уақытында теріс бағаланып, азаттық аңсаған қазақ жастары жазықсыз соққы жеп, жазаланып жатқан тұста биліктің бұл қанқұйлы ісі, ащы шындық белсенді жанр – поэзияда әр түрлі жолдармен жырланды. 1980-жылдарда поэзия әлеміне келген ақын Светқали Нұржанов бұл айтулы тарихи оқиғаны жырлауда өзіндік тәсіл тапқан. Ақындық дәстүрді жалғастыра, қоғамдағы іс-әрекетті табиғат құбылыстарына тели жырлай отырып, замана шындығын терең таныта алғанына «Желтоқсандағы жырлар» жыр шоғырына енген «Оқиға», «Тағы да бір оқиға», «Жантәсілім», «Ағаштар жыры», «Жат жерліктер жайлы жыр», «Жанарлардан тамған ән», «Аманат» өлеңдерін мысал етеміз.

Светқали Нұржановтың «Оқиға» өлеңін назарға алғанда теоретик ғалым, академик З.Ахметовтың «Қазақ ақындары поэзияда табиғатты тірі, жанды нәрсе секілді етіп көрсетіп, кейіптеп суреттеудің жаңа, бұрын

кездеспеген амал-тәсілдерін орнықтырды» [77, 114] деген пікірі еске оралады. Ақын шығармашылығына жеке өмірбаяндық деректердің сөзсіз әсері болатыны белгілі қағида. Желтоқсандағы оқиға көзімен көріп, белортасында болған Светқали ақынның түйсінуі мен қабылдауында бар шындығымен көрінген. Көрінгенде құрғақ баяндау, әңгімелеу түрінде емес, табиғаттағы құбылыс болып бейнелене жеткізілген.

Қыз-қайыңды көшеде шаштан алып,
Сабап жатты содыр жел масқара ғып.
Нән теректер бастарын сауғалады,
Көп қабатты үйлерді баспана ғып... [83, 48].

Жастардың билікке деген наразылығы, көтеріліске сол кездегі қоғамның, жекелеген топтардың көзқарасы түгелімен табиғат өскіні – ағаштар әрекеті арқылы беріледі. Адамдар мен қоғам суреті дерлік ағаштар әлемі мен желге көшіріледі. Наразылық білдірген қайың желдің соққысына ұшыраса, желдің бұл әрекетін емен, шіліктер қостайды, шыршалар бейтараптық танытады, қарағаш қайғыға батады.

Азаттыққа ұмтылған халықтың қасіреті жалғыз желтоқсан оқиғасы емес. Ақын Есенғали Раушанов ұлт тарихындағы тағы бір қасіретті «1932 жыл. Қазақстан» өлеңінде бейнелейді. XX ғасырдың бұл жылы эпәрбақан саясаттың салдарынан ашаршылыққа тап болып, жаппай қырғынға ұшыраған қайғысымен «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғасынан кейінгі үлкен зұлмат болып ел есінде қалды. Ақын сол жылдардың қасіретін жырлауда тың да әсерлі суреттеу тәсіліне жүгінген. Табиғат көрінісі, еске түсер өткен күннің әңгімесі халық қасіретін жеткізуде терең көркемдік мәнге ие болған.

Өлең шөп барқын қара мақпал сынды,
Мақпалды сусыма құм жапқан сынды, –
Құм басып өлген қыздың қолаң шашы
Бұрқырап сыртқа шығып жатқан сынды,
Өлең шөп, өлең шөп – Қазақстан [91, 318].

Замана зұлматына тап болған қазақ даласының қайғылы келбеті дөңге көшіріліп, уақыт өткіншілігі сусыма құммен көрсетілген. Бірақ уақыт өткенді санадан өшіре алмақ емес. «Құм басып өлген қыздың шашының бұрқырап сыртқа шығып жатуы» – осының бейнелі көрінісі. «Барқын қара мақпал сынды» өлең шөп – қасірет шеккен Қазақстанның метафорасы.

Қорыта айтқанда, ұлт тағдыры мен тарихы поэзиядан астарлы ой, бейнелі тіркестер мен терең мәнді толғаныстар арқылы көрініп, ұлттық дүниетанымның бастауы түркілік сарынды поэтикада түрленге жаңғыртты.

Түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халықының тарихын, ежелгі мәдениеті мен өнер шежіресін, әсіресе поэзиясын сөз еткенде түркілік сарынға соқпай өтуге болмайды. Өйткені, өткен тарих тағдырымыз, әрі ежелгі ұлттық жәдігеріміздің алтын бастауы осы түркілік мұралардан нәр алады. Адамзат мәдениеті өркендей бастаған тұстағы әдебиет түрлері халық мұрасында, жазба деректерде сақталғаны хақ. Олардың көпшілігі «Арбау», «Аластау», «Тұмар», «Дұға», «Арнау», «Көкбөрі», т.б. сүйек сауыттарға, хайуанат терілеріне, керегетастарға көне сақтар, үйсіндер, ғұндар жазуымен жазылып, кейбір толық нұсқалары көршілес халықтар жазуы арқылы бізге жетті. Мифтер мен аңыздар тіпті жазу таңбаларымыздан бұрынғы заманның туындысы. Мәселен, рухани санаға айналған көкбөрі адамзат наным-сенімдерінің, тарих пен әдебиеттің мәйегін алтын жіп тәрізді ұшығы тарихи ұлт мәдениетінің өзегіне

неше он мың жыл бойына үзілмей сабақталуының өзі бір керемет құдыретті күшке ие екендігін ұғындырады. Мұны қазақтың: «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірі бар», - деген сөзінен де көруге болады. Осы мақалда бөрінің тәңірге байланысты екені ашық айтылады. «Исатайдың барында екі тарлан бөрі едім» дегендегі бөрі – әдеби образ да, ал көк тәңіріне байланысты рухани дүниедегі көкбөрі өзін бөріден реалдық дүниеден барған сайын бөлектеп, келе-келе Пері деген атауға (Көкбөрі) ауысып кеткені белгілі.

Адалдық, әділеттілік, шындық, жеңіпаз батырлық, асқақ өр мінезділік, сұлу кербезділік, бір ауыздылық, адамгершілік, кіршіксіз пәктіктің қайнар көзі көк сәулелі нұрдан бастау алады. Бабаларымыздың түсінігі бойынша, оның нышаны – көкбөрі. Қазақты ұйытқы еткен түркі халықтарында жаңа туылған нәрестенің сол жақ жамбасында көк тәңірінің нұрына тамған көк мөрдің табы бар. Жаңа туылған нәрестенің ит жейдесі жаға салынбай көк шүберектен тігіледі. Нәресте қызып ауырғанда көк шүберекке орап ыстығын қайтарады. Жолаушы мен ұлықтан алдына бұйымтаймен барған кісі де жаңағы ит жейдені қойындарына салып ала жүрсе, жолы болады дейді. Қазақ егер тума нәрестесі ұл болса, оны қасқыр немесе бөрі дейді. Бүгінде қуыс үйге кірген нәрестені құры шығармай сыйлық беріп марапаттайды. Себебі, баланың бойындағы қасиет арқылы көк тәңірін сыйлағаны, шамынан сақтағаны, қаһарынан қорыққаны, текті нұрдан жаралған ғұн тәңір қуатының перизаттары қаңлы атты және бір бауырын басқа бас қосылсын деп көк тәңірден тілеп алған. Балаларын «күнім» деп аймалайтын қазақ «сені мен туып едім» деп бейберекет айтпайды. «Тәңірберді», «Құдайберді» дейді. Міне осы бір ғана мысалдың өзі-ақ ұлттық танымдағы түркілік сарынның фольклордағы көрінісінің айқын айғағы десек, оның поэзиядағы бейнесі Абай, Шәкәрім, Мағжан, Қасым

Аменжолов, кейінгі толқын ақындар Несіпбек Айтұлы, Ұлықбек Есдәулет, т.б. поэзияларында лирикалық айшықты бедермен, образды және символдық мәнде суреттелген. Басқаша айтсақ, әрбір халықта өз әдет-ғұрпын, өмірлік тәжірбиесін, асыл сөз қазынасын, ғажайып өлең-жырларын өзінен кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдыратын игі дәстүр бар. Міне сол дәстүр бойынша кейінірек қазақ халқын құраған сан түрлі ру-тайпалардың ұлыстық дәуірдегі әдеби үлгілері, аңыздары, т.б. бүгінгі күнге дейін сақталып жетті. Бұл орайда қазақ әдебиеті тарихында фольклордың сан алуан жанрларын, сарқылмас сөз қайнарын жазба әдебиетте шығармашылықпен пайдаланудың үлгілерін тұңғыш рет асқан шеберлікпен көрсеткен Абай. Бұған ақынның бүкіл шығармашылық туындылары дәлел. Сонымен бірге ескерер келесі жәйт – түркі тектес халықтардың әдеби байланысы. Қазіргі түркі тектес халықтардың мәдени өмірі ежелден-ақ бір-бірімен өзара тығыз байланысты болды. Сондықтан түркі тектес халықтардың әдебиет тарихын да бүкіл тұтасымен алып, қоғамдық, саяси және мәдени өмірдің барлық құбылыстарын өзара байланысты түрде танып білу керек. Сонда ғана біз қазақ халқының төл әдебиетіне қатысы бар көне заманның көркем сөз туындыларын ғылыми тұрғыдан дұрыс бағалай аламыз.

Қазақ әдебиеті қазіргі Қазақстан жерін жайлаған тайпалар туғызған бай рухани қазынаның заңды мұрагері. Ол өзіне дейін ғасырлар бойы жасалған мол мұрадан нәр алды, ежелгі дәстүрлерді дамыту, тың тақырыптар игеру, соны соқпақ, сораптар қалыптастыру нәтижесінде кемелденді. Кең даладағы көшпенді тірлік, тұрмыстық-қоғамдық өзгешелік сөз өнерінің соны сыпатта қалыптасуына себеп болды. «Өнер алды – қызыл тіл», ал тіл шұрайы – өлең сөз деп танылды. Халықтың рухани өмірінде жетекші орынға шыққан поэзия әлденеше ғасыр

бойы қазақ әдебиетінің жәй ғана көшбасшысы емес, ең басты жанры қызметін атқарды. Ендеше, тарихи тәжірибені, халықтың сан ғасырлар бойы сақтап келген рухани қазынасын, яғни әдеби мұраларды танып білу қоғамымыздың әр азаматының рухани жағынан кемелдене түсуіне игі ықпал етері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің бастаулары. Көркемдік дәстүр жалғастығы. Зерттеу. –Алматы: Ана тілі, 1998. -256 б.
2. Ежелгі дәуір және орта ғасырлардағы әдебиет. -Алматы, Ана тілі, 1999, - 362 б.
3. Көрөғлы Х. Историческая поэтика. -Москва, 1997, - 406 стр.
4. Стеблева И.В. Поэзия тюрков V-УШ в.в. н.э., Автореферат дисс. На соискание ученой степени канд. Филологических наук. -Москва, 1965 г.
5. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі.- Алматы: Ғылым, 1983. -240б.
6. Аманжолов А. История и теория древнетюркского письма. -Алматы, 2003
7. Гумилев Л. Көне түріктер -Алматы, 2001, - 348 б.
8. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер.-Алматы; Фолмант, 2004, - 393 б.
9. Т.Еңсегенұлы. Көне түркі руна жазба поэзиясы. 2 кітап. 2008 ж, Алматы - «Білім», Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. - Алматы, Білім, 1993, - 280 б.
10. Көкалып З., Түрікшілдік негіздері.- Алматы, 2000, - 293 б.
11. Жүсіп Хас Баласағұи., Құтты білік. (көне түркі тілінен ауд. А. Егеубаев -А.,) «Өлке» 2006, - 138 б.
12. Мәшһүр-Жүсіпов Қ. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. –Павлодар: Павлодар университеті баспасы, 1999. – 384 б.
13. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. - М., 1997. - 289 с.
14. Меленинский Е.М. Поэтика мира. - М.: Наука, 1979. - 407 с.

15. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына кіріспе. - Алматы, 1995. – 410 б.
16. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. - Алматы: Мектеп, 1974, - 320 б.
17. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократтық жазулары. - Алматы: Қазмембасп., 1958. - 306 б.
18. Қашқари Махмуд. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат-ит-түрк») -Алматы: Ана тілі,1993. - 192 б.
19. Тұрымбетова Ж.А. Түрік ашықтарының (ақындарының) өлеңдері (XIV-XIXғ.ғ.). -Алматы: Үш қиян, 2004.-224 б.
20. Ай, заман-ай, заман-ай...(Бес ғасыр жырлайды). 2 томдық (Құрастырушылар М.Мағауин, М.Байділдаев). - Алматы: Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы - РББ, - 1991.-1- Т. - 384 б.
21. Қазақ әндерінің антологиясы; Екі томдық / Құрастырған Ж.Кәрменов. -Алматы: Өнер, 1990.-Т.1. - 336 б.
22. Ярбай Ерсөнмес. Іргені бекіту ісінің ірі-уағы жоқ// Түркі әлемі-Түрк Ойпуая. -2004. -желтоқсан. -№П (38).
23. Кобыров Т. Цветообозначение в структуре сравнения. – Алма-Ата: Мектеп, 1985 г.
24. Шаймерденов Е.Ш. Государственная символика Республики Казахстан. -Алматы: Жеті жарғы, 2000 г.
25. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Итом. 2 кнмга. М.-Л. 1952 г.
26. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. 16. -Алматы. Жазушы, 1985г.
27. Геродот. История: Скфия м похол Дария на скифов. Кн. 4. СПб. 1894 г.
28. Плиний (Старший). Естественная история // В кн. Древние авторы о Средней Азии. -Ташкент, 1940 г.

29. Руденко С.И. Культура населения Горного Алтая в скифское время. М.-Л. Изд-во АН СССР, 1953 г.
30. Сәтбаева Ш. Әдеби байланыстар. -Алматы, Білім, 1984, - 146 б.
31. Кереева-Калифева. Теренге тартқан тамырлар. - Алматы, 1979, - 313 б.
32. Мамраев Б. Әдеби ариалар. -Алматы, Санат, 1997, - 248 б.
33. Ежелгі әдебиетті зерттеу мәселелері.-Алматы, 2011, - 247 б.
34. Келімбетов Н.Ежелгі дәуір әдебиеті.-Алматы: Ана тілі, 1991.-264б.
35. Жұртбаев Т. Дулыға. -Алматы, 1994, - 368 б.
36. Жандарбеков Б. Саки. -Алма-Ата, 1983, - 397 стр.
- 37.Кляшторный С.Г. Древнеисторические рунические памятники, как источник по истории Средней Азии, - Москва, 1964, 543 стр.
38. Келімбетов Н. Үміт үзгім келмейді, -Алматы, Жазушы, 2007, - 349 б.
39. Батырлар жыры. Алтыншы том.- Алматы, Жазушы, 1990, -483б.
40. Жеті ғасыр жырлайды: Екі томдық.-Алматы: Жазушы, 2004.-528б.
41. Маргулан А. О носителях древней поэтической культура казахского народа.- Алматы, 1972, - 120 стр.
42. Мағауин М. Қобыз сарыны. -Алматы, 1984, - 248 б.
43. Келімбетов Н. Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ жыраулары.-Алматы, 2002, - 343 б.
- 44.Өмірәлиев Қ. ХҮ-ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. –Алматы: Ғылым, 1976.-270 б.
45. Мағауин М. Ғасырлар бедері. –Алматы: «Жазушы», 1991, - 269 б.
46. Мелетинский Е.М. Происхождение героического эпоса. Ранние формы.

47. Толстов С.П. Древний Хорезм.
48. Қасқабасов С.А. XIII-XV ғғ. Қазақстанның рухани мәдениеті; Жетінші тарау. Рухани мәдениет // Қазақстан тарихы. Бес томдық. Т 2. – Алматы: Атамұра, 1997.
49. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.
50. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиет. – Алматы: Мектеп, 1986. – 350 б.
51. Современный философский словарь. – Бишкек: Одиссей, 1990. – 610 с.
52. Күлтегін, Тоныкөк; Ежелгі Түркі рун жазбалары. – Алматы: Өлке, 2001. – 144 б.
53. Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Астана: Елорда, 2004. – 280 б.
54. Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 310 б.
55. Жеті ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 2004. – 409 б.
56. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 290 б.
57. Өтемісұлы М. Өлеңдер мен күйлері // Шығармалар жинағы: 4 томдық. – Алматы: Ғылым, 2003. – 1 т. – 448 б.
58. Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: ҚСЭ, 1984. – 1 т. – 432 б.
59. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 317 б.
60. Жұмалиев Қ. Егеулі найза. – Алматы: Жазушы, 1979. – 209 б.
61. Тұржан О. Махамбет өлеңдерінің поэтикасы. – Алматы: Ақиқат, 2003. – № 9. – 134 б.
62. Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы: Білім, 2000. – 307 б.
63. Нұрпейісов К. Алаш һәм алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 278 б.

64. Тілешев Е. Суреткер және көркемдік әдіс. – Алматы: Арқа, 2005. – 278 б.
65. Жұмабаев М. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 3 т. – 312 б.
66. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: Жалын, 1997. – 262 б.
67. Мақатаев М. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жалын, 2002. – 3 т. – 280 б.
68. Қайырбеков Ғ. Мемлекетім менің // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 17 желтоқсан.
69. Қайырбеков Ә. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясы (1991-2001): проблемалар, ізденістер: Филол. ғыл. канд. дис. автореф... 10.01.02. – Алматы, 2004. – 47 б.
70. Шаңғытбаев Қ. Азаттық күнгі жыр // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 22 қазан.
71. Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. – Алматы: Ғылым, 1981. – 210 б.
72. Айтұлы Н. Рухымның падишасы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 147 б.
73. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1992. – 307 б.
74. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
75. Әбдікәкімов Т. Ырауан: өлеңдер, балладалар, толғау. – Алматы: Атамұра, 2000. – 230 б.
76. Мәукенұлы Н. Жоғалды күн, жоғалды ай, жоғалды жыл. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 364 б.
77. Шапай Т. Шын жүрек бір жүрек. – Алматы: Жазушы, 1999. – 280 б.
78. Салықбай Г. Аспандағы аңсарым. – Алматы: Жазушы, 2001. – 192 б.
79. Әскербекқызы Ж. Қаз қанатындағы ғұмыр.– Астана:Елорда, 2007.– 210 б.

80. Медетбек Т. Кірпігіне қан қатып тұр қоғамның // Жас казак. – 2008. – 28 наурыз.
81. Бабажанұлы Б. Уәде. – Алматы: Жазушы, 2005. – 230 б.
82. Алдияр Б. Өмір өзен. – Алматы: Жазушы, 2005. – 117 б.
83. Берікқажыұлы Д. Көңіл құпиясы. – Алматы: Жазушы, 2006. – 156 б.
84. Құмарұлы К. Кәрібоз. – Астана: Елорда, 2001. – 255 б.
85. Сүрмелі З. Туыстар // Шалқар. – 1992. – 28 тамыз.
86. Байбатырұлы И. Жыр ғұмыр. – Алматы: Ана тілі, 2003. – 182 б.
87. Қайырбеков Ғ. Атамекен // Жұлдыз. – 1993. – № 5. – 55 б.
88. Бұшатайұлы М. Жібек бұйда тағылған Ойсылқара // Жұлдыз. – 1993. – № 2. – 68 б.
89. Қазанғапұлы Б. Қазақтың кең даласы // Жұлдыз. – 1993. – № 2. – 74 б.
90. Жұмәділов Қ. Ақиқат жыры // Жұлдыз. – 1996. – № 10. – 68 б.
91. Әбдіразақ Б. Тырналар. – Алматы: Көркем, 2003. – 310 б.
92. Күрмеуова М. Жыр дастан. – Алматы: Жазушы, 2003. – 162 б.
93. Әшімбаев С. Ақиқатқа іңкәрлік. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 197 б.
94. Дәстүр және жаңашылдық: Монографиялық жинақ. – Алматы: Ғылым, 1980. – 215 б.
95. А.Темірбай. Автопортрет. Алматы: Қазығұрт, 2005. – 258 б.
96. Нұржан С. Таң қауызын жарғанда: 3 томдық. – Алматы: Үш қиян, 2002. – 1 т. – 352 б.
97. Дүйсенбай Е. Боздағым. Құр. – Алматы, Ана тілі, 1998, – 342 б.
98. Қашқари М. Лиуани лұғат ат-түрік. – Алматы, 2004, – 548 б.

99. Нұрқатов А. Жалғасқан дәстүр. – Алматы: Жазушы, 1980.-312б. Классикалық зерттеулер. 6 том, Алматы-2012. «Әдебиет әлемі», 129б.
100. Махамбет. Ереуіл атқа ер салмай. -Алматы, Жазушы, 1978, - 193 б.
101. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетіндегі нәзира дәстүрінің көріністері. -Алматы, Фолиат, 2003, - 348 б.
102. Дүйсенбаев Ы. Ақындар. -Алматы, Ғылым, 1968, - 193 б.
103. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. - Алматы: «Сөздік-словарь», 2005. – 272 б.
104. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы, 1998. - 304 б.
105. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002. -408 б.
106. Сыздықова Р. Абай поэзиясының тілі. -Алматы, Ана тілі, 1997, -483 б.
107. Бродский. Стиль и поэтика. -Москва, 2002, - 241 стр.
108. Елеуқенов Ш. Мағжан. – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.
109. ЯковлевЕ.Г. Эстетика. – М.: Гардарики, 2004. – 464 с.
62. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет // Көп томдық шығармалар жинағы. – т.5. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 178-320-б.
110. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
111. Еспенбетов А. Уақыт өрнегі. – Алматы: Инжу-маржан, 2005. – 515 б.
112. Хализев В.Е. Теория литературы. – М.: Высшая школа, 2000. – 398 с.
113. Жұмабаев М. Шығармалары. -Алматы, Жазушы, 1989, -462 б.
114. Екі мың жылдық дала жыры. Жинақ. -Алматы, Жазушы, 2006, -683б.

115. Әбдікәкімов Т. Рауан. -Алматы, Санат, 2002, -462б.
116. Есдәулетов Ұ. Түнгі саздар. -Алматы, Өнер, 1999, - 262б.
117. Афанасьев А. Н. Поэтическое воззрение славян на природу. В 3 т. – т. 2. – М., 1994. – 356 с.
118. Ауыл кеші көңілді. Әндер жинағы. -Алматы, Өнер, 1976, -343б.
119. Нұржан С. Хантәңірі. -Алматы, Раритет, 2005, -348б
120. Лотман Ю. Структура художественного текста. – М., 1970. – 521 с.
121. Селезнев Ю.И. Мысль чувствующая и живая. – М., 1982. – 210 с.
122. Теория литературы. В 2 томах.– т. 2. – М., 2004. – 368 с.
123. Фрейденберг О.М. Поэтика сюжета и жанра. – М., 1997. – 420 с.
124. Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім әлемі. – Алматы: Раритет, 2008. – 408 б.
125. Мақатаев М. Шығармалары. -Алматы, Санат, 2010, - 392б.
126. Жұртбай Т. Дулыға. Екі томдық. – т. 1. – Алматы: Жазушы, 2007. – 400 б.
127. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея.-Алматы, Білім, 2000. 336
128. Ақсұңқарұлы С. Ұлттық өрнек.- Алматы, Атамұра, 1997 -267 б.
129. Омарұлы Б. Зар заман әдебиеті (генезис, типология, поэтика). – Астана: Елорда, 2005. – 372 б.
130. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. -Астана: Фолиант, 2002. -474 б.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	6-7
I Түркілік руханият – қазақ поэзиясының бастау бұлағы.....	8-53
II Түркілік мұра және ұлт фольклоры поэтикасындағы өршіл рух.....	54-148
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	149-157